Оқу мен оқыту барысындағы мұғалімнің басты мақсаты – баланы білімге қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай тудызу, оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету жолдары қарастырылған.

Кілт сөздер: *мектеп, мұғалім, жаңаша білім беру, білімді ұрпақ, кіріктірілген оқу бағдарламасы, пәнаралық байланыс, сыни тұрғыдан ойлау, сабақтың құрылымдық элементтері, тәжірибе, бағалау, үш жақты (мұғалім, оқушы, ата-ана) түсіністік.*

«Бар ізгілік тек білімнен алынар, білімменен аспанға жол салынар», – деп Жүсіп Баласағұн жырлағандай, мемлекетті қалыптастырудың басты шарты – білім. Білім – өркениеттіліктің негізгі өлшемі. [2, 7-б.] Өлшем болатындығы – кез келген мемлекеттің рухани да, әлеуметтік-экономикалық та дәрежесі онда өмір сүретін халықтың білім деңгейіне байланысты бағаланады. Ал халықтың білім деңгейі сол халықтың ұстаздарының біліміне, мәдениетіне, тұрмысына байланысты екенін басты назарда ұстауымыз керек. Олай дейтін себебім – Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде мұғалім жайлы былай делінген: «Өз білімімен хал-қадірінше іс-әрекет жасап, жұртты оқу-білімге үнемдеп жүрген кісі Аспан асты елінің ұлы адамы болып есептеледі... Ілімнің қасиеті – адамдарды тура жолға бастау. Бір сағат білім іздеу, үйрену түні бойы намаз оқып шыққаннан да артық.

Білім алындар, адам денесінде бір жапырақ ет бар. Егер ол сау болса, бүкіл дене сау. Ол бір жапырақ еттің аты-жүрек». (Хадистен) [9, 495-496-б]

Білімнің жүрегі – мектеп, мектептің жүрегі – мұғалім, ал мұғалімнің жүрегі – оқушы екенін әрдайым есте сақтауымыз керек.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шындалады. Ертең осы елге ие болып, тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан, қазақ мектептерінің бүгінгі жайы, даму бағыттары, келешегінің көкжиектері

бүкіл қоғамның, мемлекеттің назарында. Бүгінгі ұрпақ – жаңа ғасырда, жаңа нарықтық кезеңде өмір сүріп, ұлттың, елдің, жердің болашағы үшін үлкен жауапкершілік міндетін арқалап отырған ұрпақ. Олардың болашақта саналы, жан-жақты білімді, парасат иесі болып өсуінің негізгі тамыры ұстазда жатыр. Оны жүзеге асыру – қиын да күрделі іс. «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз» деген Елбасы сөзі жай айтыла салған жоқ, себебі ел болашағы – білімді ұрпақ. Білім мен ғылымның Қазақстанның дамуына, оның өркениетті елдер қатарына қосылуына оңтайлы әсер етуі үшін дүниежүзілік кеңістігіне ену, білім беруді одан әрі демократияландыру, оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, білімге, бүкіл оқу-әдістемелік жүйесіне жаңа талаптар қойылуда. Егер саналы, сауатты, адамгершілігі мол, мәдениетті шәкірт тәрбиелеп шығарсақ, онда біздің абыройымыз асқақтап, даңқымыз да беделіміз де артады. Себебі шәкірттің артында ата-ана, мемлекет тұр. Солардың берген бағасы – біздің еңбегімізге берілген ең жоғары құрмет, ең биік мәртебе деп түсінемін.

Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. [8, 7-б.] Сондықтан оқу мен оқыту барысындағы мұғалімнің басты мақсаты – баланы білімге қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу, оқу үдерісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс-әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу процесінде бірлесе әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы, яғни іс-әрекеті арқылы жүзеге асады, ал мұғалім – ұйымдастырушы, бағыт беруші, тәрбиеші, білім нәрін себуші. Мұғалім білімді оқушы санасына сабақтар арқылы береді, оның білімін сол өткен сабақтары арқылы бағалайды. Жас буынның жақсы мінезі, жүйелі білімі оның бойында біртіндеп қалыптасады, себебі оқу оларды саналы әрекетке, еңбекке, адамгершілікке баулиды. Мектеп оқушыларының санасына ұлттық мәдениетті қалыптастыру, оларға сапалы білімді меңгерту – ұлтымыздың дүниетанымдық бай тәжірибесін жалғастыру, санасына сіңіру, зердесіне жеткізу. «Баланды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақылмен халқымыз бұл құндылықтың жетістігін тұжырымдап берген.

Соңғы жылдары ашылып жатқан Назарбаев Зияткерлік мектептерінің ұлттық білім беру үлгісінің басты бағыты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психологиялық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Сондықтан бұл мектептердің мұғалімдері – жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан

дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, білікті маман, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген қиын жағдайдан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын тұлға болуы тиіс.

Ұлы ұстаз-реформатор Ахмет Байтұрсынов ағамыз кезінде: «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді» деп көрегендікпен айтса, [3, 423-б.] ал Қ.Жұбанов: «Егер мұғалім өз пәнін жетік білсе, онда ол оқытудың әдісін табады... Ең бастысы – мұғалімнің дайындығында» деген екен. [5, 368-б.] Сондықтан әрбір мұғалім өз әрекетіне сыни тұрғыдан қарап, жаңару жұмыстарын жатырқамай қарсы алып, әлемнің озық тәжірибелерін, зерттеулерін өзінің іс тәжірибесіне енгізуі керек, оқу мен тәрбиенің біртұтастығын сақтай отырып, оқытудың жаңа модульдерін енгізу арқылы әр оқушының ойынан шығып, қажеттіліктерін қанағаттандыруға дайын, оның рухани өсуіне жағдай туғыза алатын, жаңалықтарды қабылдауға даяр, өз әрекетіне өзгеріс енгізе алатын болуы қажет.

«Әркімнің ана тілі – білімнің кілті», – деп Қ.Жұбанов айтқандай, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде Қазақ тілін оқытудың мақсаты – мемлекетті қадірлейтін, қоғамның мәнін түсінетін, тіл нормаларын сақтап, қолдана білетін дара тұлғаның тілдік қабілетін, еркін сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету арқылы дамыту. Қазақ тілін меңгеру әлемдік деңгейде жаңа өзгерістерге бейім, жаңашыл, ұлттық құндылықтарды түсінетін жеке тұлға қалыптастыруға ықпал етеді. Қазіргі таңда біз екі бағдарлама бойынша білім берудеміз: эксперименталды және кіріктірілген оқу бағдарламалары. Алғашқысы модульдік тақырыптар мен арнайы оқытылатын функционалдық грамматика материалдары жүйелерінен тұрса, ал кіріктірілген оқу бағдарламасы тілдік дағдыларды қалыптастыру мен оны дамытуды басшылыққа алады. Кіріктірілген бағдарламада лексикалық тақырыптардың барлығы пәнаралық байланысты қамтиды. Сондықтан біз қазақ тілі мен әдебиетін ғана емес, география, тарих, биология, өнер, т.б. пәндерінен де мол хабардар болуымыз қажет.

Оқушылар күнделікті сабақтан белгілі бір дәрежеде білім жинақтайды, оны өз тұжырымына салып қорытады, қабылдайды. «Нені үйрендім, қалай ұғандым?» деп есеп беру арқылы өзінің алған білімін ой елегінен өткізеді. [7, 8-б.] Сол үшін оқушы білімін жүйеге келтірерде оның сезімін, түйсігін, қабылдауын, ынтасын, зейінін, есте ұстауын, ой-қиялын, дағдысын, жауапкершілігін, өз бетінше ізденісін дамыта білуді басшылыққа алу керек. Сол себепті оқыту барысында сындарлы білім беру жүйесі негізінде мына мақсаттарды алдына қояды:

- а) оқы, түсін;
- ә) түсіндір, болжай біл;

- б) қолдан, талда;
- в) салыстыр, жинақта;
- г) сөйле, өз ойыңды еркін жеткізуге тырыс;
- ғ) бағала, өзінді бағала.

Кіріктірілген оқу бағдарламасына сәйкес мақсаттарды іс жүзіне асыруда мынадай жұмыстарды жүргізу керек:

- 1) білім арттырудағы жаңа әдіс-тәсілдерді көбірек пайдалану.
- 2) оқушылардың өздігінен білім алу жолдарын қарастыру, оқушының өз бетінше еңбек етуіне жағдай туғызу, ұйымдастыру.
- 3) оқушымен, ата-анамен тығыз қарым-қатынас жасаудың тиімді жақтарын пайдалану, олардың пікірлерімен санасуға тырысу.
- 4) оқушыларды бірін-бірі тыңдауға, сыйлауға, құрметтеуге, қиын кезеңдерде көмектесуге тәрбиелеу.
- 5) қиындықты көп болып, бірлесе шешуге үйрету.

Басқа пәндермен байланыстыра отырып, оқушыларда бар білімді пайдалану арқылы сабақты меңгерту қажет. Көбіне түрткі сұрақтарын қойып, оларға жауап алу арқылы оқушылардың сөйлеу, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру тиімді болып саналады.

Мысалы, «алма» деген сөзді алайық.

Қазақ тілінде – грамматикасы: зат есім, етістік; лексикасы: омоним,

Суреті: домалақ, сопақ, т.б., түрі: сары,қызыл,т.б.

Биология: жеміс, ағашы, т.б.

География: өсу мекені, топырағы, құнарлылығы.

Экономика: сату бағасы. /математика/

Медицина: дәрумен, ауруларға пайдасы. т.б.

Осыған орай мынадай дағдыларды басшылыққа алып оқытып жатқан жайымыз бар: *тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым.*

Сонымен бірге сабақтың құрылымдық элементтері тәлім-тәрбие берудің мақсатына, материалдың өтілу тәртібіне, өзіндік белгілерінің санына, әр баланың дайындық деңгейіне қарай ауысып отыруы тиіс. Күнделікті құрылатын қысқа мерзімді сабақ жоспарлары оқушыларға өмір бойы есте қалатындай жасалуы керек. Сабақты тиімді де құнды әдістермен өткізу және оны жүйелі де жоспарлы жүргізу оқыту мақсатының нәтижелі болуына мүмкіндік береді. Оқушылар топпен бірге мәтінде қолданылған сөздер туралы өз пікірлерін білдіре алады, сұрақтарға толық жауап беруге жаттығады. Сөздіктер қолдану арқылы сөздік қорларын молайта алады. Оқыған мәтіндерді түйіндей алады.

Осындай тапсырмаларды орындауда оның үш тілде қалай айтылатынын, кейде қалай жазылатынын да қамтып отырса, сонда ғана бала

тілді тең дәрежеде меңгере алады. Үш тілді меңгерудің бұдан да басқа тиімді жақтарын қарастыру күнделікті еңбектің жемісі болмақ.

Қазақ тілін оқыту барысында туған тіліміздің қыр-сырын, табиғатын, тарихын, салт-дәстүрін таныта отырып, келешекте өмірден өз орнын оңай таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – тіл мамандарының басты мәселесі. Сонымен мұғалім еңбегінің жемісті нәтиже беруі мына талаптарды әрдайым басшылыққа алғанда ғана орындалады:

- Оқушылардың алдына шамасы келетін қиындықтарды жеңу талабын қою.
- Өткен тақырыптар мен жаңа тақырыптардың арасындағы байланысты тереңдету.
- Әр пәнге деген қызығушылығын саналы түрде арттыру, күштемеу керек.
- Тақырыптарды қарапайымнан күрделіге қарай бағыттау арқылы материалды меңгерту.
- Сабақ барысында кездесетін қиын да түсініксіз жағдайларды балаларға түрткі, қайта бағыттау сұрақтары арқылы шештіру.
- Оқушылардың не білетінін, нені білгісі келетінін үнемі естен шығарып алмау керек.
- Мұғалімнің білімі жан-жақты, тиянақты болуы қажет. [7,12-б.]

Қазіргі таңда біздің алдымызда тұрған үлкен жауапкершілік – оқушыларға өздерінің білім деңгейлерінің қандай деңгейде екенін бағалай білуін үйрету. Бағалау дескрипторын құру – оқушылардың өзін бағалауына өте қолайлы жүйе. Сондықтан білімді бағалаудың әр қадамын дескрипторлар арқылы ашамыз. Дескриптор – оқушының жұмысты қаншалықты жақсы орындағанын бағалайтын тұжырым. Бағалау дескрипторын құру – оқушылардың өзін бағалауына өте қолайлы жүйе.

Дескриптор құрмас бұрын берілетін тапсырманы Блум таксономиясының деңгейлері бойынша әзірлеу қажет. Тапсырманы оқу мақсаты мен бағалау критерийлерін басшылыққа ала отырып құрастырған дұрыс. Өйткені бағалау критерийі де оқу мақсатымен тығыз байланысты. Сонда оқушылардың орындаған жұмыстары нәтижелі болады.

Оның мысалы ретінде тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалауды меңгертуде әуелі бағалау критерийлерін оқу мақсаттарына сай түсініп алып барып құрастырамыз. Содан кейін әр тапсырманы сатылап орындатамыз. Соған сәйкес дескрипторлар дайындалады.

10-сыныпқа арналған «Адам өмірін сақтау» бөлімі бойынша

«Адамның шексіз мүмкіндіктері. Компьютерлік ойындар» тақырыбына арналған сабақтың тапсырмаларының дескрипторын құрудың үлгісімен таныстырып өтейік.

Оқу мақсаты: Т/А5 Тыңдалым материалы бойынша жауап беру және бағалау

Бағалау критерийлері:

мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстырады;

өз пікірін білдіреді;

сыни баға береді.

Тыңдалым алды тапсырма

Екі топқа сурет қиындылары беріледі. Оқушылар өздері құрастырған суреттері бойынша тыңдалатын мәтіннің тақырыбына болжам жасайды.



Бағалау дескрипторы:

- Оқушылар өздері құрастырған суреттері бойынша тыңдалатын мәтіннің тақырыбына болжам жасайды.

Тыңдалым тапсырмасы

«Компьютерлік ойындар баланың ой-санасын улап жатыр» тақырыбында бейнематериал көрсетіледі.

Бағалау дескрипторлары:

✓ «Компьютерлік ойындар баланың ой-санасын улап жатыр» тақырыбындағы бейнематериалды көреді.

✓ Бейнематериалды түсінеді.

Тыңдалымнан кейінгі тапсырма

Осы бейнематериал негізінде оқушылар топтық жұмыс жасайды.

Топтық жұмыс.

• 1-топ: Балалар мен жасөспірімдерді компьютерлік ойындардан сақтау жолдары

• 2-топ: Ересек адамдарды компьютерлік ойындардан сақтау жолдары

Бағалау дескрипторлары:

✓ Мәтіндегі көтерілген мәселелерді анықтайды, сыни тұрғыдан талдау жасайды.

✓ Ғаламдық мәселелермен байланыстырып, баға береді.

✓ Өз пікірін дәлелдеу үшін қажетті сөздік қорды еркін қолданады.

Міне, осылай тапсырманы сатылап меңгертуде дескриптор құрудың маңызы зор екеніне көз жеткізуге болады. Тағы бір ескеретін жайт: дескрипторлар оқушыларға түсінікті тілмен берілуі тиіс.

Біздің мектептерде енгізіліп жатқан білім берудегі жаңалықтар ұстаздар қауымының жұмыстарын бір жүйеге келтіріп, үш жақты (мұғалім, оқушы, ата-ана) түсіністіктерді қалыптастыруда:

- мұғалімдер оқушыларды объективті, жан-жақты бағалауды қамтамасыз етеді;

- оқушылар оқудағы қиындықтарды түсінеді және өздері бағалауға қатысады;

- ата-аналар балаларының оқудағы табысына нақты дәлелдер арқылы көздері жетеді.

Оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну – оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Балалар өздерінің түсініктерін құра алатын белсенді оқушылар болатын болса, онда мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де осы түсініктің мәнін білу қажет, өйткені ол оқуда алға қадам басып, оған қолдау көрсету қажет. Оларға өздерінің қандай мақсатқа жеткісі келетіні маңызды болса, оған жетудің өлшемдерін түсіну де өте маңызды.

Қорыта келе, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде шәкірттеріміздің бойында ХХІ ғасырдың мынадай дағдыларын қалыптастыруымыз қажет: зерттеу, мәселені шешу, сыни ойлау, өздігінен білім алу, ынтымақтастық, ақпаратты өңдеу, креативтілік, практикалық дағдылар.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Еліміздің ертеңі – білімді ұрпақ», – деп айтқандай, алдымыздағы жас ұрпаққа сапалы, саналы да зиятты білім, ұлттық тәрбие беру – әрбір ұстаздың ең басты парызы. [1, 4-б.]

Ұстаз – мемлекеттің ең сенімді тірегі. Өйткені еліміздің болашағы бүгінгі біздің алдымызда отырған жас жеткіншектің қолында. Сол үшін біздер, алдымен өзіміз, жан-жақты білімді, иманжүзді, жүректі, жігерлі, ізденімпаз, жаңашыл болуға тиіспіз, заманның ағымына қарай бейімделуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2030» Стратегиясы, 2015, 20 қаңтар.
2. Баласағұн Жүсіп. Құтты Білік. – Алматы: Ғылым, 1986. – 616 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы.(Оқыту жайынан), Алматы, 1991. 423-бет
4. Кудайберген Жубанов. Исследования по казахскому языку. Вопросы казахского литературного языка.- Актюбинск,1993.- с.286-307.

5. Кудайберген Жубанов и казахское и советское языкознание.-Алма-Ата: Ғылым,1990.368-с.
6. Исаев С. Қазақ тілі жайында ойлар. А., 1997.11-бет
7. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 жыл, 6, 8, 12-беттер.
8. Аймауытұлы Ж. Тәрбиеге жетекші. Мәскеу, 1924,65 б.
9. Хадистер жинағы (риядус-салихин). - Алматы: «Көкжиек» баспасы, 2013. – 656 бет.

СМАГУЛОВА Р.А., КОПБОСЫНОВ Б.К. РЕАЛИЗАЦИЯ ИНТЕГРИРОВАННОЙ ПРОГРАММЫ И КРИТЕРИАЛЬНОГО ОЦЕНИВАНИЯ В ПРЕПОДАВАНИИ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН

В статье освещены эффективные методы и приемы, которые можно использовать на любом уроке в соответствии с требованиями современного образования, новые подходы к преподаванию казахского языка и литературы. Также в этой статье учителя делятся своим опытом, личными переживаниями и идеями. Педагоги пытались показать, что работа учителя постоянно совершенствуется и педагог находится в поиске инновационных методов обучения, не забывая при этом о жизненных ценностях и приоритетах в воспитании через образование.

Основная цель учителя в процессе обучения и воспитания – создание условий для повышения интереса обучающихся к знаниям, развитие их способностей, использование новой стратегии учебной деятельности, совершенствование познавательных навыков, организуемых во взаимодействии.

Ключевые слова: школа, учитель, новое образование, образованное поколение, интегрированная программа образования, межпредметная связь, критическое мышление, структурные элементы урока, опыт, оценивание, трехстороннее понимание (учитель, ученик, родитель).

SMAGULOVA R.A., KOPBOSYNOV B.K. IMPLEMENTATION OF AN INTEGRATED PROGRAM AND CRITERIA-BASED ASSESSMENT IN TEACHING LANGUAGE ARTS

New approaches to teaching Kazakh and literature, which can be used at any lesson according to the requirements of modern education, are covered in this article. The teachers share the long-term personal experience and their ideas in the article as well. The teachers tried to show that the work of the teacher is constantly improved and the teacher is always in search of innovation methods of teaching, and at the same time keeping main life values and priorities in education in mind.

The main goal of the teacher in the process of training and education is to create conditions for increasing the interest of students in knowledge, the development of their abilities, the use of a new strategy of educational activities, the improvement of cognitive skills organized in interaction.

Keywords: school, teacher, new education, educated generation, the future of the country, an integrated education program, continuity, interdisciplinary link, critical thinking, structural elements of a lesson, experience, evaluation, tripartite understanding (teacher, student, parent).

ӘОЖ 376,3:616-053.4-056.264=512.122

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДА КЕЗДЕСЕТІН ТІЛ КЕМІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫ

ТҰРМАХАНОВА С.Ә., БАЙТҰРСЫНОВА Н.У.

Тіл кемістіктерін түзету жұмыстары мектеп жасына дейінгі кезеңде жүргізілген жағдайда анағұрлым жемісті болатындығын ғалымдар теориялық тұрғыдан дәлелдеген.

Мақалада, осыған орай, мектеп жасына дейінгі балаларда кездесетін тіл кемістіктері және олармен жүргізілетін түзетушілік жаттығулар, түзету жұмысының барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдер ұсынылған.

Тиімді жүргізілген түзету жұмыстарының нәтижесінде бала уақтылы дұрыс сөйлеуге дағдыланады, жаңа түсініктерді меңгереді, оның сөздік қоры көбейіп, қоршаған ортамен танысуы, қарым-қатынасы тереңдей түсетіндігі мысалдар арқылы көрсетілген, сондай-ақ түзету жұмыстары ұсынылған.

***Кілт сөздер:** түзету, тіл кемістіктері, зерттеу, дамыту, балабақша, жаттығулар, сөйлеу, дыбыстар, ауытқушылық, бағытталған*

Сөйлеу тіліндегі кемістіктерді зерттеу және оларды түзету саласы ХІХ ғасырдың ортасында дами бастаған. А.Куссмауль, И.А.Сикорский атты ғалымдар бала жастағы сөйлеу тіліне назар аударып, нақты кемістіктерді олардың себептерін, клиникалық көріністерін зерттеген. Қазіргі логопедия сөйлеу тіліндегі түрлі ауытқушылықтарды ғылыми тұрғыдан зерттеу және оларды жою, азайту, түзету жолдарын әзірлеумен айналысады [1,285].

Біздің тіліміз ойлаумен тығыз байланысты. Баланың тілін дамытумен біз оның ойлау қабілетін де дамытамыз. Тіл ойдың құралы деп айтылады, өйткені, адам өз ойын сөз арқылы жеткізеді. Баланың дұрыс, таза сөйлеуінде, оның ойын дамытудың аса маңызды рөлі бар.

Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде ауытқушылықтары бар балалараға арналған мекемелердегі мамандар жалпы білім беретін міндеттерден басқа сезіммен байланысты (сенсорикалық), долылық (аффективная) қайсарлығындағы, ой өрісіндегі, сөйлеу тілі мүкістігіне байланысты кемшіліктерді түзетуге бағытталған бірқатар жұмыстарды орындайды [2,96].

Жалпы балабақша логопунктінде көп таралған тіл кемістіктерінің түрі дислалия, дизартрия, сөйлеу тілінің жалпы дамымауы болып табылады.

Осы тіл кемістіктеріне байланысты түзету жұмыстары мектепке дейінгі мекемелерде логопед маманы арқылы жүзеге асады [3,7].

Жеке және шағын топпен жүргізілетін түзету іс-әрекетін бастамас бұрын балаларды психологиялық дайындау керек. Түзету сабақтары жүйелі түрде, аптасына 2-3 рет өткізген жөн. 5-6 жастағы балалармен өтетін түзету сабақтары мынадай жоспар бойынша жүргізіледі: артикуляциялық гимнастика 5-7 минут, дыбысты қою -10 минут, сергіту сәті - 2-3минут, сөздік материалмен жұмыс істеу-7-15 минут. Түзету сабақтарының ұзақтығы 20-25 минутты құрайды. Жас ерекшелігіне байланысты, күнделікті жұмыста әр баланың жеке қабілетін ескере отырып, түзету және ойын түріндегі жаттығулар жүргізіледі.

Түзету жұмысының барысында қолданылатын әдістер мен тәсілдер баланың интеллектуалды дамуын қамтамасыз ету қажет [4,7].

Тіл кемістігіне байланысты тыныс алу және артикуляциялық жаттығулары, саусақ жаттығулары, дыбыстық жаттығулар, жаңылтпаштарды байланыстыра отырып, балалармен жеке және шағын топтық сабақтар өткіземіз [4,8].

Тыныс алу жаттығуларының мақсаты: тыныс алу көлемін және оның ырғағын қалыпқа келтіруге, балаға дұрыс тыныс алуға, қалыпты тыныс алу арқылы дыбыстарды дұрыс айтуға бағытталады.

Мысалы: балаларға футбол, қар жауды, жапырақтар түсуде, көбелектер, стакандағы дауыл жаттығуларын жасатқызамыз.

Артикуляциялық жаттығулардың мақсаты: дыбыстардың дұрыс айтылуын қалыптастыру, фонематикалық есту қабілетін жетілдіру, дыбыстарды буында, сөзде, сөйлемдерде ажырата білуге үйрету, есте сақтау қабілетін дамыту, қол мен саусақ бұлшық ет қимылдарының ұсақ моторикасын дамыту.

Жаттығулар қойылатын дыбысқа байланысты жүйеленеді және ерін, тіл қимылдарын, қалпын дағдыландыруға бағытталады. Балаларды қызықтыру үшін және жаттығуды ойларына сақтап қалу үшін әр жаттығу әртүрлі атпен аталады. Мысалы: күрекше, құрбақа, тарақ, түтікше, сағат, саңырауқұлақ, алтыбақан, тәтті тосап, тоқылдақ, ат шауып келеді жаттығулары баламен айна алдында жасалынады және әр қайсының өзінің ерекшеліктеріне сүйенеміз. Аталған жаттығулардан тек әр дыбысқа керекті жаттығулар алынады [5,4].

Саусақ жаттығуларының мақсаты: саусақты жаттықтыру арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілетін дамытып, ынтасын арттырады.

Әйгілі философ Канттың «Қол – бұл адамзат миының алға шығуы» деп айтып көрсеткеніндей, адамның бас миындағы тілдің моторлы орталықтары саусақтың моторлы орталықтарына жақын орналысқандықтан саусақ жаттығулары балаларға өте маңызды [6,158].

Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ жаттығуын балабақшада әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Сол үшін баламен әр түрлі саусақ жаттығуларын бірге орындаймыз. Мысалы: қайық, құстар қанат қағады, мысық, добым-добым домалақ және т.б.

Халқымыздың байырдан келе жатқан «Қуырмаш» ойыны саусақ атауларын бала тәрбиелеуге, оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға да өте пайдалы [5,31].

Қуыр, қуыр, қуырмаш,

Тауықтарғы тары шаш.

Балапанға бидай шаш,

Балаларға тәтті шаш. – дей келе, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашарда:

Сен түйеңе бар,

Сен жылқыға бар.

Сен сиырға бар,

Сен қойыңа бар.

Сен үйде отырып

Анаңа көмектес, – деп әр саусаққа тапсырма беріледі. Одан соң әр саусақтың басынан ұстап тұрып, «қарның ашса: мына жерде нан бар, мына жерде май бар» деп әртүрлі астың атын атай келіп, қолтыққа жеткенде «қуырмаш», «қуырмаш» деп қытықтайды.

Көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын бұл ойын балаға саусақтардың атын, адамға нәр берер түрлі астың атауын да үйретеді. Сондай-ақ төрт түлік малды таныстырып, оны бағып еңбектенгенде ғана тамақтануға болатынын ескертіп, еңбекпен тапқан тамақ тәтті болытынын уағыздайды.

Саусақ жаттығуларының нәтижесінде:

- Баланың тілі жетіледі;

- Қимыл -қозғалысы артады;

- Икемділігі артады;

-Қисынды ойлауы дамиды;

- Танымдық деңгейі артады.

Сонымен қатар балаларға дыбыстық жаттығуларды жасату керек. Мысалы: «қасқыр қалай ырылдайды», «сиыр қалай мөңірейді», «сағат тілі қалай тырсылдайды».

Сөйлеудің дыбыстық жағының қалыптасуы арнайы сөйлеу материалы (сөз, сөйлем, жаңылтпаштар, белгілі бір дыбыстар тобы бар өлең-тақпақтар) арқасында және де сөйлеудің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудің мақсатына

грамматикалық және лексикалық жаттығуларды енгізу арқылы жүзеге асырылады. Ал мақсаттарды осылай байланыстыру балаларды қызықтыруда үлкен нәтиже көрсетеді. Дыбыстық жаттығуларды жасарда баланың қай дыбысты дұрыс айта алмайтынын да ескерген жөн [7, 33].

Мысалы, «с» дыбысын дұрыс айтпа алмаса («са-са-са, ызындайды маса», («су-су-су, қандай дәмді сусын») «ж» дыбысына «жа-жа – менің атым Қожа» «жу-жу – қане ыдыс жуу» «же-же – аулада жүр шөже» «з» дыбыстары артикуляциясын сөйлемдерді қайталағанда: «зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «за-за-за – үйдің іші тап-таза», «зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу» және де осы сияқты дыбыстық жаттығулар балаларға ритм сезімін дамыта отырып, дыбыстарды дұрыс айтуға деген қызығушылығын туғызады.

Логопедияның басты құралы – бұл жаңылтпаш арқылы балаларды жаттықтыру. Белгілі бір үлгі тұтарлық адамның шығарған жаңылтпашы мағыналы болғандықтан, халықтың ой елегінен өткізіліп, еш өзгеріссіз ұмытылмай сақталып, ауыздан-ауызға таралып, жатталып отырған. Бұл-бала тілінің кемістігін түзеп, дамыту мақсатында қазақтың ойлап тапқан тиімді әдістерінің бірі саналады. Қазақта мақал-мәтел, нақыл, өнеге сөздер секілді орын толтырарлық құрал іспетті, жаңылтпаш жаңылдырту үшін құрылмаған, керісінше, мағынасын терең ұғынып, жаттанды түрде жылдам әрі тез қайталау ой - өрісін дамытып, тіл кемісін қалыпқа келтіреді.

Балабақшадағы балаларға күнделікті тіл кемісіне байланысты өткізіліп жатқан ұйымдастырылған іс-әрекетіне байланысты қарапайым түрінен бастап, бірте - бірте қиын әртүрлі жаңылтпаштар ұсынылады [7, 45].

Жаңылтпаштар

Шеше, неше кесе сынды кеше.

Үміт түбіт түтті,

Түбітті түтіп бітті.

Пай - пай - пай,

жайылып жүр тай,

ай - ай - ай ұшып кетті торғай.

Жағажай, жағажай

Жағажайда қамажай

Жағажайды жағалай

Жүгіреді – Қамажай.

Зауза ұшады зыңылдап

Зымыранша зырылдап

Зәлім зәу зыңғырлар

Зәру ме зәу зыңғырлар.

Қорыта келе, түзетушілік жаттығулар, дамытушылық ойындар баланы оқытуына және дамытуына дер кезінде қолдану керек, бұл бұзылған функцияларының орнын қалпына келтіруге, жаңа функционалды жүйелерді

калыптастыруға бағытталады. Уақтылы және дұрыс сөйлеу барысында бала үнемі жаңа түсініктерді меңгереді, оның сөздік қоры көбейіп, қоршаған ортамен танысуы тереңдей түседі. Баланың тіл кемістіктерін мектепке дейін түзеген жөн. Дер кезінде түзетілмеген тіл кемістігі мектеп жасындағы баланы нашар оқуға әкеліп соқтырады. Бала есейген сайын тіл кемістігі өзінен-өзі кетіп қалады деген қате пікір. Дер кезінде логопедтік көмек көрсетілмесе, дыбыс пен сөзді бұрмалап айту үйреншікті болып қалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Куссмауль А., Сикорский И.А. Логопедия: Учебник для студентов дефектол.фак.пед.вузов/Под ред. Волковой Л.С., Шаховой С.Н.– М.:Гуманист.изд.центр ВЛАДОС, 1998 -680с.
2. Сикорский И. А. О заикании.- Киев: Издание Карла Риккера,1889.
3. Байтурсынова А.А. «Арнайы педагогика» Алматы., 2009
4. Дүйсенбі С., Тұрсынбаева З., Аманова В. «Мүмкіндігі шектеулі балалармен жүргізілетін түзету және дамыту жаттығулары» Шымкент., 2012
5. Білім беру жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты «Әсем сөйлеп үйренейік» әдістемелік нұсқау Астана., 2003
6. Иммануил Кант. Лекции о философском учении о религии / Кант И.; пер. с нем. Крыштоп Л.Э. – М.: Канон+, 2016. – 384 с. – ISBN 978-5-88373-004-6
7. Тулебиева Г.Н. «Қазақ тіліне тән дыбыстардың бұзылуы және түзету жолдары» Алматы., 2013

TURMAKHANOVA S.A., BAITURSYNOVA N.U. РЕЧЕВЫЕ ДЕФЕКТЫ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА И КОРРЕКЦИОННАЯ РАБОТА С НИМИ

Ученые теоретически доказали, что коррекция языковых недостатков более продуктивна в дошкольном возрасте.

В данной статье описаны языковые недостатки у детей дошкольного возраста и представлены специальные упражнения, методы и приемы, используемые в коррекционной работе с ними.

В результате коррекционной работы ребенок постоянно осваивает новые идеи в нужное время и в правильном направлении, о чем свидетельствует тот факт, что его словарный запас расширен и что он знаком с окружающей средой.

Ключевые слова: *коррекция, языковые расстройства, исследование, развитие, детский сад, упражнения, речь, звуки, отклонение, целенаправленный.*

TURMAKHANOVA S.A., BAITURSYNOVA N.U. SPEECH DEFECTS IN CHILDREN OF PRESCHOOL AGE AND REMEDIAL WORK WITH THEM

Scientists have theoretically proved that the correction of language deficiencies would be more productive in preschool age.

This article presents the language disorders in preschool children and corrective exercises, methods and techniques used in correctional work with them.

As a result of correctional work, the child constantly learns new ideas at the right time and in the right direction, as evidenced by the fact that his vocabulary is expanded and that he is familiar with the environment.

Keywords: *correction, language disorders, research, development, kindergarten, exercise, speech, sounds, deviation, purposeful.*

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

ӘОЖ 619.:616.99.636.7.321

ЖҰМЫР ҚҰРТТАРДЫҢ ТАБИҒАТТА ТАРАЛУЫН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІН ЖЕТІЛДІРУ

АЛПАМЫСОВА Г.Б., БАЙСЕЙТОВА Н.М., ХАЛИЛА Ә.Н.

Мақалада көптеген зерттеушілердің мәліметтерінде малдың гельминтозын серологиялық әдістермен анықтауға болатыны көрсетілген. Осыған байланысты жұмыр құрттарының малдарда таралуы мен биологиясын және экологиясын зерттеу үшін жаңа, тиімді әдістер енгізу өзекті мәселе екендігі қарастырылады.

Ғылыми зерттеу жұмыстарымызда малдардың жұмыр құрттарының таралуын анықтау үшін иммунологиялық әдістерді қолдану жолдары зерттелді. Жұмыр құрттардың малдарда таралуын паразитологиялық және иммунологиялық әдістемелер арқылы салыстырмалы зерттеу жүргізілді.

Кілт сөздер: *жұмыр құрттар, иммунология, ішек сорғыш, үшкір құрт, өкпе қыл құрттары, иммунологиялық әдістемелер*

Жер жүзінің әр түрлі елдерінде, соның ішінде Қазақстанда жануарлар арасында жұмыр құрттар кеңінен тараған [1,2,3].

ҚР АШМ мал дәрігерлік Департаментінің жылдық есептерінде малдардың гельминтоз ауруларының деңгейі жыл сайын артып келетіндігін көрсетеді. Көптеген ғалымдардың мағлұматтары бойынша гельминтоз ауруымен ауырған сиырлардың сүт өнімі 30-40% азаяды, ірі қараның 20-30%-дейін дертке шалдығуына байланысты малдарда өлім-жітім көбейетіні келтірілген.

Кез келген ауруды, соның ішінде гельминтоз ауруларының алдын-ала анықтау арқылы жоспарлы, жүйелі түрде сауықтыру шараларын жүргізуге болады. Сондықтан малдарды жұмыр құрттардан сауықтыру үшін олардың табиғатта таралуын анықтау әдістері терең зерттелуі тиіс.

Ascaris suum нематодасының жетілмеген және ересек сатылары қоздыратын аскаридоз аурулары, ас қорыту және тыныс алу жүйелерінің зақымдауымен, іш өтуімен, өкпе қабынуының белгілерімен, аллергиялық реакциялармен сипатталатын, жіті түрінде өтетін гельминтоз ауру.

Біздің зерттеу жүргізген шошқалардың аскарида нематодтары, ұзындығы 10-30 см-ге дейін жететін, түсі ақшыл, ауыз тесігі үш ерінмен көмкерілген паразиттер. Еркек жұмыр құрттардың екі тең спикюласы бар, құйрық жағы дөңгеленген. Ұрғашы жұмыр құрттардың бәтегі құрт денесінің алдыңғы бөлігінде орналасқан. Аскарида жұмыр құрттардың ересек сатылары шошқалардың ашы ішегінде мекендейді [Сурет 1]. Ал, жетілмеген

сатылары, балаң құрттары олардың бауырында, өкпесінде тіршілік етеді. Аскарида жұмыр құрттардың дамуы тікелей, аралық иесінің катысуынсыз өтетін геогельминттер тобына жатады. Шошқаларда аскаридоз кең тараған ауру. Көбінесе 5-6 айлыққа дейінгі жас торайлар арасында жиі ұшырасады. Торайлар есейген сайын олардың аскарида жұмыр құрттарымен экстенсивті залалдануы төмендей береді. Ал, ересек шошқа онымен сирек ауырады. Гельминтоз сау торайларға бұрын аскарида жұмыр құртымен залалданған ересектерінен жұғады. Торайлар енесінің ластанған емшегін емгенде жұқтырады. Жұмыр құрттардың жұмыртқалары малдың, адамның аяғына жабысып немесе шыбындар арқылы таралады. Шаң – тозаңмен суға, арыққа түсуі мүмкін. Сонымен қатар жауын құрттарда сақталып, өсіп жетіледі. Аскарида жұмыр құрттардың жұмыртқалары сыртқы орта жағдайына өте тезімді келеді. Олар топырақта 2-2,5 жылға дейін тіршілігін жоймайды. Аскаридоз эпизоотологиясына шошқаның күтімі, қоралардың, жем-жейтін астауы, басқа да ыдыс-құралдардың таза болуының көп мәні бар.

Аскаримоз ауруының клиникалық белгілері тоғышардың жетілмеген және ересек түрлерінің денеге тигізетін зардаптарының әсерлеріне байланысты. Клиникалық белгілері екі фазаға бөлінеді: Бірінші фазасы: балаң құрттардың малдың денесін аралап жүретініне байланысты. Даму кезеңдерінде балаң құрттар ащы ішек, бауыр, кеңірдек, жүрекпен, өкпелерін аралап тіршілік етеді. Осының салдарынан торайларда аллергиялық аурулар, бронхопневмония, ауа тамырлар, өкпенің қабынуы пайда болады. Торайлардың денесі қызып, демалысы қиындап, азыққа зауқы төмендейді. Бронхопневмонияның белгілері байқалады. Мұндай жағдай 1-2 аптаға созылады. Торайлар арасында көбінесе бұл кезеңде көбірек шығын шығады. Ас қорыту жүйесінің өзгерістері байқалады. Көбінесе жатып алады. Немесе ішегін көптеген нематодалар жалмаса түйнеу белгісі білінеді, торайлар кенеттен шынғырып құлап түсіп, 1-2 минуттай жатып қалады. Аяқтары дірілдеп, қалтырайды. Шошқа торайлары нашар жетіледі, қатты азады. Аскаридоз ауруының ерекше белгілерінің бірі – оған шалдыққан шошқаларда аллергия салдарынан терісінде қызарған, канталаған, кейде күлбіреп, 5-6 күннен соң қабыршақтанған жараға айналатын патологиялық өзгерістер пайда болады. Аскаридоз ауруларын лабораториялық зерттеулер арқылы анықтайды. Шошқаның нәжісін овоскопиялық әдістерін пайдаланып зерттейді. Аскарида жұмыр құрттардың жұмыртқасы – сопақша келген, орташа 0,05 -0,08 мм, ұзындығы күрең кейде сарғыш түсті, жетілмеген, ішінде бір ғана ұрық клеткасы (трофобласт) бар. Аскарида жұмыр құрттардың 4 қабатты қабығы бар: сыртқы қабаты - ақ түсті белокпен қалыптасады, екінші және үшінші қабаты – жылтыр болып келеді, төртіншісі, ең іштейсі – липоидты қабат деп аталады. Сыртқы қабаты өте қалың және

кедір-бұдыр болады. Аскарида жұмыр құрттардың паразиттік әсері қой, ешкі, ірі қара, түйе, жылқы және жабайы жануарлардың күйіс қайыратындары мен қоян тәрізділер паразиті, кейде адамдарға да қауіп туғызады.

Мал жұмыр құрттармен зақымданғанда ұзақ уақыт ауырып, арықтайды, мал өнімі кемиді, жаппай өлім жітімге ұшырайды.

Аскарида жұмыр құрттардың негізгі иелері малдарда таралуы иммунологиялық әдістермен зерттеу бойынша ғылыми жұмыстар кем жүргізілген. Көптеген деректерде жұмыр құртының негізгі иелерінде таралуын паразитологиялық әдістермен зерттеу нәтижелері келтірілген.

Ауруды анықтау клиникалық белгілеріне және малдың нәжисін зертханалық зерттеу арқылы жүргізіледі. Аурудың клиникалық белгілері анық емес, көмескі болып келеді. Ал, зертханалық зерттеулер көп уақытты қажет етеді.

Мал нәжисін гельминтологиялық тәсілмен анықтау. Малдың 2-4 грамм нәжисін фарфордан жасалған түйгішке салып, үстінен су құйып араластырады. Сонан соң сұйықты сүзгішпен сүзеді. Сүзілген 5-6 мл. сұйықты тұнбаға түсіреді. Тұнбаның үстіндегі сұйықты ақырын төгіп, тұнбаға 1-2 тамшы виолет ерітіндісін қосады. Бір минутта гельминттер жұмыртқалары жақсы боялады. Боялған жұмыртқаларды әйнекке жұқалап жағып, микроскоппен зерттейді.

Көптеген зерттеушілердің мәліметтерінде малдың гельминтозын серологиялық әдістермен анықтауға болатыны көрсетілген [4,5,6,7].

Осыған байланысты жұмыр құрттарының малдарда таралуы мен биологиясын және экологиясын зерттеу үшін жаңа, тиімді әдістер енгізу өзекті мәселе болып саналады.

Осы уақытқа дейін микробиология, вирусология т.б. салаларда кеңінен қолданылып жүрген иммунологиялық әдістер паразитология саласында әлі де кем қолданылып келеді.

Бұл жағдайлардың себептеріне паразит құрттарының антигендік құрылымының толық зерттелмеуі, сезімталдығы жоғары, қойылуы жеңіл және өндірісте тиімді диагностикалар алу әдістерінің болмауы немесе кеңінен енгізілмеуі жатады.

Сондықтан, иммунологиялық реакцияларды қоюға және жұмыр құрттардың антигендерін анықтауға сезімталдығы жоғары диагностикалар алу әдістері зерттелуі қажет. Осыған байланысты біз ғылыми зерттеу жұмыстарымызда малдардың жұмыр құрттарының таралуын анықтау үшін иммунологиялық әдістерді қолдану жолдарын зерттедік.

Малдарда аскарида жұмыр құрттардың таралуын иммунологиялық әдіспен зерттеу үшін 26 бас шошқалардың қан сары суы кері гемагглютинация реакциясымен зерттелді. Кері гемагглютинация

реакциясын макротәсілмен пробиркаға немесе пластинкаға қойылады[8-10]. Пластинканың бір қатарының 1-шіден 8-ші шұңқырына дейін 0,5 мл еріткіш құяды. Еріткіш ретінде 0,007% желатиннен тұратын физиологиялық ерітінді (РН-7,2% пайдаланылады). Сонан соң 1-ші шұңқырға 0,5 мл 1:25 физиологиялық ерітіндідегі тексерілетін қан сарысуын құяды. Шприцпен 1-ші шұңқырдан 0,5 мл алып екінші шұңқырға ауыстырады. Осылай 7-ші шұңқырға дейін қан сарысуын титрлеп шығады. 7-ші шұңқырдан алынған 0,5 мл ерітінді төгіліп тасталынады. Барлық шұңқырларға 0,25 мл 1% эритроцит диагностикумын құяды. Пластинка жайлап шайқатылған соң бөлме температурасында (16-25 С) ұсталынады.

Реакция нәтижесі 2-3 сағат өткен соң есепке алынып, 4 балдық жүйемен бағаланады:

4 балл-эритроциттер ойыс ойық түбін жұқа қабықпен ойық түбін түгел жауып жатады;

3 балл-эритроциттердің ойық түбін жапқан аймағы алдыңғыға карағанда аздау;

2 балл-эритроцит агглютинаттары аз, тек ойықтың түбінде көрінеді;

1 балл-эритроцит тұнбасының шет жақтарында шамалы агглютинат түйіршіктері байқалады.

Теріс реакция-эритроциттер ойық түбінде түйме сияқты болып бір жерге жиналып, шоғырланады.

Тексерілетін қан сарысуының ең жоғарғы титріне 3-4 балдық ерітінді алынады.

Кері гемагглютинация реакциясын микротәсілмен қою үшін микротитратордың планшетінде қойылады. Шұңқырының түбі ойыс болу керек.

Планшеттің бір қатарының 2-ші шұңқырынан 8-ші шұңқырына дейін 0,05 мл еріткіш құйылады.

Ол үшін микротитратордың арнаулы микротамшылатқышымен 2 тамшы тамызу керек 1-ші және 2-ші шұңқырға 0,05 мл (2 тамшы) тексерілетін қан сарысуының 1:50 ерітіндісін тамызады. 2-ші шұңқырдан бастап 7-ші шұңқырға дейін 0,05 мл диллютермен қан сарысуы титрленеді. Сонан соң барлық шұңқырларға 0,025 мл 0,5% эритроцитті диагностикум тамызылады.

Кесте 1 Шошқалардың жұмыр құрттарының таралуын салыстырмалы зерттеу

№	Мал белгілері	Паразитологиялық әдістеме	Кері гемагглютинация әдістемесі
1.	021	оң реакция	оң реакция
2.	022	оң реакция	оң реакция
3.	023	теріс реакция	оң реакция
4.	024	теріс реакция	теріс реакция
5.	025	оң реакция	оң реакция
6.	026	оң реакция	оң реакция
7.	027	теріс реакция	теріс реакция
8.	028	теріс реакция	оң реакция
9.	029	оң реакция	оң реакция
10.	030	оң реакция	оң реакция
11.	031	оң реакция	оң реакция
12.	032	оң реакция	оң реакция
13.	033	оң реакция	оң реакция
14.	034	оң реакция	оң реакция
15.	035	теріс реакция	теріс реакция
16.	036	теріс реакция	теріс реакция
17.	037	оң реакция	оң реакция
18.	038	оң реакция	оң реакция
19.	039	теріс реакция	теріс реакция
20.	040	теріс реакция	оң реакция
21.	037	теріс реакция	теріс реакция
22.	038	теріс реакция	теріс реакция
23.	039	теріс реакция	теріс реакция
24.	037	оң реакция	оң реакция
25.	038	теріс реакция	оң реакция
26.	039	теріс реакция	теріс реакция
Шошқалардың саны 26		Оң нәтиже 13 (50 пайыз).	Оң нәтиже 18 (70 пайыз).

Планшеттің бір қатарының 2-ші шұңқырынан 8-ші шұңқырына дейін 0,05 мл еріткіш құйылады. Ол үшін микротитратордың арнаулы микроамшылатқышымен 2 тамшы тамызу керек 1-ші және 2-ші шұңқырға 0,05 мл (2 тамшы) тексерілетін қан сарысуының 1:50 ерітіндісін тамызады. 2-ші шұңқырдан бастап 7-ші шұңқырға дейін 0,05 мл диллютермен қан сарысуы титрленеді. Сонан соң барлық шұңқырларға 0,025 мл 0,5%

эритроцитті диагностикум тамызылады. Пластинка бөлме температурасында стол үстіне қойылады. Реакция 2-3 сағаттан соң оқылады.

Шошқалардың жұмыр құрттарының таралуын зерттеу бойынша 26 бас малдардың тезегін паразитологиялық әдістермен микроскопиямен зерттеулер 13 басында жұмыр құрттарының бар екендігін, 13 бас малдардың теріс реакция көрсетті (1 кесте).

Шошқалардың жұмыр құрттарының таралуын зерттеу бойынша 26 бас малдардың қан сары суларын иммунологиялық кері гемагглютинация реакциясымен зерттеулер 18 бас малдардың қан сарысулары оң реакция, тек 8 бас малдардың қан сарысуы теріс реакция көрсетті (1 кесте).

Алынған нәтижелер шошқалардың жұмыр құрттарының малдарда таралуын паразитологиялық, микроскопиялық әдістемелермен зерттелгенде тоғышарлардың таралуы 50 пайыз, ал иммунологиялық кері гемагглютинация әдістемелермен зерттегенде тоғышар жұмыр құрттардың таралуы 70 пайызға таралғандығын көрсетті.

Қорытынды

1. Шошқалардың жұмыр құрттарын паразитологиялық әдістер арқылы микроскопиялық зерттеулер ірі қаралардың 50 пайызында таралғандығы анықталды.

2. Шошқалардың жұмыр құрттарын иммунологиялық әдістермен кері гемагглютинация реакциясымен зерттегенде ірі қаралардың 70 пайызында таралғандығы анықталды.

3. Шошқалардың жұмыр құрттарының таралуын анықтау барысында паразитологиялық әдістермен бірге иммунологиялық әдістерді қолдану тиімді екендігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұхаметалин Қ. Малдың паразит аурулары. – Алматы: Қайнар, 1973.
2. Халила Ә.Н. т.б. Малдың паразит ауруларын иммунологиялық әдістермен анықтау. – Алматы: Ғылым, 1996.
3. Тілменбаев Ә.Т., Жармұхамедова Ғ.Ә. Энтомология. – Алматы: «Қайнар», 1994. – 336 б.
4. Бей-Биенко Г.Я. Общая энтомология: учебник. – М.: КолосС, 2004. – 264 с.
5. Кеннеди К. Экологическая паразитология: Пер. с англ. / Под ред. К.М. Рыжикова и О.Н. Бауера. – М.: Изд-во «Мир», 1978. – С. 233.
6. Халила Ә.Н. Паразитология. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2016. – 76 б.
7. Халила Ә.Н. Токсомпазма биологиясы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2002. – 156 б.
8. Халила Ә.Н. Иммунология негізі: оқу құралы. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2013. – 52 б.
9. Захваткин Ю.А. Курс общей энтомологии. – М.: Изд-во МГУ, 1983.
10. Кульберсон Д.Т. Иммуниетет к паразитарным заболеваниям: Пер. с англ. Г.С. Маркова. – М.: Гос. изд. иностр. литературы, 1948. – 48 с.

АЛПАМЫСОВА Г.Б., БАЙСЕИТОВА Н.М., ХАЛИЛА Ә.Н.
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕТОДОВ ИЗУЧЕНИЯ РАСПРОСТРАНЕНИЯ В
ПРИРОДЕ КРУГЛЫХ ЧЕРВЕЙ

Целью наших исследований явилось совершенствование иммунологических методов выявления животных, больных паразитозом, и изучение его распространения в зависимости от влияния среды.

В статье приводятся сведения по иммунологической диагностике и мерам борьбы с гельминтами. Гельминтозные болезни регистрируются повсеместно, зараженность животных составляет до 31,1 процента соответственно.

Ключевые слова: круглые червы, иммунология, аскарида, острица, иммунологические методы.

ALPAMISOVA G.B., BAYSEITOVA N.M., KHALIL Ә.N. IMPROVEMENT OF
THE METHODS OF STUDYING THE SPREAD OF ROUNDWORMS IN NATURE

The aim of our research was the improvement of immunological research methods to identify animals with parasitosis and to study its dissemination depending on environmental influences.

The article provides information on the immunological diagnosis and measures to combat helminths. Helminthic diseases are registered everywhere, the infection of animals is up to 31.1 percent, respectively.

Keywords: roundworms, immunology, ascaris, pinworm, immunological methods

ӘОЖ 546(075.8)

КҮРДЕЛІ-АРАЛАС ТЫҢАЙТҚЫШТАР ӨНДІРІСІНІҢ ФИЗИКА-
ХИМИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ӘЛБЕК А.С.

Бұл мақалада тыңайтқыштар өндірісінің оның ішінде күрделі-аралас тыңайтқыштар өндірісінің физика-химиялық негіздері зерттелді. Кешенді тыңайтқыштарды алу үшін өңделетін материалдар салыстырылды. Жұмыста күрделі-аралас тыңайтқыштар алу технологиясы қарастырылып технологиялық сызба ұсынылды.

Күрделі-аралас тыңайтқыштарды қолдану барысында өнімділік көрсеткіші жоғары болды. Күрделі-аралас тыңайтқыштарды ылғалды тәсілмен – газ тәрізді аммиак және сұйық реагенттер (мысалы, бейорганикалық тұздар, аммиакаттар, аммоний нитратының балқымасы) қоспасы бар қатты тыңайтқыштарды араластырып алу жолы қарастырылды.

Кілт сөздер: тыңайтқыштар өндіру технологиясы, цитраттар, гранулятор, концентрация, аммонизатор, аммофос, суперфосфат, аммоний селитрасы.

Құрамында екі немесе үш негізгі әрекетті элементі бар тыңайтқыштар

күрделі тыңайтқыштар деп аталады. Тиісінше қос (азот-фосфорлы, азот-калийлі, фосфор-калийлі) және үштік (азот-фосфор-калийлі) тыңайтқыштар болып бөлінеді. Кешенді тыңайтқыштардың құрамына микроэлементтер де (мыс, марганец, молибден және т.б.) кіреді.

Фосфорлы тыңайтқыштар ретінде органикалық заттар да қолданылады, мысалы, сүйек ұны, көң, өнеркәсіптің фосфорға мол қалдықтары-фосфатшлак, томасшлак және басқалар. Фосфорлы тыңайтқыштар – өнеркәсіптік жолмен алынған, бірінші минералды тыңайтқыштар, олар өсімдіктердің қалыпты дамып, өсуі үшін қажетті қоректік заттардың жеткілікті мөлшерін қамтамасыз етеді. Сондықтан, өсімдіктерді фосформен қамтамасыз ету вегетация басталғанда өсімдіктердің өсуі мен дамуы үшін және өнімділікті қалыптастыруда маңызы зор, онда вегетативті мүшелердің қарқынды өсуі кезеңінде фосфорды сіңіру нақты шамада тез жүреді.

Өнім беретін мүшелердің қалыптасуы кезеңінде өсімдіктерді фосформен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ету, олардың түзілуін және өсімдіктердің жетілуін тездетеді, өнімділігі және оның сапасы жоғарлайды. Өсімдік дәндерінде фосфор көп, ал сабағында фосфор аз болғандықтан өсімдіктерге сіңірілген фосфордың нақты шамадағы мөлшері дәнге жетуі аз болады.

Сондықтан егін егілетін топырақта фосфор қорын толықтыру үшін фосфорлы тыңайтқыштар енгізу керек. Одан басқа, егер топырақта азот қоры ауадағы азотты фиксациялау есебінен толықтырылса, онда топырақтарда фосфорды толықтыру үшін басқа көздері болмайды, сондықтан фосфорлы тыңайтқыштар қолданылады. Осылайша, фосфорлы тыңайтқыштарға қажеттілігі жоғарылайды және оның өнімділікті арттыру үшін маңызы зор. Әсіресе, фосфорлы тыңайтқыштарға қажеттілік өсімдіктерді азотпен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етумен артуы мүмкін.

Кешенді тыңайтқыштар өндіру тәсіліне байланысты күрделі, аралас және күрделі-аралас болып бөлінеді және қатты және сұйық күйде шығарылады. Күрделі тыңайтқыштар химиялық процестер нәтижесінде алады. Аралас тыңайтқыштар дайын ұнтақ тәрізді немесе түйіршіктелген тыңайтқыштарды құрғақ механикалық араластыру жолымен дайындайды. Күрделі-аралас тыңайтқыштарды ылғалды тәсілмен – газ тәрізді аммиак және сұйық реагенттер (мысалы, бейорганикалық тұздар, аммиакаттар, аммоний нитратының балқымасы) қоспасы бар қатты тыңайтқыштарды араластыру жолымен алады.

Күрделі-аралас тыңайтқыштар алу үшін тек қатты компоненттерді ғана емес, сонымен қатар сұйық компоненттерді де пайдаланады. Қазіргі таңда полифосфорлы, фосфор, азот және күкірт қышқылы, аммиак,

аммиактар, нитрат пен аммоний сульфаты, жай және қоссуперфосфат, аммоний полифосфаты, калийлі және де басқа тұздарды араластыратын технологиялық сызба ұсынылған. Осы аталған компоненттерді механикалық араластыру барысында олардың арасында химиялық әрекеттесулер жүреді [1, 127-130 б.].

Күрделі-аралас тыңайтқыштардың физика-химиялық қасиеттері күрделі тыңайтқыштарға ұқсайды. Ұнтақ тәрізді тыңайтқыштарды сұйық фаза қатысында түйіршіктейді, сұйық фазаны бастапқы сырғығыш компоненттермен, азот және фосфорқұрамды ерітінділермен, қышқылдармен бірге араластырып жібереді. Азот және фосфорқұрамды ерітінділер мен қышқылдарды қажетті температураны ұстап тұру үшін және түйіршіктеу үрдісін жаңарту үшін қосады.

Кешенді тыңайтқыштарды алу үшін бастапқы материалдарды өңдеу арқылы ғана емес, сондай-ақ дайын өнімдерді араластыру арқылы да алады. Мұндай тыңайтқыштар аралас деп, ал оларды дайындау үрдісі – тукоараластыру деп аталады. Өзінің агрохимиялық сапасына байланысты аралас тыңайтқыштар, яғни тукоқоспалар күрделі тыңайтқыштардан ерекшеленбейді. Олардың артықшылығы кез-келген қатынастағы пайдалы элементтері бар тыңайтқыштарды алуға болатындығы. Батыс Еуропада аралас тыңайтқыштардың ассортименті 100-ге, ал АҚШ-та 250 сорттарға жетеді [2, 101-103 б.]. Аралас тыңайтқыштарды кең ауқымда шетелдік агроөндірістік елдерде минералды тыңайтқыштар өндірісінде аралас тыңайтқыштар өндірістің 1/3 құрайды.

Аралас тыңайтқыштар ұнтақ түрінде де, түйіршік түрінде де шығарылады. Қатты тыңайтқыштарды араластыру барысында бастапқы компоненттер болуы қажет, сонымен қатар ірілігі жағынан біркелкі болғаны дұрыс. Өйткені өлшемдері әртүрлі минералды тыңайтқыштарды араластырғанда оларды біртекті тыңайтқышқа айналдыру мүмкін болмай қалады. Олар тасымалдағанда, сақтағанда, топыраққа енгізгенде қабат қабатқа бөлініп кетеді.

Дайын тыңайтқыштарды араластыру тукоқоспалау қондырғыларында жүзеге асырылады. Химиялық өндіріс орындарында дайын ұнтақ тәрізді қоспаларды сумен ылғалдап, содан соң түйіршіктеп кептіретін. Ал қазіргі таңда тыңайтқыштарды араластыру үрдісін қосымша химиялық өңдеумен біріктіреді, яғни араластырылған тыңайтқышқа қышқылдарды (фосфор, азот, күкірт), сонымен қатар оларды бейтараптаушы материалдарды (газ тәрізді аммиак, сұйық аммиак және т.б.) қосады, сонымен қатар түйіршіктеу үрдісінде судың орнына ерітінділер мен балқымаларды қолданады. Соның нәтижесінде компоненттерді араластыру мен түйіршіктеу барысында химиялық реакциялар жүреді, ал түйіршіктер біртекті және мықты болып

шығады. Химиялық реакцияның жылуы нәтижесінде гранулалар құрғайды. Мұнда аралас тыңайтқыштар күрделі тыңайтқыштардан ерекшеленбейді, оларды күрделі аралас тыңайтқыштарға жатады.

Аралас тыңайтқыштардың номенклатурасы бойынша келесі түрлерге бөлінеді [3, 69-726]:

1. Түйіршіктелген күрделі аралас тыңайтқыштар, бұл тыңайтқыштар жай суперфосфат, калий хлориді, аммоний нитраты қоспаларын аммонизациялау арқылы алынады, қажет жағдайда күкірт және фосфор қышқылдары қосылады. Бұл тыңайтқыштың бес түрі шығарылады.

2. Құрамында микроэлементтері бар және микроэлементсіз толық күрделі-аралас тыңайтқыштар. Бұл тыңайтқыш жай суперфосфат, калий хлориді, аммоний нитратының қоспасын аммонизациялау арқылы алынады. Бұл тыңайтқыш микроэлементтерге бай: В, Zn, Mn, Co, Cu, Mo.

3. Нығыздалған фосфорлы-калийлі тыңайтқыш, жай суперфосфат пен калий хлоридінің қоспалары негізінде алынады.

Негізгі пайдалы элементтеріне байланысты фосфорқұрамды тыңайтқыштар жай және кешенді болып бөлінеді. Жай (біркөп компонентті) тыңайтқыштардың құрамында өсімдіктерді қоректендіретін бір ғана элемент фосфор болады. Күрделі тыңайтқыштардың құрамында екі немесе одан көп пайдалы элементтер болады.

Ерігіштігі мен сіңірілуіне байланысты фосфорқұрамдас тыңайтқыштар келесі түрлерге бөлінеді:

1. Суда ерігіш тыңайтқыштар
2. Цитратта еритін тыңайтқыштар
3. Лимонды ерігіш фосфорлы тыңайтқыштар.

1) Суда ерігіш тыңайтқыштардың құрамындағы фосфор қосылыстарының үлкен бөлігі суда жақсы ериді, сондықтан олар өсімдіктермен жақсы сіңіріледі. Оларға: суперфосфат, қос суперфосфат, фосфор құрамды күрделі тыңайтқыштар – аммофос, аммофосфат, диаммофос, нитроаммофоска, нитроаммофос, диаммонинитрофоска, нитрофоска, жылыжайларға арналған тыңайтқыштар.

2) Цитраттарда еритін тыңайтқыштардың құрамындағы фосфорлы қосылыстар аммоний цитратының аммиакті ерітіндісінде ериді. Құрамында осы қосылыстары бар фосфор тыңайтқыштар әдетте өсімдіктермен жақсы сіңіріледі. Бұндай тыңайтқыштарға преципитат (дикальцийфосфат) жатады.

3) Лимонды ерігіш фосфорлы тыңайтқыштар суда және аммоний цитратының аммиакті ерітіндісінде ерімейді, алайда лимон қышқылының 2% ерітіндісінде жақсы ериді. Мұндай тыңайтқыштарға фторсыздандырылған фосфаттар, фосфатты шлактар, фосфорит ұны жатады. Олар қышқылды топырақта жақсы сіңеді.

4) Концентрациясына байланысты фосфорқұрамды тыңайтқыштар төмен концентрациялы жай әсер етуші заттар 20-25%, концентрленген 30-60%, жоғары концентрленген-60% жоғары, ультраконцентрленген – 100% болып бөлінеді.

Агрегаттық күйіне байланысты фосфорқұрамды тыңайтқыштар қатты (ұнтақ және түйіршіктелген) және сұйық (сулы ерітінділер мен суспензиялар) болып бөлінеді.

Өндірістің сипатына қарай кешенді фосфорқұрамды тыңайтқыштар күрделі және аралас болып бөлінеді:

- күрделі тыңайтқыштарды бір технологиялық үрдісте бастапқы компоненттерді химиялық әрекеттестіру арқылы алады; олар біртекті бөлшектерден тұрады, құрамы бірдей десе де болады;

- аралас тыңайтқыштар әртүрлі дайын өнімдерді (жай, жай және күрделі) механикалық араластыру арқылы алады; олардың құрамы әртүрлі бөлшектерден тұрады;

- ұнтақ тәрізді дайын өнімдерді араластырып және түйіршіктеп болғаннан кейін, осы қоспаға сұйық (балқымалар, ерітінділер) және газтәрізді (аммиак) өнімдерді қосу арқылы алынған өнімдерді күрделі-аралас тыңайтқыштар деп атайды.

Минералды тыңайтқыштардың құрамындағы пайдалы заттар минерал тұздар түрінде кездеседі. Фосфор мен калийлі тыңайтқыштар химия өнеркәсібінде табиғи кендерді өңдеу жолымен алынады, ал азотқұрамды тыңайтқыштарды өндіру негізінен ауадағы азоттың сутегімен әрекеттесуі нәтижесінде аммиактың түзілуі негізінде орын алады. Минералды тыңайтқыштар шартты түрде тікелей және жанама деп бөлінеді. Тікелей тыңайтқыштар қоректік заттардан тұрады, ал жанама тыңайтқыш топырақтың қасиетін өзгертіп, өсімдіктердің қоректену шартын жақсартады. Сонымен бірге тікелей әсер ететін тыңайтқыштардың бірі – аммиак селитрасы, суперфосфат жанама әсер көрсетеді: яғни селитра топырақты қышқылдандырса, ал фосфорит ұны топырақты бейтараптайды.

Әктас, ғаныш топырақ реакциясын өзгертумен қатар өсімдіктер үшін маңызды пайдалы элемент – кальцийдің көзі болып табылады. Химиялық құрамына қарай минералды тыңайтқыштарды жәй (бір пайдалы элементі бар) және кешенді (2-3 элементі бар) деп бөлуге болады. Физикалық қасиеттеріне байланысты минералдық тыңайтқыштарды сұйық және қатты күйде, кристалды, ұнтақ және түйіршікті күйде өндіреді.

Кешенді тыңайтқыштар өндіру тәсіліне байланысты күрделі, аралас және күрделі-аралас болып бөлінеді және қатты және сұйық күйде шығарылады. Күрделі тыңайтқыштар химиялық процестер нәтижесінде алады. Аралас тыңайтқыштар дайын ұнтақ тәрізді немесе түйіршіктелген

тыңайтқыштарды құрғақ механикалық араластыру жолымен дайындайды. Күрделі-аралас тыңайтқыштарды ылғалды тәсілмен - газ тәрізді аммиак және сұйық реагенттер (мысалы, бейорганикалық тұздар, аммиакаттар, аммоний нитратының балқымасы) қоспасы бар қатты тыңайтқыштарды араластыру жолымен алады. [4, 544 б.].

Күрделі және күрделі-аралас тыңайтқыштармен бірге ұнтақ тыңайтқыш қосылыстарын өңдеу және оларды пайдалану да маңызды болып келеді. Тыңайтқыш қоспалары құрамы жағынан әртүрлі болып келеді. Тыңайтқыштардың концентрациясына, қоректік заттарының мөлшеріне байланысты әртүрлі ауылшаруашылық дақылдарының қажеттілігіне сәйкес бейімделеді. Минералды тыңайтқыштарды дайындау барысында тыңайтқыш сапасының, физико-механикалық және физико-химиялық қасиеттерінің жақсы болуына көңіл бөлінуі қажет. Тыңайтқыштың қосылыстарын дайындау мен сақтау барысында жеке бөліктері бір-бірімен өзара химиялық реакцияға түсуі мүмкін. Сондықтан, тыңайтқыш қосылыстарына арналған құрамды дұрыс таңдау маңызды.

Тыңайтқыштың қоспаларын дайындау барысында мына қағидаларды орындау қажет:

1. Қоректік заттары аз болса немесе тыңайтқыштың физикалық қасиеттері нашар қосылыс түзілсе, минералды тыңайтқыштар бір-бірімен араластырылмайды.

2. Құрамындағы азот аммиак қосылысы түрінде кездесетін тыңайтқыштар (аммоний селитрасы, күкірт қышқылды аммоний, аммофос) сілтілік тыңайтқыштармен (томасшлак, фосфатшлак) араластыру дұрыс болмайды, өйткені араластыру барысында аммиак бөлінеді.

3. Суперфосфат аммиак селитрасымен әрекеттескенде гигроскопиялы кальцийдің нитраты және азототықтары түзіледі және қоспа қасиеті нашарлайды.

4. Күкірт қышқылды аммоний тыңайтқышы суперфосфат тыңайтқышымен араластырылғанда гипс түзіледі де, қоспа қатып қалады және оны топыраққа ендізу алдында ұнтақтауға тура келеді.

5. Суперфосфат тыңайтқышы мочевиінамен әрекеттескенде қоспаның ылғалдылығы жоғарылайды.

6. Ылғалдығы жоғары тыңайтқыштарды бір-бірімен араластыруға болмайды.

7. Ұнтақ күйіндегі тыңайтқыштарды гранулды тыңайтқыштармен қосып, қоспалар дайындауға болмайды.

8. Химиялық құрамы жағынан біртекті тыңайтқыш қосылыстарын дайындау үшін араластырылатын компоненттердің гранулометриялық құрамы бірдей немесе өзара жақын болуы қажет.

Грануляторда гранулдардың пайда болуы мен өсуі қоспаны ылғалдандырып отырғанға байланысты болады. Бұл үрдіске сұйық фазаның әсері ықпал етеді. Минералды тыңайтқыштарды түйіршіктеу көп жағдайда 75-100 °С температурада жүргізіледі. Бұл жағдайларда ылғалдың бір бөлігі буланып кетеді (20% дейін), нәтижесінде қаныққан ерітіндіден түйіршіктердің бетінде тұздардың кристалдануы жүреді. Әртүрлі констукциялы грануляторда жүретін агломерациялау үрдістері қоспаның құрамына, ылғалдығына, бастапқы компоненттердің физика-химиялық қасиеттеріне, аппараттағы қабаттардың биіктігіне, гранулятордың айналу жиілігі мен қиғаштық бұрышына және де басқа факторларға байланысты болады.

Берілген технологиялық сызба бойынша күрделі-аралас тыңайтқыштар алынды[1]. Аммонизатор-гранулятор ретінде айналмалы барабандар, горизонтальды инекті, қиғаш тарелкалы аппараттар қолданылатындығы белгілі. Қиғаш тарелкалы гранулятор жалпақ цилиндр, диаметрі 3,6-4,5м; биіктігі 0,36м; горизонтқа 30-50° бұрышпен орналасқан, минутына 15 айналым жасайды. Ішкі жағында қозғалмайтын қырғыш орналасқан. Гранулятордың жұмысы барысында материалдың классификациясы орын алады, яғни ірі гранулалар тарелканың астыңғы жағына жылжиды да шығарылып кетеді, ал майда гранулалар қондырғының ішінде қалады. Мұндай грануляторда тыңайтқыштың аммонизациясы жүреді[4]. Олар әртүрлі маркада болады, концентрациясы, пайдалы заттары бойынша және суда ерігіш түрде болатын P₂O₅ айтарлықтай бөлігі бар болуымен сипатталады. 1-кестеде күрделі-аралас тыңайтқыштар өндірісінің көрсеткіштері келтірілген.

1- Кесте - Күрделі-аралас тыңайтқыштар өндірісінің көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Көрсеткіштер мәні
Құрамы,%	
Балқымадағы NH ₄ NO ₃	85-90
Суперфосфаттағы P ₂ O ₅	20-1
Калий хлоридіндегі КСІ	95
Аммиактағы NH ₃	99
Аммонизатор-гранулдағыштағы (NH ₃ :H ₃ PO ₄)	1,3
Ылғалдылық, %	
Барабанды-гранулдағышқа кірердегі қоспаның	3-3,5
Барабанды-гранулдағыштан шығардағы гранулдың	2,5-3,0
Температура, °С	
Гранулданған қоспа	75-85
СБ кірердегі	250

СБ шығардағы	100
СБ шыққан өнімдегі	70-90
Мөлшері:	
Өнімдегі судың %, көп емес	1
Тазалауға келіп түскен газдағы аммак пен фтордың, мг/м ³	
F	2,25-6,25
NH ₃	15,5-120
Тазалаудан кейінгі газдағы аммиак пен фтордың, мг/м ³	
F	0,6-0,9
NH ₃	8-45
Тазалауға келіп түскен судағы фтордың, мг/л	16
Өнім гранулдарының мөлшері, мм	1-3

Аралас тыңайтқыштар алу барысында кептіргіш барабаннан шығатын газдарды шаңнан тазалау әдісінде кептіргіш барабандарды кварцит, кокс және фосфориттерді кептіру үшін қоладанады. Кептіргіш барабанда негізгі отын түрінде табиғи газдар пайдаланылады. Пештегі газдың температурасы 1200-1400⁰С, барабанға кірердегі температурасы 780⁰С құрайды, ал барабаннан шығарда 260⁰С болады.

Кептіргіш барабанның негізгі шаңды-газды тастандыларының сипаттамасы және ұсталынған шаңның физика-химиялық қасиеттері 2 және 3 кестелерде келтірілген.

2 -кесте - Кептіргіш барабанның шаңды-газды тастандыларының сипаттамасы (тазалау жүйелеріне дейін)

Көрсеткіш	Фосфорит	Кварцит	Кокс
Газ шығыны, мың м ³ /сағ	19-23	16-18,5	40-45
Шаңдануы, г/м ³	20-28	25-32	6-20
Шаңның жоғалуы, кг/т шикізаттың	10-14	16	18
Шаңның орташа медиалық диаметрі, мкм	15	9	40

3 – Кесте - Шаңдардың сипаттамасы

Көрсеткіш	Фосфорит	Кварцит	Кокс
Тығыздығы, г/см ³	3,0	2,4	1,9
Шашыранды тығыздығы, г/см ³	1,051-1,337	1,62-1,85	0,88-0,99

Табиғи майысу бұрышы, град	45,4	40,5	36,4
Сырғанау бұрышы, град	40	34	26,4
Үйкелу коэффициенті	0,450	0,475	0,480
Когезия күші, г/см ²	0,157	0,150	0,031

Кептіргіш барабаннан бөлінген шаң майда дисперсті шаңға жатады. Кептіргіш барабаннан шыққан газдарды шаңнан тазарту үшін екі циклон тобынан тұратын тазарту сызбасы пайдаланылады, мұнда тазарту дәрежесі 92-93% құрайды.

Электрофильтрге келіп түскен шаңдардың құрамында 5-120г/м³ полидисперсті шаң болады. Электрофильтрде ұсталынған шаң суспензия, яғни коттрельді сүт түрінде сумен шайылып кетеді.

Қорыта келгенде, берілген технологиялық сызба бойынша күрделі-аралас тыңайтқыштар алынды. Олардың физика-химиялық негіздері қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Молдабеков Ш.М., Сулейменов С., Жантасов К.Т., Бишимбаев В.К., Айбалаева К.Д., Алтыбаев Ж.М. Сложно-смешанное удобрения пролангированного действия содержащие влагоудерживающие вещества и микроэлементы. – Шымкент: 2011. с. 127-130.

2. Молдабеков Ш., Омаров Т.Ж., Жантасов К.Т., Омаров Б.Т., Аульбеков А.Т., Калымбетов Г.Е. Экологиялық таза препараттарды – көміргуминды тыңайтқыштарды түрлі ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі мен өнімнің сапасын жоғарылату үшін қолдану // Труды Международной научно-практической конференции «Развитие науки, образования и культуры независимого Казахстана в условиях глобальных вызовов современности». Шымкент. 2013. с. 101-103.

3. Жантасов К.Т., Молдабеков Ш.М., Бишимбаев В.К., Мырхалыков Ж.У., Жантасов М.К., Бажирова К.Н., Жантасова Д.М., Назарбек У.Б., Зият А.Ж. Индустриально-инновационная технология получения механоактивированных сложно-смешанных поликомпонентных минеральных удобрений пролангированного действия // Труды Международной научно-практической конференции «Развитие науки, образования и культуры независимого Казахстана в условиях глобальных вызовов современности». Шымкент. 2013. с.69-72.

4. Бишимбаев У.К. Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы: оқулық. – Алматы: «Кітап», 2006. Минералды тыңайтқыштардың технологиясы. – 544 б.

АЛИБЕК А.С. ФИЗИКО-ХИМИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОИЗВОДСТВА СЛОЖНЫХ СМЕШАННЫХ УДОБРЕНИЙ

В данной статье изучены физико-химические основы производства удобрений, в том числе производства сложных-смешанных удобрений. Исследованы обрабатываемые материалы для получения комплексных удобрений. В работе была рассмотрена технология получения сложно-смешанных удобрений, предложена технологическая схема.

При использовании сложно-смешанных удобрений показатели продуктивности повышены. Был рассмотрен влажный способ смешивания сложно-смешанных твердых удобрений, содержащих смесь газообразного аммиака и костных реагентов (например, неорганические соединения, аммиакаты, сплавы нитрата аммония).

Ключевые слова: технология производства удобрений, цитраты, гранулятор, концентрация, аммонизатор, аммофос, суперфосфат, аммониевая селитра.

ALIBEK A.S. PHYSICO-CHEMICAL BASICS OF PRODUCTION OF COMPLEX MIXED FERTILIZER

In this article physical and chemical basics of production of fertilizers, including production of the complex-mixed fertilizers are studied. The processed materials for complex fertilizers are compared. The technology of obtaining complex-mixed fertilizers was considered in the work, a technological scheme was proposed.

When using complex-mixed fertilizers, productivity indicators are increased. The method of mixing complex-mixed solid fertilizers by wet method - solid fertilizers containing a mixture of gaseous ammonia and bone reagents (for example, inorganic compounds, ammonia, ammonium nitrate alloys) was considered.

Keywords: fertilizer production technology, citrates, granulator, concentration, ammoniator, ammophos, superphosphate, ammonium nitrate.

**ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР.
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА**

УДК 332(519.5)

СИНГАПУР – ШЫҒЫСАЗИЯЛЫҚ ЖОЛБАРЫСТАРЫНЫҢ БІРІ

АБДЫХАНОВ У. К.

Мақалада Сингапур Республикасының өркендеуінің себептері ашылады. Зерттеуші Сингапур экономикасының қарқынды дамуының іргетасы үкімет кәсіпкерлікті дамыту, шетел инвестицияларын келтіру мен экспортты өсіру саясаты, басқарылатын экономика, медицина мен инфрақұрылымды қаржыландыру болды деп куәландырады. Сонымен бірге еңбекте республикаға отарлық жүйесінің «қалдықтары» да үлкен көмек берді: әлемнің барлық кәсіпкерлерін қарым-қатынас жасауын жеңілдеткен ағалшын тілін жақсы білуі, елдің жетістіктеріне оның географиялық жағдайы да үлкен рөл атқарды деп көрсетіледі. Сингапурдың жетістігінің тарихи қалыптасқан тағзы бір факторы бар: ол елдің иммигранттарды қабылдап, біріктіруі.

Кілт сөздері: нарық, экономика, даму, қор, экспорт, нәтиже, өндіріс, корпорация, қаржыландыру, жетістік.

1959 ж. Сингапур Британия империсының өздігінен басқарылатын мемлекеті болды. 1963 ж. Малайзия Федерациясына кірді, бірақ 1965 ж. қақтығыс нәтижесінде федерация қатарынан шығып, өзінің тәуелсіздігін жариялайды. Сингапурдың өзінің табиғи қорлары болмаған, су мен құрылыс құмды көршілес елдерден сатып алуға мәжбүр болды.

Сингапурдың экономикасы – дамыған нарық жүйесі. Елдің экономикасы өнімдердің экспортына байланысты, әсіресе тұрмыстық электроника, ақпараттық технология, фармацевтика және қаржы қызметтер саласы. Сингапурдың экономикасында ұлтаралық (транснациональный) корпорациялар үлкен рөл атқарады. Сингапурлық экономика – ең ашық және сыбайластық жемқорлықтың төмен деңгейіндегі экономикалардың бірі. Елде тұрақты баға сақталынады, ал жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) әлемде ең жоғары – 2015 ж. АҚШ-тың 468 млрд доллары,

ЖІӨ халықтың жан басына шаққанда – 52 888 АҚШ-тың доллары,

ЖІӨ халықтың жан басына шаққанда СТЖ (сатып алу жарамдылық) бойынша – АҚШ-тың 85 253 долларынан жоғары, 1959 ж. 400АҚШ-тың долларын құрған,

кедейлік деңгейі – 28%,

джин коэффициенті – 46,4,

орта тап – 62,3%,
жұмыссыздық деңгейі – 2,1%,
сауаттылық деңгейі – 96,8%.

2015 ж. экономикалық өсуінің қарқыны – 2% (2014 ж. – 3,3%, 2013 ж. – 4,7%) [1:1].

ЖІӨ нақты өсуі 2004–2008 жж. орташа есеппен 6,8% құрды, бірақ 2009 ж. әлемдік қаржы дағдарысының кесірінен 2,1% төмендеді, ал 2010–2011 жж. ол едәуір көтеріліп тұрақталды.

Сингапурдың экономикалық көрсеткіштері (2011 ж.):

ЖІӨ салалар бойынша:

ауыл шаруышылық – 0%,

өнеркәсіп – 26,6%,

қызмет өрісі – 73,4%.

инфляция – 3,2%;

халықтың экономикалық белсенділігі – 3,237 млн адам; оның ішінде:

ауыл шаруашылықта – 0,1%,

өнеркәсіпте – 19,6%,

қызмет өрісінде – 80,3%;

жұмыссыздықтың деңгейі – 2,0%;

негізгі салалар – электроника, химия өнеркәсібі, қаржы қызметтері, мұнай өңдеу, бұрғылау жабдықтары, резина бұйымдарын өндіру, азық өнеркәсібі, кеме жасау, мұнай тұғырларын жасау;

экспорт – АҚШ-тың 414,8 млрд доллары; экспорт салалары – машиналар мен жабдықтар (электроника мен телекоммуникациялық жабдықтарын қоса), тұтынушы тауарлары, фармацевтикалық препараттары және басқа да химиялық заттар, қазба отындары;

импорт – АҚШ-тың 311 млрд доллары;

мемлекеттік қарыз – ЖІӨ 118,2% [1:2].

Үкімет Сингапурды қаржы және жоғары технологиялардың орталығы ретінде дамуын жалғастырады.

Әлемде Сингапур Singapore Airlines авиакомпаниясымен танымал, сингапурдың Fairmont Raffles Hotels International холдингісі мен Swissotel халықаралық отелдерінің желілеріне қожалық етеді.

Халықаралық валюталық қорының мәліметі бойынша 1980 ж. ЖІӨ өсуі АҚШ-тың 25,7 млрд доллары болса, 2011 ж. – АҚШ-тың 270 млрд долларын құрды, ал АҚШ-тың 1 доллары 1980 ж. сингапурлық 2,14 доллар тұрды, 2011 ж. – 1,29 сингапур доллары. 1980 ж. Сингапурдың кесімді ЖІӨ халықтың жан басына шаққанда АҚШ-тың жалпы ішкі өнімдерінің 39,65% құрды; ал 1980 ж. – 82,3% болған; Сингапурдың ЖІӨ СЖТ (сатып алу жарамдылық)

бойынша халықтың жан басына шаққанда АҚШ-тың 55%, 2010 ж. – 119,54 құрды [1:3].

Үкімет Temasek мемлекеттік инвестициялық топпен байланысты коммерциялық мекемелер ретінде істейтін және ЖІӨ 60% өндіретін компанияларды басқарады, әсіресе өндіріс саласындағы компанияларды. Ғаламдану кезінде Сингапур өзін Шығыс Азияда қаржылық және жоғары технологиялардың орталығы ретінде айқын көрсетіп келеді.

1965 ж. Сингапур Малайзиядан тәуелсіздік алғаннан кейін елде ресурстар жетіспеу, ішкі нарықтың кішілігі мәселелері айқындалды. Осы кемшіліктерді жою мақсатымен үкімет кәсіпкерлікті дамыту, шетел инвестицияларын келтіру және экспортты өсіру саясатын қабылдады, сонымен қатар осы саясат мемлекеттік стратегиялық кәсіпорындарын мемлекеттік қаржыландырумен үйлестірілді. 1960 жж. билік партиясы социалистік еді, бірақ ол тез арада капиталистік партияға айналды, яғни өзін-өзі билейтін прагматикалық партиясы деп аталынады. Прагматикалық деген атты кейбір шолушылар шын мәніндегі социалистік өктемшіл бақылаулы капиталистік партия деген атаудың орнына эвфемизм (сыпайы) ретінде қолданады.

Сингапур үкіметі басқарылатын экономиканы және медицина мен инфрақұрылымды қаржыландыруды таңдады. Халақтың өмір деңгейі үнемі өсіп тұрды, жылдан жылға көптеген жанұялар төменгіден орта тапқа өте бастады. 1987 ж. Ли Куан Ю ұлттық бірлік күніне арналған сөзінде енді сингапурлықтардың 80% орта таптың өкілдеріміз деп санауына болады деген.

Сингапурдағы сыбайлас жемқорлықтың төмен деңгейі, білікті жұмыс күші, ілгері және тиімді инфрақұрылым АҚШ, Еуропа мен Жапонияның 3000 ұлтаралық (транснациональнй) корпорацияларын қызықтырды. Ұлтаралық корпорациялар өнеркәсіп өнімдері мен тура экспорттық сатудың үштен екісін өндіреді, бірақ кейбір қызмет беру салаларында үкіметтің корпорациялары үстемділік етеді. 2000 ж. үкімет басқаратын өнеркәсіп өндірісі мен қаржы секторының үлестері жалпы ішкі өнімдерінде тиісінше 26% және 22% құрайды. Мемлекет басқаратын электроника саласы өндіріс бөлімінде үздік болып тұр және жалпы өнеркәсіп өнімдерінің 48% құрайды. Үкімет химиялық және биотехнология салаларын дамытуын өзінің басымдылық міндеті деп санайды.

Сингапур – Оңтүстік-Шығыс Азиядағы қаржы орталығы. Сингапур инвесторларды төменгі салық мөлшерлемесімен қызықтырады, ол әлемдегі салық жүйесінде 5-орында тұр. Осы елде тәулік бойы банктік қызмет қажеттілігі болды, сонымен қатар ол керекті сағаттық белдеушесінде орналасқан еді [1:4].

Үкімет сингапурлықтардың бәрін тұрғын үй мен кәсіпорындарындағы үлесі түріндегі ұлттық табыстың иесіне айналдырды. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі көмек беру емес, зейнетақы жинақтау, медициналық сақтандыру, жеке сақтық есеп-шоты рөлін атқарады, сонымен қатар тұрғындар мен кәсіпорындарға қаржылық инвестиция тартуға мүмкіндігін жасайды.

Сонымен Сингапур қысқа мерзімде үлкен жетістіктерге жетті, немесе синапуралық ғажап дүниеге келді.

92 жасында қайтыс болған Сингапурдың бірінші премьер-министрі Ли Куан Ю-дың (1959–1990) есімі елдің экономикалық ғажаптың авторы ретінде есте сақталынды.

Бірақ бірқатар философтар мен саясаткерлер, экономистер мен әлеуметшілер Ли Куан Ю билікке келгенінше Сингапур экономикасының бір қатар экономикалық және географиялық артықшылықтары бар деп санайды. Ағылшын экономикалық тарихшысы У Дж. Хафф «Сингапурдың экономикалық өсуі» кітабында: «1823 ж. британдық өкіметі Сингапурды барлық кәсіпкерлер мен үкіметтерге ашық еркін сауда жасау порты деп хабарлады. Аралдағы XIX ғ. аяғындағы экономиканың жылдам өсуі 1900 жылына дейін ірі замануи қала соғуына мүмкіндік берді», – деп жазады.

У Дж. Хафф айтуы бойынша, 1951 ж. Сингапурде алюминий мен резинаға сұраныс туындауының себебімен экономикалық серпіліс басталды. Ол кезде Ли Куан Ю, билікке келгенінше 8 жыл бұрын, қарапайым адвокат болған. Қалада сингапурлық киноиндустриясы мен жеке университеті ашылды. 1950-ші жылдары Сингапурда ЖІӨ халықтың жан басына шаққанда басқа Азия елдеріне қарағанда әлде қайда жоғары болған, Токиодан басқа отыз тұрғынға бір автомобиль келетін, яғни 1965 ж. Сингапурда тәуелсіздік алғанынша берік экономикалық фундаменті мен елеулі артықшылықтары болған [1:5].

Әлем эксперттерінің пікірі бойынша, Сингапурге отарлық ескілік жұғындылары да үлкен көмек берді. Мысалы, әлемнің барлық кәсіпкерлерін қарым-қатынас жасауын жеңілдеткен ағылшын тілін жақсы білуі, сонымен қатар Азиядағы басқа отарлы елдерде жаппай саяси қозғалыстар болды, бірақ Сингапурда соншалық жаппай және агрессияшыл болмады. Оның саяси мәдениеті прогресивті авторитарлық құрылысын орнатуға кедергі жасамады.

Сингапурдың жетістіктеріне оның географиялық жағдайы да үлкен рөл атқарды. 1960-шы жылдары Еуропа мен АҚШ-тың сауда кемелері Малайзия мен Индонезия айыратын Малакк бұғазымен өтіп, Азия жолына түсетін, олар онда жанармай үстеп құю үшін тоқтайтын. Осы бұғаз «Азияның Суэц каналы» деп аталынып кеткен.

Жаңа мемлекеттің пайдасына Малайзия құрамында біраз уақыт болған Сингапур одан өз территориясын қорғап қалды. Малайзияның мұнай және өндіріс қуаттары бар ішкі аудандары Сингапурдан жақын орналасқан, екіншісі, осы өндірістері қалаға жақын орналасқанымен Сингапурдың дамуын қиындатпады. Жағымды жақтарына Сингапурда ашық және толығымен ғаламдық сауда экономикасын дамытуға кедергі жасайтын басыбайлы ауыл шаруышылығы болмағанын да жатқызуға болады.

Сингапурдың оқшауланушылығы оның жоғары үстеме қосымша құны бар өндірістерді дамытуға итермеледі, өз кезегінде осындай жағдай Сингапурды сыбайласқан индонезиялық шенеуніктері мен кәсіпкерлері үшін ақшаның ізін жасыру орталығына айналдырды.

Сингапурдың жетістігінің тарихи қалыптасқан тағы бір факторы бар. Ол елдің иммигранттарды қабылдап, біріктіруге дайын болуы. Бұндай жағдай табиғи жолымен пайда болды, яғни елдің әлем көлік жолдарында орналасуымен байланысты. XX ғ. Сингапур халқының едәуір бөлігін оңтүстік Қытай мен Үндістанның оңтүстік провинцияларының тұрғындары болатын. Ли Куан Ю кезінде иммиграцияға үлкен үміт артқан. Мысалы, Сингапурде туылған азаматтардың саны 1980–2000 жылдары 80%-дан 64%-ға дейін төмендеді, ал 2011 ж. – 62% ғана құрды. Әлем әлеуметтанушылары 2030 ж. жергілікті халықтың саны 46%-ға дейін төмендейді деген болжам жасайды [1:6].

Бұндай жағдай экономикалық дамуға үлкен әсер тигізеді, дегенімен түрлі мәдениеттердің, дәстүрлерінің бар болуы, шыдамдылық, тағы да үкіметке қарсылыққа алаңдамай өз жұмысын жасауға көмектесетін (әзірше) саяси мойынсыну бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ломакин В. К. Мировая экономика. – М.: Юнити, 2012. – 671 с.
2. <http://asiavector.ru/countries/singapore/>
3. <http://fedin.org/ekonomika/chudo-yuzhnoj-korei.html>.
4. https://www.google.ru/?gws_rd=ssl#newwindow=1&q=%D1%8D%D0%BA.
5. <http://old.radiotochka.kz/news/full/700.html>.
6. http://kommentarii.org/strani_mira_ekiklopediy/singapur.html

АБДЫХАНОВ У.К. СИНГАПУР – ОДИН ИЗ ВОСТОЧНОАЗИАТСКИХ ТИГРОВ

В статье рассматриваются вопросы процветания Республики Сингапур. Исследователь свидетельствует, что краеугольным камнем интенсивного развития экономики Сингапура является развитие правительством предпринимательства, политика привлечения иностранных инвестиций, инвестирование медицины и инфраструктуры страны. В статье подчеркивается, что большую помощь в развитии экономики республики оказали «остатки» колониальной системы: хорошее

знание английского языка населением страны способствовало взаимодействию предпринимателей всего мира, географическое положение страны тоже сыграло положительную роль в возрождении страны. Отмечается, что в историческом формировании Сингапура есть очень важный фактор – вовлечение иммигрантов и их сплочение.

Ключевые слова: экономика, развитие, ресурс, экспорт, результат, производство, корпорация, инвестирование, достижение.

ABDYHANOV U.K. SINGAPORE IS ONE OF THE EAST ASIAN TIGERS

The article discusses the prosperity issues of the Republic of Singapore. The researcher testifies that the cornerstone of the intensive development of the economy of Singapore is the development of entrepreneurship by the government, the policy of attracting foreign investments, investing in the medicine and the country's infrastructure. It is shown that the footprints-of the colonial system contributed to the development of the economy of the republic: a good knowledge of the English language by the population of the country, which facilitated the interaction of entrepreneurs all over the world, the geographical position of the country also played a positive role in the revival of the country. It is mentioned, that in the historical formation of Singapore a very important factor is the involvement of immigrants and their solidarity.

Keywords: economy, development, resource, export, result, production, corporation, investment, achievement.

УДК94(574)

**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВТІҢ ӨМІРІ
МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ.**

АЛДАБЕРГЕН М.Н.

Мақалада Қазақстан мемлекетінің тарихында мемлекеттік және қоғамдық қайраткер ретінде ерекше еңбектерімен өмірес із қалдырған тарихи тұлға Өзбекәлі Жәнібековтің өмір жолдары мен қызметтері туралы мәліметтер баяндалады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалардың мазмұнында айтылғандай мемлекетіміздің ұлттық кодын анықтап, сақтай білуде және оны болашаққа жеткізуде, ұлттық сананы жаңғырту, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша құрметпен қарау, тарихи тұлғалардың туған жерге қызметі жалпы шынайы патриотизмі Өзбекәлі Жәнібековтың мемлекеттік, қоғамдық деңгейдегі іс-әрекеттері, шығармашылық мұрасы нақты деректер негізінде айқындалады.

Кілт сөздер: тарихшы-этнограф, қазақтанушы, тарихи тұлға, мектеп-интернат, театр өнері, комсомол комитетінің хатшысы, қазақ әндерінің фестивалі, бөлім меңгерушісі, істің адамы, қазақ диаспорасы, Қ.А.Яссауи кесенесі, музей ісі, этнографиялық мұражай, қоғамдық және мемлекеттік қайраткер.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы-этнограф, қазақтанушы, әулиелі топырақ, сансыз баптың мекенінде, тарихқа тұнып тұрған қазіргі Түркістан облысының, Отырар ауданына қарайтын, Арыстың Сырға құяр мекеніндегі қоныстардың бірі Сарықамыс ауылында 1931 жылдың 28 тамызында қазақтың маңдайына бітер дара тұлға – Өзбекәлі Жәнібеков дүниеге келді. Салт дәстүрмен ата-анасы көршілерді шақырып, шілдехана жасап, ағайындар арасындағы ең қадірлі көнекөз қарт Өзбек ақсақалдың құрметіне Өзбекәлі деп ат қойылды.

Әкесі – Жәнібек Құдиярұлы, анасы – Қаныша Томашқызы қазақ ауылдары ұжымдасқанға дейін мал дегеннен жеті-сегіз қой ешкісі, жалғыз сиыры, жүріске мінетін жалғыз аты болғандықтан ешқайда көшіп-қонбай, жер шұқып, диханшылықпен айналысқан. Өзбекәлі дүниеге келгеннен соң көп ұзамай әкесі қайтыс болып, анасы Қанышаны әмеңгерлік жолымен жақын туысы Серім Сейтбекұлына қосты. Анасы Түркістан маңындағы Құш Ата деген қыстақтың тұрғыны Томаш деген кісінің қызы болатын. Анасы Қаныша отырықшы елдің дәстүрінде тәрбие алған, ойындағысын бұлтартпай айтатын, жасында ән салып, би билеген, шашы тізесіне түсетін ажарлы кісі болған.

Өзбекәлі Жәнібеков «әкем бар» деп айтпаған. Оның себебін өзінің «Тағдыр тағылымы» атты мемуарында, неге айта алмайтынын жазды.

«1939 жылы өгей деуге аузым бармайтын әкем Серім Сейтбекұлы бізді қасына көшіріп алды. Ол кезде ежелгі Отырар құландасының маңында ақүй, қараүйді қатар тіккен әлді қазақтың бірі болған. Әкемнің менімен тетелес өз баласы Абаш болса ата-анасының еркесі, құнанына мініп, шапқылағаннан басқа ештеңе бітірмейді. 1939 жылдың күзінде ұжымшардың орталығы Қоғамдағы мектептің екінші класына баруға тура келді. Менің әке деуге аузым бармайтын Секең өзі жетелеген атқа отырғызып, мектепке алып барды. Жолда кездескен бір адам. «Секе, бұл кімнің баласы қайда алып барасыз?» деп сұрап еді,» осындағы бір жесір әйелдің баласы еді, оқуға алып барамын» дегені. Осыдан-ақ бұл кісінің мені өзіне жақындатқысы келмейтінін ұқтым. Сол бір сәтте «өзімнің балам» дегенін өмір бақи кешіре алмадым. Мен де оны «әке» деп атаған емеспін» [1, 19-20б].

Ағасы Спандияр Финляндия соғысында ерлік көрсетіп, Ұлы Отан соғысы басталысымен хабар-ошарсыз кетеді. Үлкен әпкесі Күлараш та тұрмысқа шыққаннан соң, араға көп уақыт өтпей ерте дүние салды, сөйтіп әпкесі Мәдинемен бірге өседі. Сыңар қозыдай бірге өсіп келе жатқан әпкесі Мәдинемен де көп ұзамай айырылды. Көп ұзамай, тоғызға енді толған Өзбекәлінің тағдырын шешпек болады. Сөйтіп оны Серімнің Маяқұмдағы бухгалтер болып істейтін үлкен ұлы Қожаның қолына береді. Бұлардың үйінде де балаларын жұбатып, отынын жарып, суын тасып берумен күн

көрдi. Отан соғысы басталысымен Қожан әскерге алынды. Өзбекәліні Серiм өз шаруашылығында пайдалану үшiн өз отбасына қайтарып алды. Ендi бiрге туған аға-ападан айырылған, жетiм бала аялы алақанды, жамағайын туысы Құрмаш атасынан көредi. Құрман атасы – мейлiнше инабатты, қайырымды, болмысынан адал, сыпайы кiсi едi. Өзбекәлі Жәнібековтiң балалық шағы жоқшылықпен өтедi. Анасы жұрттың отымен кiрiп, күлiмен шығып аурушаң болады.

«Жылтыратып киiм кимеген, тойып ас iшпеген бала «Өзбекәлі» әдiлетсiздiкке әбден налиды. Анасы баласына басу айтып отыратын, өмiр деген бiр қалыпты тұрмайды, бiздiң де күнiмiз туар, сен уайымдай берме – деп жұбатып, жiгерлендiре түсетiн. Анасы да көп ұзамай, ауруы асқынып көз жұмады. Өзбекәлі анасы дүниеден өткен күндi былайша есiне алады.

«Жылайын десем, көзiмнен жас шықпайды сiресiп қатып қалыппын. Сол күнi апамды Арыстанбаб әулиенiң маңындағы ескi мазарға жерледiк. Мен болсам iштей тебiренгендiктен бе, әлде бойымды күйiнiш сезiмi биледi ме, апамның денесiн жерге бергенде де, көзiмнен жас шықпай, iштей тынып тұра берiппiн. Анамның мүрдесiне төрт-бес күрек топырақ салдым. Бәлкiм, баланың қиял елесi болар, осы сәтте менiң көзiме әулиенiң үстiнен көк түгiн көрiнгендей болды. Құран оқылып, бата қылғаннан кейiн жұрт ауылға қайтты. Анамнан айырылып, iшiмнен қан жұтып келсем, ауылдағы көрiнiстi көрiп есеңгiреп қалдым. Анамның киiм-кешегiн, төсегiн өртеп, ұлым «Спаным келсе, тойға жаратамыз» – деп өрiп қойған қақтарын да лақтырып жiберiптi. Анамды емдетпегенi былай тұрсын, баласынан қалған бес-алты қойын, баспағын жаратып, дәстүрлi «жетiсiн», «қырқын», «жылын», да өткiзбедi. Мен үшiн қаралы күнгi көрiнiс ағайын-туғанның зұлымдығы мен екiжүздiлiгi естен кетпес қайғылы қасiрет болып, жүрегiмде мәңгiлiк қалып қойды»[1, 21б.].

Өзбекәлі Жәнібеков жас кезiнен әдiлетсiздiктi, қағажуды көп көрiп, опық жегендiктен бе тентек, қыңыр боп өседi. 1938 жылғы 1 қыркүйекте мектепке барған. Мектеп жанындағы интернатта алыстан келген оқушылар жатып оқитын. Өзекең сол интернатта жатты. Сол жылдардың өзiнде ол өзiнiң құрдастарымен салыстырғанда әр салада өз мүмкiндiгiн, қабiлетiн байқатты. Әлi есiмде интернатта жатқан балалар (онда қыз балалар болмайтын) бiр себеппен мектептiң екiншi қабатының күн батыс жағындағы шеткi үлкен бөлмеге ауыстырылыпты. Ол бөлменi тастап балалар бұрынғы орындарына кеткеннен кейiн қарасақ, сол бөлменiң үлкен қабырғасында салынған ат үстiндегi қазақ батырының керемет үлкен суретiн көрдiк. Бұрын ондай суреттi көрмеген бiздер таң-тамаша болып ол суреттi кiм салғанын сұрастырдық. Суретте ат үстiндегi батырдың басына кiген дулығасы, сауыт-сайманы бәрi керемет салынған болатын. Кейiн бiлгенiмiздеi оны салған

Өзбекәлі болып шықты. Ө.Жәнібеков өнерпаздар үйірмесіне де қатысып ән айтып, би билейтін, «Екпінді жас» деп аталатын қабырға газетін басқарып шығаратын да Өзбекәлі еді. Өнердің осындай түрлеріне қызығушылық оның талантының көзін ашуға, ықыласын, құмарлығын арттыруға әсер етсе керек. «Тентектен түзелген таптырмайды» дегендей, кісі есігінде жүріп, әркімнен қалған киімді киіп, әр адамнан қалған асты ішіп күн кеше жүрсе де бала Өзбекәлі мектепте ән айтып, би де билепті. Отырар төбеден тарихи ескерткіштер тауып, мектепте музей мүйісін ұйымдастырып, сыныпта баяндамалар жасапты...

Алайда, тағдыр қаншама илесе де, жүнжудің орнына өршелене өсті.

Соғыс жылдарында балалар оқуды тастап кеткенде, ол оқуды тастамады. 1945 жылдың күзінде жеті жылдықты бітіріп, аудан орталығы Шәуілдірдегі Жамбыл атындағы орта мектептің сегізінші класына көшті. Әкесінен көрмесе де жақсылықты, қарапайым ауыл ақсақалдары-Құрман, Әзімбек, Сарымолда, Айтбай аталарынан көрді. Ауыл ақсақалдарының мектебінен өтіп, тағдырдың тауқыметіне қарсы тұра білді. 1948 жылы Шәуілдірдегі Жамбыл орта мектебін бітіреді[2.5].

1948 жылы Шәуілдірдегі Жамбыл орта мектебін бітіріп, Алматыға аттанды.

1948 жылы: Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетінің студенті атанады (қазіргі Қазақтың ұлттық педагогикалық университеті).

Тумысынан қабілетті Өзбекәлі ұстаздарынан тәлім алып, білімге тереңден қояды. Ол – салмақты, ұяндау, бұйра шашты, қараторы әдемі жігіт әншілігімен, дарындылығымен студентер арасында беделге ие болды. Сол кездерде тарих мамандығына соғыс жылдары ығысып келіп, біраз мерзімге қалып қойған мықты маман оқытушы – профессорлар сабақ берер еді. Өзбекәлінің бағына жолыққан қыдырдай болыпты ол профессорлар. Күндіз бір мезет оқу, бір мезет вагоннан отын түсіру, кісі жұмысын істеп күнкөріске қаражат табу – Өзбекәлінің бес жылғы кәсібі. «Жатақханадан орын тимей, пәтер жалдайтын едім, қымбатына степендиям жетпейді, арзанында жағдай жоқ. Жарты жыл орындықты қаздай тізіп соның үстіне жатып шыққан кезім болды» деген еді. Осыдан-ақ Өзбекәлідей өспірім жастың соншалық қиналаспен қол жеткізгенін көруге болады. Ауылдан ақша салар ешкім жоқ. Жетім бала «шықпа жан, шықпа жан.» – деп осылай күн кешсе керек.

Ол жылдары институтта театрланған әдеби үйірме жұмыс істейді екен. Оған – Қазақ драма театрының әртісі Қ.Бадыров жетекшілік жасайды. Атақты актер Қапан Бадыров жетекшілігімен студент жастар Ғабит Мүсіреповтің «Ахан сері – Ақтоты» пьесасы бойынша спектакль дайындайды. Онда Өзбекәлі Жәнібек Мылқаудың рөлін ойнайды. Оқу орнындағы осындай

үйірме оны театр өнеріне жақын етіп тәрбиелегендей. Кейін Торғай облысында облыстық сазды-драма театрын ашуға мұрындық болатының жастық шақтағы осы машықтың әсері болса керек. Бірде одан сұрапты: «Сіз театр өнерін жақсы білесіз, сүйесіз. Сіз театр маманы емессіз бе? Оқуын бітірген жоқсыз ба?» – деп! Өзекең айтыпты: «Өртеніп кеткен театрдың режиссерімін» – деп! Айтса – айтатыныңдай бар, театр ол үшін өмірлік мақсат қана емес, тіршіліктегі қызметтік машақатқа да айналды сан рет! Шаршаған шығар, жібі түзу театр жасаймын деп билік алдында кіріптар, өнерпаз алдында, кішік болған шығар. Әйтсе де бұл салада мақсатына жеткен Өзекеңді қазақтың өртенген театрын қалпына келтірген өнер қайраткері деп атауға болар. Тірідей бейнет кейде өлідей құрметке осылай айналады![3]

Ғылымның, білім-танымның әр түрлі салаларынан сусындатқан дәрістерін тыңдап, тәлім-тәрбие алған ұстаздары: Халел Әділгереев, Мұсатай Ақынжанов – Мәлік Ғабдуллин, Райса Григорьевна Лемберг, аға оқытушы Серғали Толыбеков болды. Оның о бастан қоғамдық қызметке, мәдениет пен өнер жағына бейімделуі осы кісілермен қатар тікелей әсер еткен, кейіннен халықтың дәстүрлі өнерін зерттеуіне себепкер болғандардың ішінде Қазақстанның халық әртістері Қапан Бадыров, Асқар Тоқпанов, Валентина Пирогова бар еді.

1952 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының тарих факультетін бітіреді.

(Қазіргі Түркістан) облысының Келес ауданындағы орта «Ленин жолы» мектебіне мұғалім болып жұмысқа орналасты.

Тарих пәнінің мұғалімі, пионер жетекшісі, сынып жетекшісі, мектептің бастауыш жастар ұйымының жетекшісі, осы жұмыстардың бәрін абыроймен атқарған.

Балаларға жақын болып, күй талғамай, өз уақытын аямай, бала бақытын аялауға барын салды.

Сабақтан тыс уақытта тал тіктіріп, мектеп айналасын, ауыл-аймақты жасыл желекке көмкерген – кісі.

Осының айғағы болар күні бүгінге дейін «Жәнібеков теректері» – деп аталады.

1952 – 1955 жылдары оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс атқарған.

Осы ерен еңбектерін бағалай отырып, соғыстан кейінгі жылдардың аудан ағалары Ә.Жылқышиев, К.Ысқақов – Өзбекәліні аудан жастарының жетекшілік қызметіне қинап көндірген.

(1955 – 1956), Келес ауданы комсомол комитетінің 1-хатшысы. Бұл міндетті де асқан абыроймен істеді.

Аудан аты облысқа жетті. Өзбекәлі – облыстық жастар ұйымының жастар жетекшісі хатшылыққа шақырылды.

Жетім балалар үйінде тәрбиеленген, (Владимир Байжанов) облыстық комсомол комитетін басқарған хатшы В.Байжанов Өзбекәлінің бойынан жалындаған жалын көреді.

Бар білгенін айтып, жақсы көріп, тәрбиелейді. Партия жұмысына ауысқанда орнына Өзбекәліні ұсынады.

1956 – 1961 Шымкент облысының комсомол комитетінің хатшысы.

Комсомол комитетінің хатшысы жұмысына кіріскен соң көп қиындықтармен күресуге тура келеді. Қазақ жастарының тағдыры көп ойландырады. Қазақ жастарын мал бағуға шақырады партия. Бұл бастама жастар жетекшісі Өзбекәліге ұнамайды.

«Бабасының сорына біткен қой бағу – қазақтың баласының маңдайына жазылып па? Жақсы болса орыс нәсілді жастар неге қой бағуға бармайды? Қазақ жастарын оқу-білімге бағыттауымыз керек. Ең болмаса өндіріске жіберу шарт. Қалалық мәдениетті үйренсін!» – деп қарсылығын ашық білдіреді[1.51].

Қазақ жастарын өндіріс салаларына тарта бастайды.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.И.Макаров, Ливенцов жастар жетекшісі Өзбекәлі Жәнібековке үрке қарайды. Жолына кедергі болып, тосқауыл қоя бастайды.

Қарама-қайшы қарсылықтар көбейе береді, облыс басшысымен жастар жетекшісі арасы ажырай береді.

Жазушы Қалаубек Тұрсынқұлов «Қал қалай жолдас хатшы?» – аталатын романтикалық туынды жазды.

Шығарма Өзбекәлі Жәнібеков туралы. Қалаубек Тұрсынқұлов бұл кезде Облыстық Комсомол комитетінің қатардағы хатшысы. Өндіріс жағындағы қазақтар аз болатын, өндірісте жұмыс істей алмайды деген сөз емес. Сол кездегі саясат қазақ балаларын егін егіп, мал бағуға, әрі кетсе мұғалім болуға итермелейтін. Техникалық мамандықтарды көптеп игеруге жол бермейтін. Шымкенттегі пресс-автомат, қорғасын зауыттары секілді өндіріс ошақтарында қазақтар сирек болатын.

Өзбекәлі Жәнібеков аталған зауыттардың комсомол комитетінің жетекшілерін мамандардан сайлау туралы ұсыныс берген. Аудандық, қалалық комсомол комитеттерінің хатшылығына ұсынған ұлты орыс кандидаттарды өткізбей тастап, қазақтарды тағайындаған. Қазаққа бүйрегі бұрып тұратыны анық көрініп қалып, обкомның басшыларына жақпай жүретін. «Арыс – Түркістан» каналының құрылысы аяқталғанда көптеген кеңшар ашылды. Солардың бірі «Бөген» савхозы болатын. Обкомның бірінші хатшысы Макаровқа кіріп басшылық жасауға Бөгенге жіберуін сұрапты.

Облыстық деңгейдегі қызметін, жайлы кабинетін тастап, алыстағы енді құрылып жатқан ауылға, қыруар жұмыс пен шаң-тозаңның арасына баруға сұранып жүрген қандай ел жанды азамат десеңші?!

Бөгенді гүлдендіріп, қазаққа тағы бір абаттанған ауыл сыйлау екен ғой.[4]

Георгиевка қыстағындағы мүгедек балалар үйіндегі адам төзгісіз ауыр жағдайды көріп, шұғыл көмек көрсету қажеттігін Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитеті бюросында мәселе етіп көтереді.

Бюджеттен қомақты қаржы бөлді, балалардың жататын жатаханасын күрделі жөндеуден өткізіп, спорт, ойын залдарын қажетті құралдармен жабдықтап, азық-түлікпен уақытылы қамтамасыз етуін өзі қадағалады. Бұл да үлкен адамгершіліктің белгісі.

Ата-бабам «Жетім көрсең, жебей жүр» деген өсиетін берік ұстаған кісі.

«Егер Өзағам комсомол, партия қызметіне ауыспағандай күн туғанда тамаша ұстаз болып, тәрбие саласынан құнды еңбектер жазуы да сөзсіз еді деп ойлаймын.

Ол кісінің мектептен тыс қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы, әсіресе, аудандық «Білім» қоғамының тапсыруымен далада арық қазып жатқандарға халықаралық жағдай туралы лекция оқып, көзге түсуі комсомол, партия жетекшісі болып жетілуіне жол ашқан мүмкіндіктер дер едім.»

Халыққа істеген жақсылығының қайсыбірін айта берейік, том-том кітап жазса да таусылмас – деп тебіренеді Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.[5]

«Өзбекәлі Жәнібеков – қазақтың маңдай алды, аса көрнекті қайраткері. Ол кісінің әрі саясат, әрі мемлекеттік, әрі мәдени қайраткер десе болады. Әсіресе ол біздің ұлтымыздың тарихын, мәдени мұрасын, өнерін, өткен әдебиетімізді зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан адам. Өзбекәлі Жәнібеков жәй ғана зерттеп қойған жоқ, көптеген жәдігерлерді іздеп жүріп ашып, оларды насихаттап, зерттеуге барынша күш салды.»

1961 жылы Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің 1-хатшысы сайланды. 1962 жылы ақпанның 27 – 28 күндері Қазақстан комсомолының X съезінде сөз сөйледі.

Қандай қызметте жүрсе де, жастардың қамын ойлау, қазақ жастарын көтеруді мақсат тұтты. Өзбекәлі Жәнібеков Мәскеуде ВЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшылары Тяжельниковпен, кейін Пастуховпен сыйласа қызмет істеді.

«Тяжельников – парасатты жан еді», «Пастуховтан қағаз жазғанда қайшымен жұмыс істеуді үйреніп едім» – деп жазды Өзекең.[6.50]

Комсомол жұмысынан кейін Өзбекәлі Жәнібековті Қазақстан Орталық партия комитеті Торғай облысын ұйымдастыруға жіберді.

1970 жылы жаңа құрылған Торғай облысы партия комитетінің үшінші хатшысы қызметіне келді. 1970-1975 Қазақстан Компартиясы Торғай облысы комитетінің хатшысы.

Өндіргіш күштері дамымаған, қойнауында қазба байлықтар жеткілікті бола тұра, кішігірім боксит кеніштерінен басқа мардымды өнеркәсібі жоқ, ауыл шаруашылығы дән өндіру бағытында ғана біржақты өркендеген, жол қатынасы нашар, байланыс құралдары мен коммуникациясы жетілдірілмеген, халқының мәдени-тұрмыс жағдайы төмен, қысы ұзақ, үскірік желді, қарлы-боранды, жазы – керісінше қысқалау, қуаң да ыстық болып келетін Торғай даласында жаңа облыс құру оңайға түсе қоймады. Облыстың бір-бірінен ерекшенелетін екі бөлігін – тың игергендіктен едәуір дәрежеде жоғары механикаландырылған ауыл шаруашылығы бар солтүстік аймағымен негізінен жайылымды мал шаруашылығымен айналысатын, күш-қуаты аз, жұмыс қолы жете бермейтін, қазіргі заманға игіліктерден құр алақан қалған десе де болатын оңтүстік аудандарын өзара теңестіру үшін де қыруар қаржы, уақыт керек еді.

Бұрын болған, бүгінде жоқ облыстың кезінде ту көтерушілері санатында С.Құсайынов, Қ.Тұрсынов, М.Сағадиев, Е.Башмаков, Ө.Жәнібеков есімі. Бұл азаматтар: «Торғайдың ырысы, бағы болған азаматтар».

Өзбекәлі Жәнібековті торғайлықтар елден ерекше сүйді.

Сол кездегі облыстың бірінші басшысы С.Құсайыновтың өзі: «Мен Өзбекқалидай сауатты емеспін, жұмысшымын. Барлық саяси, мәдени мәселелерді Өзбекқалимен шешіндер» деп отырады екен.

Партиягерлер мінезінде өте сирек кездесетін кісілік кеңдік. Әдетте партия басшылығы еріксіз құрметтеліп, тағынан түскен соң жұртшылық «алды-артына бір уыс топырақ...» деп бетін теріс бұрып отыратын еді. Ал облыстың бірінші хатшысы да емес, қатардағы хатшысы Өзбекәлі Жәнібековке дегенде торғайлықтардың махаббаты әлі күнге күйіп тұр.

Өзбекәлі Жәнібековтың өзге басшылар секілді жоғарыдан басқару үшін емес, жергілікті жұртшылық кеудесіне перзент болып кіре білгенінен. Ел тарихын, Жер тарихын жақсы білгенінен. Тарихи білім-білікті талапқа ұласқанда ұлтым деп ұмтыла соққан жүрек не жасатпайды, құдай-ау?!

Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі Торғай өңірінің мәдениетімен, өнерімен өзектес болды деп айтсақ, артық айтпаған болар едік. Жас сәбидей болған, жас қаланың аяғын теңдеп басуына, яғни мәдениетінің гүлденіп өркендеуіне еңбек сіңірген, өз қызметін адал да абыройлы атқарған абзал азаматтың бірі. Торғай өңірінің мәдени тірлігін көтеріп, өнерді түлетуге өлшеусіз еңбек етті.

Қазақстанда қазақ мектептері жабылып, орыс мектебіне айналып жатқанда, Торғайда орыс мектебін жаптырып, қазақ мектебіне айналдырған.

1975 жылы 15 қаңтарда облыстық «Торғай таңы», «Тургайская новь», газеттерінің алғашқы сандары шықты. Облыстық радио станциясы іске қосылды.

1971 жылы 19-20 маусымда Арқалықта бірінші рет «Торғай әуендері» фестивалі ашылды.

Халық батыры Амангелді Имановтың 100 жылдың мерей тойына қарсы облыстық тарихи-өлкетану музейін ашты.

Торғай облысына қалдырған үлкен ізі – ол Арқалықтағы музыкалық драма театры. Бұл театрға жер-жерден әртістер жинады.

Торғай облысы тұрғындарының бар-жоғы 20 пайыздан астамы ғана қазақтар еді. Кейбір аудандарда жоқтың қасы. Соған қарамастан Өзбекәлі Жәнібеков жыл сайын «Торғай әуендері» қазақ әндерінің фестивалін өткізіп тұрды. Оған барлық дерлік аудандар қатысатын. Шара ашық аспан астында ұйымдастырылып, киіз үй тігілген. Өзекең қатысушылардың бәрінің ұлттық киім киюін бақылайтын. Осы дәстүр сол өлкедегі қазақтардың орыстанып кетуінің алдын алды. Фестивальден қанаттанған әншілер Қазақстанның белгілі мәдениет қайраткерлеріне айналды.

Ол кісінің қазақ мәдениеті үшін еткен еңбегі, төккен тері туралы айта берсең том-том кітаптарға арқау болар әңгіме. Арқалық қалалық партия комитетінің төрт қабат ғимаратын алып, облыстағы алғашқы музейді ашқанының өзі бір аңыз. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында Өзекең қандай қарсылыққа тап болмады десеңіз. Өзі аштырған облыстық қазақ сазды-драма театрына үнемі жанашырлық танытып жүретін. Қойылымдардың дайындығына жиі қатысып тұрушы еді. Актёрлерге араласып «былай сөйле, былай жүр» деп ынта-шынтысымен кірісіп кететін. Режиссерлер мен суретшілерге қазақтың ұлттық киімінің ерекшеліктері, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы туралы кеңес беріп отыратын. Өзекең бұл саланың нағыз білгірі болатын.

Облыстың құрылғанына бас аяғы екі жарым-үш жылдай уақыт өтпей жатып-ақ, Арқалықта аэропорт, автовакзал, теміржол вокзалы, байланыс үйі, облыстық аурухана, екі арнаулы орта оқу орны ашылды.

Талдықорған облысына арнап жоспарға енгізілген педагогтік институтты Арқалыққа ауыстырды.

Қайда көз жүгіртсеңде Өзбекәлі Жәнібековтің салған іздері сайрап жатыр.

Не істесе де бәрін «Қазағым» деп істеді.

– Қазақты шын жүректен сүйген, қазақ десе ішкен асын жерге қойған, ұлт үшін жанын қиюға даяр азамат, біртуар тұлға – Өзбекәлі Жәнібеков дер едім.

Осындай азаматпен қызметтес болған еңбек ардагері – Бақыт Тілеубаевтың «Нағыз ұлт перзенті еді» мақаласынан мына дерекке көз тоқтатсақ.

«Бірде бюроның отырысында Державин ауданының бірінші хатшысы бидайға түскен жылқыларды түгел атқызып тастағанын айтты. «Я им организовал белый террор» деп масайрап сөйледі. Тіксініп қалдық. Жылқыны қазақ қана ұстайды. Арқа қазағының негізгі күнкөрісі – жылқы. Оны жаппай атып тастау – басыну, қорлау. Мұны білсек те тілімізді тістеп айта алмадық. Жиыннан соң Өзекең дереу бізді шақырып, осы мәселені бюроның келесі отырысына дайындауды тапсырды. Біз әлгі хатшысымақтың басқа да кемшіліктері мен қателіктерін тізбектедік. Келесі отырыста Өзбекәлі Жәнібеков оның әрекеті халықты қанау екенін, жылқыларды атудан келген залал бидайға тиген зиянынан бірнеше есе көптігін дәлелдеді. Менменсіген аудан басшысы бюро мүшелігінен, тіпті партия қатарынан шығарылып, қызметінен кетті. Жиналыс тарап жатқан кезде Өзағаң басы салбыраған сабазға: «А мы вот тебе организовали красный террор» деп мысқылдады. Тағы бір бюро отырысында Жангелдин ауданындағы білім мәселесі талқыланды. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Бычковты шақырсақ, идеология жөніндегі хатшыны ерте келіпті. Оның ұлты қазақ екен. Бірінші хатшы бар мәселені соған аударып қойды да өзі тыныш отырды. Бюрода 4 қазақ, 5 орыс бар. Олар ұлты қазақ хатшыны әбден қыспаққа алды. Бүйтсе берсе, қатаң жазаланатын түрі бар. Сол кезде Өзекең тұрып, обкомның бірінші хатшысына қарап: «Жолдас бірінші хатшы, ауданның барлық – тыныс тіршілігіне оның бірінші басшысы жауапты, сұрақтардың соған қойылуын сұраймын» деді. Содан жайбарақат отырған Бычков сұрақтың астында қалып, ақыры қатаң сөгіс алып тынды. Осылайша Өзекең тағы бір қазақты қорғап қалды»[7,4].

Торғай облысы жабылғанда, торғайлықтар «Өзбекәлі» болғанда жаптырмас еді – деп ах ұрды. Өзбекәлі Жәнібеков Торғай сахарасын сүйіп кетті, ежелгі Торғай да оны өзінің ұлы етті.

Өзбекәлі Жәнібеков жайлы жазылған жүрекжарды шумақтарының бірі.

Өткен ғасыр...

Жетпісінші жыл басы,

Торғай жері –

Таланттардың тұнбасы,

Өзбекәлі,

Арқалықта жолықты,

Өзгелерден ерек тұрған тұлғасы.

Әулие ме,

Әмбие ме – бұл кісі,
Өзгелерге ұқсамайды түр-түсі.
Періштелер мекен еткен
Пейіштің
Қоңыр салқын самалындай күлкісі.

Тұла бойы –
Тұнып тұрған даналық,
Жаратқаннан өзгеше болып жаралып,
Тұрар дәйім,
Тұғырында отырса –
Қырандайын,
Жан-жағына қаранып.

Ол кім деме,
Өзбекәлі – бұл ағам.
Хас өнерге жан-тәнімен құлаған.
Амандығын тілеуші еді –
Әр қазақ,
Жалғзыңдай,
Тәңіріден сұраған.
Ерен еді,
Еңбегімен еленген,
Тарихыңды тартушы еді тереңнен.
Айдағыны алушы еді сараңнан,
Қайдағыны табушы еді кереңнен.

Көрсен болды,
Кетпес еді есіңнен.
Мейірленсе,
Мерейінді өсірген.
Торғай суы
Тобығынан келмейтін,
Батыр еді –
Кешіп өткен Есілден.

Қас жауымен
Қасарысқан
Қарысқан.
Жан – жүрегі

Жаратылған намыстан.
Кері кеткен
Кесірінен кеңестің
Менің ағам «мыңмен жалғыз алысқан».

Менің ағам,
Өзбекәлі өз ағам.
Сөзі таудай,
Биік бірақ,
Өзі одан.
Ақ жүрегі ағыл-тегіл өлең жыр,
Көкірегі тұнып тұрған ғажап ән.

Өзбекәлі,
Өз ағам ғой ол менің.
Сен Жердегі
Темірқазық белгі едің.
Кеудесі оның –
Ұлы өнердің ұясы,
Ұлы өнердің көрген жоқпын өлгенін.

Бәрі сыйып,
Бәрі пісіп – басында.
Сүюші еді туған жердің тасын да.
Арыстандай
Азамат ең
Ақыры –
Қалдың мәңгі,
Арыстанбаб қасында![8.7]

Өзбекәлі Жәнібеков Орталық комитеттің Халықаралық байланыс бөлімінің меңгерушілігі қызметіне шақырылды.

В рассказе «Пень» Отар Чхеидзе показывает, что издревле многие вопросы общества решал старейшина, которым мог стать человек по праву старшинства и мудрости. В противном случае нарушался порядок, который зиждется на справедливости, жизненная гармония. Писатель показывает, что может случиться, если эти установки нарушатся. Один из тех, кому следовало быть старейшиной, вдруг испугался бремени ответственности и отказался от «трона», на который по праву и справедливости должен был сесть он.

«Трон» занял легковёрный, молодой, и сместился установленный веками порядок: молодые не по чину сидели вокруг места старейшины, а старики стояли. Молодёжь, не имеющая знаний, жизненного опыта, не могла отличить разумное от глупого, добра от зла, и «исчезло изобилие. Амбары наполнялись и пустели в мгновение ока, развевалось добро по ветру [2]». Такое явление кабардинский поэт Алим Кешоков ярко выразил в стихотворении «Ветер»:

...ветер перемен людских
Не над полем, не над океаном,
Этот ветер в людях, в них самих [3].

Однако, как только занял трон другой – мудрый, бесстрашный, – чей черёд наступил, всё изменилось, снова засияло солнце. «Знал он, что есть

жизнь, что деревня вечна, что жизнь мимолётна-ничто по сравнению с жизнью вечной» [2].

Философичность творчества Отара Чхеидзе, размышления его о судьбе человека в аспекте традиций национальной культуры объясняют его приверженность притче. Она имеет вневременную актуальность.

Необходимо дополнить наблюдения писателей, отражённых в их произведениях, выводами азербайджанского литературоведа А. Гаджиева. «Эгоистичные персонажи отделились от окружающей естественной среды, отказались от общения друг с другом. Каждый защищает лишь себя и живёт в замкнутой и эгоистичной микросфере. <...> Индивид ставит свою выгоду прежде общих интересов, эгоизм прежде любви к другим, свою жизнь прежде истории. Поэтому мир этот разрушается изнутри – самонадеянная гордость человека приводит к всеобщему грехопадению. Всеобщий духовный кризис, таким образом, обуславливается не внешними факторами, а имманентными причинами» [5, с. 391].

Выводы Гаджиева художественно воссозданы казахским писателем Сейсенбаевым. Процессы и причины страданий человечества, отражённые Чхеидзе, Сейсенбаев лаконично выразил устами главного героя романа «Трон сатаны» Абылая: «Всё потому, что вы на трон карабкаетесь, а трон... шаткий. <...> Сатана жаждет трона и получит его, ибо он сатана. А не человек!» [4, с. 391] Писатель предельно ярко описал стремление дьявола «карабкаться на трон»: «Вы все властвовать хотите, вам нужно давить и унижать, пугать и топтать, приводить людей в трепет, чтобы они облик человеческий теряли и тоже становились нелюдьми». А кто такие «вы все...»? Прозорливый читатель может легко представить его себе. Далее Сейсенбаев раскрывает сущность «жаждущих трона»: «Там, где у человека сердце, у иных – пустота или камень. И если ты глух, безразличен к страданиям своего ближнего, сердце становится подножием для трона сатаны, а сам трон сделан из воздуха, отравленного жестокосердием и равнодушием» [4, с. 391]. Такое откровенное раскрытие характера человека в литературе встречается не часто.

В притче, равно как и в мифе, символ несёт основную смысловую нагрузку. Трон старейшины у Чхеидзе, как и волшебный сад Дариачанги в романе Чиладзе «Шёл по дороге человек», символизирует вечную гармонию. Стоит сломать в благоухающем саду лишь одну ветку, как сад тут же исчезнет. Но человеческий разум и воля, как показывают писатели, способны преодолеть всё, преодолеть и худшее из испытаний – безвременье.

Как вечны проблемы добра и зла, мудрости и глупости, так же непреходящи вопросы счастья, любви, одиночества. В этом убеждают нас

рассказы Чхеидзе, где под старинной маской притчи открывается лицо современного человека – страдающего, размышляющего, надеющегося.

Возможно ли спасение, спросим мы у авторов, развернувших перед нами картину подлинного апокалипсиса. Каждый из них ответил на этот вопрос. Прочитаем ещё раз их произведения, но следует отметить вывод Чиладзе в романе «Шёл по дороге человек». Он, возможно, не конкретен, наивен и идеалистичен, но подаёт надежду: «...Взору умирающего Парнаоза открывается когда-то исчезнувший с лица земли волшебный сад Дариачанги. Сказочное зрелище взволновало и маленького Икара. Парнаоз прижал ребёнка крепче, словно боясь, что тот улетит, и прошептал ему на ухо: «Вот таким будет мир.

– Но ведь он такой и есть? – удивился Икар.

– Да, есть и будет, – сказал Парнаоз» [1].

Творчество мастеров слова соответствует идейно-эстетическим, художественным требованиям мировой культуры, оправдывает надежды общества, литературы. В их произведениях отражены острые проблемы времени, они раскрыли психологию микромира отдельного индивида, создали нравственный облик общества в целом. Писатели в новом аспекте раскрыли проблемы экономические, экологические, этические, эстетические, а также взаимоотношения личности и общества, философского освоения концепции человека и его места в мире.

Сохранение человечества возможно, без всякого сомнения, в том случае, если мы внимательно прочитаем завещание художников и приложим все усилия, пусть даже сверхчеловеческие, чтобы это завещание выполнить. Писатели задали нам великую загадку, и мы обязаны на неё ответить.

ЛИТЕРАТУРА

1. <https://e-motion.tochka.net/4374-otar-chiladze-shel/>
2. <https://www.bestreferat.ru/referat-22974.html>
3. Кешоков А. П. Звёздный час. Стихи. – М.: Современник, 1979.
4. Сейсенбаев Р. Ш. Трон сатаны. Роман. Повести. Перевёл с казахского автор. – М., Художественная литература, 1988.
5. Гаджиев А. Творческая индивидуальность писателя. – Баку, 1990.

АБДЫХАНОВ У.К., АЛТЫНБЕКОВА Г.К. ӘДЕБИЕТТЕГІ ЖАЗУШЫЛАРДЫҢ ӨЛЕМ ТАҒДЫРЫНА ДАБЫЛ ҚАҒУЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Мақалада қазақ, орыс және грузин әдебиеттерінде көрініс алған адам мен қоғамның азғындаушылығы мәселелері қарастырылады. Авторлар Александр Куприн, Отар Чиладзе, Отар Чхеидзе және Роллан Сейсенбаевтің шығармаларын салыстырып, жазушылардың адамның жан құбылыстарына сезімталдылығын білдіретінін белгілейді, және олар қоғамның қарама-қайшылықтарын көрсететінін ашты. Зерттеушілер қалам шеберлеріне өз халықтарының тағдырына үрейленуін

көрсетеді. Шығармалардың әлденеше рет қайталаңғыш ойы: адамның рухани олқылығы әлемдегі тұспалдылықтан айырылуына және қоғамның күйзелісіне алып келуі мүмкін. Жазушылар әлемді құтқаруды халықтармен гасырлар бойы іріктелген адамгершілік құндылықтарын сақтауымен байланыстырады. Сонымен қатар еңбекте қалам шеберлерінің көркемдік ерекшеліктері ашылады.

Кілт сөздер: әдебиет, адамгершілік, шығарма, жазушы, мәселе, образ, идея, қоғам.

ABDYKHANOV U.K., ALTYNBEKOVA G.K. LEATHMOTH OF WORLD LITERATURE: MENTAL ANXIETY FOR THE FATE OF THE WORLD

The article discusses the degradation of man and society, reflected in the Kazakh, Russian and Georgian literatures. The authors, comparing the works of Alexander Kuprin, Otar Chiladze, Otar Chkheidze and Rollan Seisenbayev, note that the masters of the word, sensitive to the slightest spiritual manifestations of man's soul, reflect the contradictions of society. Researchers have shown that writers are anxious by the fate of their people.

Repeatedly emphasized idea: the spiritual inferiority of a person can lead to the loss of guidelines in the world and the stagnation of society. Artists find the salvation of the world in the preservation of such moral values that have been polished for centuries by peoples. The work also reflects the artistic features of the word masters.

Keywords: literature, morality, work, writer, problem, image, idea, society.

ӘОЖ 815.253

Ш.МҰРТАЗАНЫҢ «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ АНА МЕН БАЛА БЕЙНЕСІ

КАЖИАКБАРОВА Р.Б., ҮСЕНБАЕВА С.С., АЙДАРОВА А.А.

Мақалада көрнекті қазақ жазушысы Ш.Мұртазаның оқырманынан жоғары бағасын алған «Ай мен Айша» романындағы ана мен бала бейнесіне, авторлық бейненің астасып көрінуіне талдау жасалады. Ана мен бала бейнесінің өмірлік шындыққа сай да нанымды, әрі сол кезеңдегі бала ұрпақ пен аналардың типтік бейнесінің жасалу ерекшелігіне сынышы, әдебиетші ғалымдардың пікірін ескере келе баға беріледі. Шығармадағы образ жасаудағы жазушы шеберлігі, авторлық позиция мен символизм көрінісі аталып көрсетіледі.

Кілт сөздер: қазақ прозасы, образ, типтік образ, роман-диалогия, мемуар, повесть, классикалық реализм, әңгіме, эпизод.

Ұлттық әдебиетіміздің проза әлемінде өзіндік өрнегімен көркемдік даму арнасын кеңейткен Ш.Мұртазаның туындыларында тарих шындығы, қоғам, ұлттық тәрбие мәселелері өзекті орын алады. Қаламгердің «Ай мен Айша» романы жарияланған кезеңінен бастап оқырман тарапынан жоғары бағаға ие болды. Жазушы жетпіс жылға созылған кеңестік кезеңнің ең бір ұрымтал тұсын, өзінің өмір тарихындағы қиын қыстау балалық шағын таңдап

алу арқылы біздің ұрпаққа таңсықтау кезеңнің шындығын бейнелі сөз тұрғысынан рухани байытарлық дүние деңгейіне көтеріп көркем туындыда тарихи шындықтың көркемдік көрінісін бере білген. «Ай мен Айша» романы есте қаларлық оқиғалар тізбегі ғана емес, тар жол мен тайғақ кешу кезеңіндегі тау мен даланы жайлаған кешегі қазақ ауылының тағдыры жан-жақты қамтылады.

Халқының ардақты да айбынды ұлдарының бірі – Шерхан Мұртазаның шығармаларынан, ой-идеясынан қаламгердің өзі көрініп тұратынын, өзін тануға болатынын, көзі қарақты оқырман сезінсе керек. Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» роман дилогиясын осы мемуарлық шығарманың үлгісіне жатқызуға болады. Өзі туралы, өз анасы туралы жазған жазушы: «Жалпы, балалық шақ менің шығармаларымның бәрінен де орын алған. «Ай мен Айшадан» басқа «Мылтықсыз майдан» повесіндегі, «Интернат наны» секілді бір топ әңгімелерімдегі оқиғалар сол бала кездегі өзімнің көргендерім. Қай жазушы болса да, әуелі өз басынан кешкендерін жазады емес пе?!

Рас, ол кездегі көргенімізді қазіргі балаларға көрсетпей-ақ қойсын. Біз ұдайы аш жүретінбіз. Көктем ерте шықса екен деп тілейтінбіз. Біз туып-өскен өлке Жуалы деп аталады. Жуалы деген атынан да белгілі, тау бөктерінде, өзен жағасында табиғи жуа көп өседі. Анамыз Айша марқұм ескертіп отыратын: «Күн күркірегенше жұлмаңдар! Жемендер жуаны. Өліп қаласыңдар», – дейтін. Содан біз аспанға қарап телміріп, қашан көк жүзін бұлт бүркеп, жарқылдап найзағай ойнайды екен деп күтіп жүретінбіз. Содан кейін ғана жуаны айранға турап жейтінбіз. Ол біздің бойымызға әжептеуір әл-қуат беріп, қарнымыз тойғандай болып қалушы едік... Балалық шағымда осы бір жүрегім жарыла қуанған сәттерім жоқ сияқты. Бірақ, бәрібір балалық шаққа деген қимастық бар, сағыныш бар!..» – деп сағынышты сезіммен сыр шертеді [1].

Шығарманың басталуында «Парижде болдым – Париж түсіме кірмеді. Мысырда болдым – Мысыр түсіме кірмеді. Қытай, Моңғостан, Үндістан, Пәкістан, Иран бардым, Мұхиттың арғы бетіндегі Техаста, Чикагода, Нью-Йоркте болдым – олар да түсіме кірмеді. Баяғыда Мәскеуде бес жыл оқыдым – оны да түсімде көрмедім. Түсімде ылғи балалық шағымды көремін. Түсіме күн сайын Мыңбұлақ кіреді. Түсімде Ақсу-Жабағылыны көремін. Түсімде ылғи туған үйімді көремін. Түсіме ылғи Айша кіреді» [3.7] дейді автор. Туған жерге деген махаббаты, ыстық ықыласы, балалық шаққа ыстық сағынышы сезіледі.

Өткен заманда әбден толып-болған Бердімбет байдың ұрпақтары жиырмасыншы, отызыншы жылдарда қазақ даласының тоз-тозын шығарған кәмпескелеу, қудалау, жазалау құрбандарының қатарындағы бір отбасының бастан өткергендері айна қатесіз ащы шындық ретінде суреттеледі. Әрине,

кенестік дәуірдегі қазақ әдебиетінде бұл талай шиырланған тақырып. Бірақ Ш.Мұртаза романының бітімі бөлек. Ұлттық әдебиетіміздегі әр кезеңді қамтитын ауыл тақырыбындағы шығармалар (Ә.Кекілбаев, Т.Нұрмағамбетов, С.Мұратбеков, Т.Әбдік, О.Бөкей, Д.Исабеков повестері мен әңгімелері) өткен ғасырдың жетпісінші, сексенінші жылдарында жазылып, біразы класика қатарына қосылғанымен, сол тұстағы саяси цензураның тосқауылына ұшырағаны белгілі. Ал «Ай мен Айша» романында ой-сана еркіндігі аңғарылады. «Ай мен Айша» – автордың он екі жасқа дейінгі өмірбаяндық көркем дүниесі. Белгілі бір кезеңдегі, алапат дәуірдегі балалардың типтік бейнесіндей, көркем шежіресіндей әсер қалдырады. Қайнаған өмір, сапырылған тағдырлар, сан-алуан мінез-құлықтар ортасынан автор – шынайы адамгершілікті, қара қылды қақ жарған әділдікті, жүректі елжіретер мейірімділікті айшықтап, нәзік лирикаға орап, аспандата көтереді. Қаламгерге «Басты кейіпкер Барысханның өзіңізге қатысы бар ма» деген сауал қойылғанда жауабы төмендегіше болған екен: «Шерхан деп қайтып батып айта беремін ана жерде. Болмайды ғой. Оны әдеп көтермейді. Ал Барысхан деген соның синонимі. «Барыс» деген шер деген сөз. Тек қайғы мұң ғана емес, басқы мағынасы «шер» дегенің сол барысқа келеді. Шығыстың барлығы барыс, арыстанды, жолбарысты «шер» дейді. Парсылар да, арабтар да солай дейді. Соның синонимі» [1].

Тағдырдың тауқыметімен барыс анадай арпалысқан өткір Айша, ардан аттаған екіжүзді Тасбет бригадир, бауырмал Ноха, нар тұлғалы Бауыржан Момышұлы, ауыл ақсақалы – Дошанай... Кейіпкерлердің қай-қайсысын алсаңыз да, бір біріне ұқсамайтын кәдімгі ауыл адамдары, және бүкіл жан-дүниесімен көкірегіңізде қалып қояды. Бәрі де өмірде болған, нақты адамдар. Осы тұрғыдан келгенде автордың жадына, әрбір адам мен оқиғаны есте сақтау қабілетіне таң қаласыз. «Алғашқы үш баласы шешектен қайтқан Мұртаза мен Айшаның төртінші ұлы – Барсхан. «Қу шешекпен бұ да ауырды, – дейді Айша, жаман ауырып, енді өлді деп күдер үзіп қойғанбыз. Мұртаза жүнжіп, жүдеп кетті. Құдай өмірлі қылсын, сол сұрапылдан аман қалды ғой бұл Барсхан, бұзық болғаны содан шығар. Тумай жатып азап көрген адам қайдан момын болсын». Айша сөзін әрі қарай жалғастырады: «Соған екіқабат кезінде ащы сүр етке жерік болдым. Сүр қайда-а-а. Содан пияз жей беріппін. Ащы пияз ауқат бола ма? Құсып, лоқсып өліп қала жаздаймын»[3.54]. Міне, автор өзінің балалық тағдырын осылай толғайды. «Иә, сөйтіп мен – Барысхан – анамның құрсағында жатқанда-ақ ащының дәмін татып жетілгенмін. Өйткені құрсақтағы шарана ана немен қоректенсе, о да сонымен қоректенеді. Мені сыртымнан «сұсты», «жау қабақ» деп, тағы бірдене деп сөз қылады. Көрер едім ғой оларды, менің көргенімді көрсе... тумай жатып ащымен уланса... а, бәлкім мені шешектен аман алып қалған ащы пияз шығар...»[3.54].

Қаламгер берген сұхбаттарының бірінде «Барыс сіздің шығармашылығыңызда үлкен мәнге ие болады... Сіздің жеке өміріңізде мән бар ма?» деген сауалға былайша сыр толғаған екен: «Қазір біздің президентіміздің шешімімен, мына шығыстағы елдерге еліктеп, олар өздерін жолбарыс десе біз барыс дедік қой. Жолбарыс күшті ме, барыс күшті ме, мен оны білмеймін, күрестіріп көрген ешкім жоқ. Барыс жолбарыстан гөрі әлдеқайда мінезді әрі сұлу. Жолбарыстан гөрі тектілігі байқалады. Сондықтан шығар, мына біздің Нұрсұлтан Назарбаев «Барыс республикасы» деп атады. Ылайым солай болсын. Бәлкім содан да шығар, биік шыңға кетеді. Ойға түспейді. Ашыққан кезде болмаса, қысылған кезінде болмаса, сол қарлы жерлерде ғана жүреді. Бұл өзі биік таудың, Іле Алатауында қалған жоқ. Ақсу Жабағылыда бар. Біздің тауларда бар. Өте сирек. Неге десеңіз, терісі соншалықты қымбат. Соған бола ататындар көп, аңдитындар көп... Ал енді образ кітапқа қалай кірді, есімде жоқ. Ол өзі өзінен-өзі табиғи жазу үстінде келетін дүние...» [1.127].

Айша ана кешкен тағдыр мынадай түйінді сөзбен берілгендей: «Адам өзі тозбайын десе де, жазмыштан озбайды екен ғой. Тарпаң тағдыр адамды табанына бір салмасын. Бір салса, тас керең боп, айқайласаң да арызыңды есітпейді». Айша өмірі де қатыгез уақытқа кез келіп, тағдыр тауқыметін ер азаматтай көтереді. Әйтпесе, шыққан тегі көшелі, көргенді ел еді. Бұрылтаудың баурайын мекендеген Есей байдың бұла өскен қызы болатын. Шешесі Гүлхан, оның шешесі Тұрған ханым деген кісі ел сыйлаған аса ірі көріпкел, үлкен дәрігер, әулие адам еді. Айша он алты жасында Мұртазаның аулына келін болып түскенде ел аман, жұрт тыныш болатын. Тыныштық ұзаққа бармады. Заман өзгерді. Дүние астаң-кестең болды. Ел ішін ауру жайлап, алғашқы үш баласы бірінен соң бірі шетінеп кетті. Осы кезде Мұртазаның шашы ағарып, өмірден түңіліп, жүдеп кеткен. Оның үстіне аштық келіп қосылды. Сондай бір қиын шақта Барысханды дүниеге әкеліп Айша Мұртазаның еңсесін бір көтеріп еді. Бірақ, заман одан әрі қыса түсті. Жалмауыз 1937 жыл келді. Тәуір киінген, таза жүрген, елдің көркі боларлық адамдардың бәрі ұсталып кетті. Байдың баласы, өзі боз киініп, боз ат мініп жүретін сері атанған Мұртазаны да «Халық жауы» деп ұстап алып кетті. «О, жаратқан, мына үрпек балапандай үш нәрестенің не жазығы бар еді?» деп аңырап Айша қалды. Бірақ ата-анасының әруағына сиынып, белін буып бекініп, қайтсем Мұртазаның атына кір келтірмеймін деп, қайтсем балаларды аман сақтап өсіремін деп, тағдырдың сірне қамытын мойнына киіп тартып берді. Күнде таңертең бригадир келіп жұмысқа айдап әкетеді. «Емізулі балаң бар ғой, сен жұмыстан қала ғой» деп есіркеп жатқан ешкім жоқ. Мұртаза кеткен соң, ең жақын деген ағайын да, бірен-саран құдайға қарағаны болмаса, бірте-бірте алыстай бастады. Айшаның нағашылары да қатынамайды. Айша

басына түскен ауыртпалықты айтып тауысу қиын. Сібірге айдалып кетті деген Мұртазадан қайтыс болды деген қара хабар келді. Одан кейін соғыс басталды. Күнкөріс мүлде қиындады. Таң ата жұмысқа кетіп, қас қарая сүрініп-жығылып үйге келеді Айша. Онда да құр қол қайтпайды. Жол-жөнекей әр жерден жинап отын әкеледі. Не тамақ жоқ, не от жоқ, азынап тұрған үйде бүрісіп үш бала отырады. Жуанқұл мен Тасбет бригадирдің жауыздық әрекеттері де бірінен-бірі өтіп өлтіріп барады. Айша бірнәрсе деп қалса, Жуанқұл бастық: «Әй, «Халық жауының» қатыны аузыңды жап!» дейді. «Халық жауы» деген сөз шыққан жерде қайран Айшаның аузына құлып салынады да қалады. Мұндайда Айша аспандағы Айға ғана мұң шағар еді: «А, Құдай! Шиеттей үш жетімге шынымен рахымың түспеді ме? Не жазып еді олар саған?!» – деп кемсендеп бір жылап алып, қайтадан таусылмайтын азапты тіршілікке араласып кететін.

Айша ел арасындағы ескілі-жаңалы әңгімелерді көп білетін, естігенін есіне сақтай жүретін зерделі де көзі ашық адам болатын. Ашқұрсақ балаларын Айша алуан түрлі ертегі-қиссалар айтып алдарқататын, жұбататын ұйықтататын. Арасында өз өмірінен де көп сыр шертер еді. Балаларына әңгіме айтқанда, бір жағы олар біле берсін, құлақтарына сіңе берсін деп ата-бабалары туралы, ел-жер тарихынан көптеген хикаяларды қызықты етіп баяндайтын. Барысханның көп нәрсеге көзін ашқан да, талай нәрсенің мәнісін ұғындырған да осындай Айша айтқан әңгімелер. Ұзақ түнде балаларына әр түрлі әңгіме айту арқылы Айша өзі де бір сәт азаптан арылып, уайымы жеңілдеп қалушы еді.

Айша жастайынан халқымыздың ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр, сенім-нанымын, барша жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп өскен. Сол ата-баба өнегесін балаларының бойына сіңіргісі келеді. Тақыл-тұқыл тамақ ішіп жүрген балаларына әр уақытта да: «Аш көзденбөңдер!», «Сұғанақ болмандар!», «Қанағат қарын тойғызар, қанағатсыз жалғыз атын сойғызар» деп отыратын.

Барысханды сүндетке отырғызатын уақыты болып, осы адамгершілік парызды ойлап, Айша кәдімгідей уайымдайды. Мұртазасы болса, Айшаға уайым түспес еді. Баласын сүндеттету – әкенің парызы. Бірақ Мұртазаның міндетін Айша өз мойнына жүктеп алған. Тағдыр солай ұйғарды. Көнбеске амал жоқ. «Баламды кәпір қылдың-ау» деп, о дүниеде Мұртаза ренжіп жүр ме деп қатты уайымдаған Айша зыр жүгіріп жүріп бұл жұмысты аяқтағанда, енді қарызынан құтылғандай болғанына қуанып жылап жібереді. «Маған енді Мұртазаның рухы, аруағы риза шығар» деп көңілі жайланғандай болады. Аруақ сыйлаған деген осы ғой.

Мына бір жағдай да Айшаның адамгершілік жарқын болмысын, жан-дүниесінің тазалығын, имандылығын көрсетсе керек. Сұм замандағы азапты

тіршіліктен қажып, жүдеп, тараған сайын шашы түсіп сирей береді. Сол түскен шашты бір талына дейін қалдырмай мұқият жинап, шүйкелеп орап, табалдырықтың түбіне тереңірек қазыңқырап көміп тастайтын. Бірде соны байқап қалған кішкентай қызы: «Бұл неғылғаның?» деп таңғала сұрайды. Сонда Айша:

« – Менің сендерден басқа да балаларым бар ғой, – деді даусы дірілденкіреп. – Үшеуі де нәресте кетті, Құттыбай, Елтай, Сәткүлді айтам. А-а-аh! Мұртазаны алары бар құдай тым болмаса соларды тірі қалдырғанда, мұншама мұз тақырға отырмас па едік. Маңдайға сыймай кетті қайтейін...

– Сонда өліп қалған үш баланың мына сен көміп тастаған шашқа қандай қатысы бар?

– Әйел баласы шашын беталды тастамас болар, – деді Айша. – Тарақтан түскен шаш әлдеқалай отқа күйсе, о дүниеде балалары шырылдайды дейді. Анасының шашының отқа күйген иісін танып қояды екен де: «Анамыз тозақ отына түсіп кетті-ау!» деп шыр айналып шырылдайды екен. Тозақ отынан анасын құтқармақ болып, өздері де сол тамұқ өртіне түсіп кете жаздайды екен.

Әне, сондықтан шашты көміп таста. Далаға тастасақ жел ұшырып, немесе құс ұя салып, әйтеуір, бір себептен отқа күйсе, о дүниелік нәрестенің обалына қаласын».

Мұнда алдымен о дүниелік болған үш баласына деген ана жүрегінің мәңгілік қимас сағынышы, жан дүниесінің шырылы жатыр. Ана ғана осылай ойлай алса керек. Анада ғана осындай сезім болса керек. Екіншіден, анасы үшін о дүниедегілердің өзі отқа түсе жаздап, шыр-пыр болғанда, бұл дүниедегі тірілер аналарыңа қандай жақсылық жасадыңдар деп тұрған жоқ па?! Ана-бала қарым-қатынасына байланысты үлкен ой саларлық үлгі өнеге жатыр ғой мұнда.

Айша бүкіл жаратылысы мен болмыс-бітімінде халықтық қасиет, ұлттық ерекшелік жатыр. Айша ананың қасиетін танып қоймаймыз, Айша ана сынды қарапайым қазақ әйелдерінің рухани ар тазалығын, намыс-жігерін байқаймыз. Иә, ақиқатында Айша өз заманының ащы запыранын көтере білген қазақ әйелінің жиынтық бейнесі. Жазушы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Оразбек Сәрсенбайдың сөзімен жеткізсек: «Мына біздің, өткен ғасырдың отызыншы, қырқыншы жылдары жарық дүниенің есігін қағып келген ұрпақтың ұлы аналарының жиынтық тұлғасы. Біздің аналарымыз – Айшалар не көрмеді?! Бірақ бәріне көнді, төзді, жеңді. Өйткені, біздің аналарымыздың бойында әке тәрбиесімен, ана сүтімен дарыған құдіретті күш-сенім бар еді. Ол қандай сезім?! Құдайға сену, әруаққа сену, әділеттің барлығына сенім... [4]

«Ай мен Айша» қарапайым атау емес. Көкте жүзген сұлу ай – осы романның айдарлы символына айналған. Жазушы оқырман тарапынан берілген: «Ай мен Айшада» т.б. шығармаларыңызда Ай образын жасаудағы себебіңіз?» деген сауалға былайша жауап берген екен: «... Кітаптың атында неге ай тұр десеңіз... Ол, енді бір жағынан тағдырдың ұқсастығы сияқты, біздің анамызбен, әсіресе соғыс кезіндегі жесірлік, қиыншылық көрген аналардың тағдыры ұқсас. Гейнеде бір өлең бар. Генрих Гейне деген неміс ақынын оқыған шығарсыздар. Сонда ай туралы әдемі бір сонеті бар. Орысшасын жас кезімде түгелімен білуші едім, қазір ұмытып қалдым. Мағынасы былай, Күнге ғашық ай, сұлу күн де оған ғашық сияқты көрінеді. Шүпірлеген көп бала тараған. Ол – жұлдыздар. Күндердің күнінде арасынан әлдебір қара мысық өтті ме, әлдеқандай сызат бітті ме, екеуі содан екі жақта. Бірі – шығыс жақта, бірі батыста. Күн шықса ай батады. Ай шықса күн батып кетеді. Өмірбақи бір-біріне жолыға алмайды, осындай мұңдылау сарыны бар. Ал адам баласының тағдырын алсақ, ері жаңағы репрессияға ұшырап, немесе майданға кетіп келмей қалғандардың көбісі солай. Балалар қалды. Ері жоқ. Бір-біріне жете алмаған дүние. Жалпы, дүниенің философиясы сол. Ай деген арман болса, күн деген қиял болса, соны қуасың да жүресің. Қашан жетесің, белгісіз, соған байланысты алған ат» [1.128]. Ал шығармада жазушының осы жауабы сарындас эпизод бар. Мүмкін бұл әңгіме жазушы қиялынан туған болар деп ойлаймыз.

« – Ай туралы бір ақынның жазғанын айтып берейін бе?

– Айт, айта ғой, Барысхан. Сен көп оқисың ғой.

– Баяғыда Күн мен Ай ерлі-зайыпты екен. Тату-тәтті өмір кешіпті. Көп балалы болыпты. Ана – жұлдыздардың бәрі сол екеуінің перзенттері екен. Мұншама бақытты көре алмаған қараулар Күн мен Айдың арасын өсек сөзбен бұзып, қалған жұлдыз-балаларын ертіп, Күннің соңынан қуып жетпек болыпты Ай. Мың-миллион жыл өтсе де жете алмайды. «Токта», – деп жалынса да Күн тоқтамайды. Ай туса күн батып кетеді. Ай содан әлі үміткер... Осыны айтып, Айшаға қарасам: көзінен жас парлап отыр екен. Ай сәулесіне шағылысып, жылт-жылт етіп, жылғалана аққан көз жасын көрдім» [3.445].

Ай – жер бетінде өтіп жатқан аласапыран тіршіліктің куәгері. Қиырдағы тау етегін жайлаған кішкентай қазақ ауылындағы қарапайым жан иелерінің өксік пен өкінішке толы өмірі де көктегі құдірет нышанындай мәңгілік жарқ сәулесін түсіріп тұрған Айдың назарынан тыс қалмақ емес. Айша ана мен Барсхан бала көңілдері қобалжыған кездерде аспандағы айға қараса – бәрінен биік тұрған, бірақ бәрін көріп тұрған ұлы Иеден арша сұрағаны, келешектен үміт үзбегені. Аспандағы Ай бейнесі – романның идеялық-көркемдік қуатын, бояуын қанықтырып тұрған символ. «Терезеден

ай сығалайды. Бұл кезде Айдан басқа «халың қалай» дейтұғын бір жан жоқ» [3.35]. «Боран басылып, аспан ашылайын деді ме, терезеден Ай көрінді – ортасынан ауған ғой. Алыстағы Ай... арғымақ мінген аталар сияқты жүзі жылы аяйды, бірақ жылуы жоқ» [3.186]. «Ұйықтап жатқандарға қарадым: оларды Ай әлдилей ме – ұйқылары тыныш» [3.187]. «Неге? – дедім мен де Айға телміріп, дүние неге бұлай жаратылғанына өзім де таңғалып, қолымды жайып» [3.193]. «Айша аспанға қарап қолын созып, алақандарын жайды. Саусақтары салалы еді, Ай сәулесімен садақтың жебесіндей болып одан бетер ұзарып кетті. Ұзара-ұзара Айдың өзін барып түртетіндей. Жер бетіндегі мынадай қорлық пен зорлыққа. Қаныпезер қатыгездікке, әділетсіздікке биіктен көзін жұма қарайтын Айды, сол Ай арқылы Құдіретті түртіп оятпақшы болғандай» [3.255]. Осы мысалдарда келтірілген Ай – әр тұста әртүрлі реңкте, өзгеше бояулармен көрінеді. Айша ана мен Барысхан баланың көңіл суреттерінің көлеңкесі түсіп тұрғандай құбылады.

Шығармада ерекше символмен берілетін Ай екенін атап өттік. Зұлмат заманда тауқыметті бастан кешірген ана мен баланың мына әңгімесіне назар аударсақ, тағы Айға мұң шаққан қос мұңлықтың зарын түсінеміз: «Күн шыға бере зүміреттей көк шөптің басына мың-миллион асыл моншақ тағылғандай, шұғыла шық сан құлпырып, жалт-жұлт етті.

– Шық қалың түсіпті ғой, – дедім.

Айша ойланып тұрып:

– Шық емес ол, – деді.

– Енді не?

– Бұл түндегі Айдың көз жасы. Біз пақырларды көріп, аяныштан жылап жіберсе керек.

– Сен де жыладың ғой. Бұл таңғы шық сенің де көз жасың. Ай мен Айшаның көз жасы.

– Біз сияқты жетім-жесірлерді Ай жарықтық аяйды. Ал, адамдар байқамайды» [3.446] Символизмнің озық үлгісі. Адамдардан көрмеген жылулықты қос мұңлық тілсіз, шарасыз аспандағы Айдан іздейді. Сөзімізді Шерхантанушы Т.Мамасейіттің пікірімен түйіндесек: «Роман-дилогияның бүкіл өн бойында Ай Айшамен бірге көрініс беріп отырады. Ай – заман. Ай – уақыт. Қытымыр заман ызғарын сәл де болса жылытып, адам-пенденің жанына шуақ себезгілеген сол жалғыз Ай ғана. Әсіресе, жадау көңіл, жабырқау жанды Айшаның көкірегіне үміт сәулесін шашатын осы Ай. Тауқыметке толы қиын шақтағы көңілге демеу болар жалғыз жарық, жалғыз шуақ, жалғыз жылу, жалғыз үміт шырағы» [5.56].

Ш.Мұртаза романының бітімі оқшау көрінетіні рас. Аспандағы Ай бейнесі – романның идеялық-көркемдік қуатын, бояуын қанықтырып тұрған символ. Шығармада ерекше символмен берілетін Ай екенін атап өттік.

Жабырқау жанды Айшаның көкірегіне үміт сәулесін шашатын осы Ай. Тауқыметке толы қиын шақтағы көңілге демеу болар жалғыз жарық, жалғыз шуақ, жалғыз жылу, жалғыз үміт шырағы – Ай. Авторлық ізденіс арқылы басты кейіпкер Айша бейнесі әлеуметтік тұлғаға айналып, халық рухын танытатын, қазақ әйелінің мықтылығын көрсететін нағыз ұлттық характер дәрежесіне көтерілген. Сөзімізді түйіндесек, Шерхан Мұртазаның «Ай мен Айша» романы – қилы кезеңнің көркемдік шежіресі жасалған, ана мен бала бейнесі ерекше сырмен ашылған қазақтың бейнелі сөз өнеріндегі бітімі бөлек шығарма.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұртаза Ш. Өңімде – қария, түсімде – баламын. Ақжелкен. № 7, 2002
2. Қайыңбаев М. Алыс балалық туралы аяулы естелік. // Егемен Қазақстан, 11 қыркүйек, 1997 жыл.
3. Мұртаза Ш. Алты томдық шығаралар жинағы. – Алматы, Қазығұрт. – 2002. 5-том. Ай мен Айша: Роман. Бірінші, екінші кітап. – 456 бет.
4. Сәрсенбай О. Таза бұлақ. // Егемен Қазақстан, 28 шілде, 2001 жыл.
5. Мамсейіт Т. Шерхан Мұртаза. Қаламгерлік, қайраткерлік ғұмырбаян. – Астана: Елорда, 2002. – 280 бет.

КАЖИАКБАРОВА Р.Б., УСЕНБАЕВА С.С., АЙДАРОВА А.А. ОБРАЗ МАТЕРИ И РЕБЕНКА В РОМАНЕ «АЙ МЕН АЙША» Ш. МУРТАЗА

В статье описываются образы матери и ребенка в романе видного казахского писателя Ш. Муртаза «Ай мен Айша». Авторы оценивают особенности создания типичного образа матери, а также раскрывает образ героини, в которой писатель воплотил свои сокровенные мысли о великой духовной силе и огромной нравственной значимости казахской женщины. Отмечается писательское мастерство Ш. Муртаза, его авторская позиция в произведении «Ай мен Айша».

Ключевые слова: казахская проза, образ, типовой образ, роман-диалогия, мемуары, повесть, рассказ, эпизод.

KAZHIAKBAROVA R.B., USENBAEVA S.S., AIDAROVA A.A. THE IMAGE OF THE MOTHER AND CHILD IN the NOVEL «AY ME AISHA» sh. MURTAZA

The article reveals the images of the mother and child in the novel of the prominent Kazakh writer Sh. Murtaza «Ay men Aisha». The author assesses the peculiarities of creating a typical image of the mother, and also reveals the image of the heroine, in which the writer embodied her innermost thoughts about the great spiritual power and the enormous moral significance of the Kazakh woman. The author's writing skills of S. Murtaza, his author's position in the work «Ay men Aisha» are noted by the author.

Keywords: Kazakh prose, image, typical image, novel-dilogy, memoirs, story, story, episode.

УДК 821.512.122

**СОВРЕМЕННОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ:
ХУДОЖЕСТВЕННОЕ ОТРАЖЕНИЕ ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ
И СОСТОЯНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В XX ВЕКЕ**

КУЧУКОВА З.А.

Автор статьи даёт литературоведческую оценку монографии Уалихана Абдыханова «Роллан Сейсенбаев и мировой литературный процесс», изданной в Германии в 2015 г. Исследователь отмечает, что на материале многогранной сейсенбаевской прозы удалось проследить историю формирования и современное состояние казахской интеллигенции с широким выходом на философские и культурологические вопросы об интеллигентности как социальном феномене. По мнению автора статьи, ценность анализируемой монографии определяется её воспитательным, просветительским потенциалом.

Ключевые слова: интеллигенция, творчество, писатель, литературовед, проблема, классик, социальный, проза.

Сквозь толщу мировой культуры мощной диахронической линией проходит мысль о верховной силе разума, способной сохранять «человеческое в человеке» и строить должный внутренний и внешний миропорядок. Данная идея является основополагающей для большинства священных учений, по которым складывается впечатление, что Бог доверительно даровал человеку «светоч разума», а вместе с ним и свободу выбора в дихотомическом ветвлении добра и зла. Мысль о первостепенном значении разума подхвачена и воплощена в творчестве целой плеяды восточных мудрецов, западно-европейских энциклопедистов, и в особенности, трудах Канта, который, выступая от имени всех просветителей мира, назвал «умение пользоваться собственным умом» самым действенным способом, позволяющим человечеству «выйти из состояния несовершеннолетия», в котором оно находится до сих пор «по собственной воле» [4, с. 823]. Мы не ошибёмся, если скажем, что «планета людей» в идеале окутана общей универсальной ноосферной оболочкой, неким коллективным всечеловеческим разумом, призванным не допустить хаоса в духовном пространстве.

Талантливый литературовед, аналитик-исследователь Уалихан Абдыханов, виртуозно владея гачевской методологией, из универсального планетарного Разума вычленяет казахское, национальное, чтобы «в корнях и ветвях» рассмотреть, осмыслить специфику степного интеллигентства.

При этом, памятуя о том, что самым незамутнённым зеркалом гносеологических откровений является художественный текст, учёный в

качестве источника этноментальных знаний избирает творчество Роллана Сейсенбаева – художника философского характера, яркого, самобытного писателя с отважным, безоглядным талантом. Его многогранное и многожанровое творчество, состоящее из десятков новелл, повестей, романов, публицистических эссе, стало благодатным материалом для исследования истории и «конфигурации» казахского национального логоса в его высшем, интеллигентском воплощении. Думается, в выборе объекта исследования немаловажную роль сыграло и полилингвальное богатство «самопишущего» прозаика, не расплескивающего аутентичность собственных философско-художественных мыслей в метаморфозах художественного перевода.

Исследуя феномен казахского интеллигентства, литературовед обращается к пенталогии Р. Сейсенбаева – повести «Возвращение Казыбека», романам «Если хочешь жить», «Лестница в никуда», «Трон сатаны», «Отчаяние», также к многочисленным новеллам «Очередь», «Дом Орака», «Утешение», «Насчёт заявления», «Протез», «Братья», «Всё будет хорошо», «Отелло», «Паркай» и другим. В теоретических предпосылках к своему монографическому исследованию У. Абдыханов определяется с понятиями «подлинный интеллигент» и «псевдоинтеллигент». Весьма разумными и ценными в научном отношении представляются размышления автора о том, что не диплом о высшем образовании, не интеллектуальный капитал, не белый воротничок определяют суть интеллигентной личности, а духовные, культурно-нравственные качества, тип мировоззрения. Недаром, самых великих народных интеллигентов У. Абдыханов находит в сейсенбаевских «отцах-основателях» казахской нации, провинциальных аксакалах, суть которых определяется двуединым синтетическим термином *«интеллект плюс духовность»*.

На гендерно заряжённых страницах монографии автор с невероятной академической глубиной и эмоциональной теплотой выписывает архетипические образы казахских интеллигентов, являющих собой этнокультурное преломление универсального образа Великой Матери. Почти в каждом рассматриваемом произведении У. Абдыханов обнаруживает образы легендарных азиатских «байбише» – мудрых прародительниц казахского народа, хранительниц и трансляторов заповедных основ национального этикета, обладательниц неким первоначальным Знанием. На наш взгляд, отталкиваясь от гендерных «наметок» У. Абдыханова, заинтересованным исследователям можно написать большую, развёрнутую фундаментальную работу о казахском женском логосе и его роли в формировании современной казахской культуры.

Одна из центральных научных концепций автора заключается в трансгисторической пронизанности казахского менталитета идеями Абая Кунанбаева – просветителя, «среднеазиатского Канта». Актуальность, вековая ценность нравственно-интеллектуального опыта великого мыслителя весьма оригинально подчеркнута в монографии посредством «мерцательного курсива», не дающего упустить из виду имя самого «интеллигентного интеллигента» Казахстана. Это такой методологически оправданный наглядный урок, визуализация, полускрытый 25-ый кадр для молодого читателя, привыкшего к языку компьютерной графики.

С большим интересом читаются страницы, посвящённые роли казахской интеллигенции в кардинальном переустройстве общественного уклада от кочевого образа жизни к оседлому. Важно, что автор монографии не ограничивается простой констатацией исторического факта: он приводит яркие примеры из художественных текстов, иллюстрирующие перемену в сознании степняков, осознанно сменяющих экзистенциальную модель «птицы» (кочевание) на модель «дерева» (оседлость). «Не надо уподобляться степным птицам»; «Не лучше ли выбрать постоянное место, пусть величиной с подстилку, и построить город?» [1:53] – выборка такого рода культурологом чётко выражает суть народной аксиологии в момент исторической бифуркации.

Удивительным образом данный трансформационный мотив, отмеченный У. Абдыхановым, перекликается с историсофской идеей поэмы балкарского поэта Кайсына Кулиева «Половецкая луна», где автор устами главной героини (Луны) призывает кочевников вместо бесконечных и бесплодных странствий по степям «пустить корни», «построить кров», «растить хлеб». Приоритет «статики» перед «динамикой» поэт объясняет витальной необходимостью «остановки» для этнического самоосмысления и выработки новой стратегии укоренённого бытия.

Метафорическими словами «прабабушка прабабушки моей» К. Кулиев намекает на этногенетическую связь балкарского и казахского народов с их общей древнетюркской корневой системой [3:340]. В поэме К. Кулиева из-за драматической судьбы кипчакской степи болит душа стихотворца, который не может заснуть. Следует отметить, что в кавказской символической системе бессонница – знак потревоженной совести, раненой души, подлинной интеллигентности.

Мы привели лишь одну историко-литературную параллель, в монографии же У. Абдыханова огромное количество интертекстуальных отсылок к произведениям зарубежных, русских классиков – Данте, Н. Хосрова, О. Хайама, О. Уайльда, Ж. Верна, П. Мериме, И. Бродского, В. Астафьева, В. Распутина, Н. Думбадзе, М. Булгакова, М. Зощенко, Ф.

Достоевского, Л. Толстого, А. Чехова, М. Горького, И. Бунина, К. Паустовского, Ч. Айтматова, Д. Гранина, Ф. Искандера. Практически нет литературоведческой проблемы, которая У. Абдыхановым не была бы рассмотрена с выходом на «параллельные миры» сопредельных национальных литератур и обозначением типологически сходных явлений. Естественно, такая интертекстуальная сверхплотность монографии говорит о широте культурологического кругозора автора, его умении масштабно и системно мыслить.

Во второй части своего исследования Уалихан Кибраевич, конкретизируя и опредмечивая абстрактную категорию «интеллигенция», рассматривает сейсенбаевские образы священнослужителей, врачей, учителей, мастеров искусств, чиновников и т. д. Как показывает автор монографии, мир казахских «просвещённых» большей частью состоит из носителей высокой нравственно-интеллектуальной культуры, гражданской ответственности, из числа тех, кого Д. Лихачёв называет «обладающими умственной порядочностью». У этих людей, являющихся нравственным эталоном общества, важнейшая социокультурная миссия – образовывать, просвещать народ, переводить его на качественно новый, высокодуховный уровень бытия.

По свидетельству автора монографии, Р. Сейсенбаев, обладающий острым «бальзаковским пером» протестного реализма, рельефно, выпукло изображает во весь рост и типажей так называемой «неинтеллигентной интеллигенции», «образованцев», официально уполномоченных властью, но начисто лишённых внутренней культуры. Лень, тщеславие, жадность, невежество, эгоизм, жестокосердие, равнодушие, формализм, бюрократизм, самодовольство, чванство, бездеятельность, конформизм, лицемерие, корыстолюбие – этим длинным лексическим рядом учёный У. Абдыханов и писатель Р. Сейсенбаев, фактически солидаризуясь, в «четыре руки» пишут «историю болезни» типичного псевдоинтеллигента, который узнаваем не только в Казахстане, но в любой социально-географической точке. Будучи большим знатоком русской классической и современной литературы, исследователь легко обнаруживает и идентифицирует в родной художественной словесности «казахских николаев ивановичей» (по аналогии с чеховским «человеком в футляре»), «хлестаковщину», «салимовщину» и т. д., прозревая универсальные, типологические явления в локальном материале.

Отличительной чертой монографии У. Абдыханова является её «литературоведческая интеллигентность», проявляющаяся во внимании автора к мельчайшим деталям художественных текстов, умении воспринимать «вещь как вещь», трактовать иносказательный смысл

предметов реального мира. Думается, особый интерес монография будет представлять для тюркоязычного мира в силу не только своей общезначимой актуальной тематики, но и её насыщенности «понятными экзотизмами», ласкающими слух (*суюниши, кюйши, байбише, оян, миндет и др.*), и пробуждающими чувство культурно-языкового, этногенетического родства у всех «листочков единого тюркского древа». В той же мере значим и семантически мотивированный антропономикон художественных текстов, который в большинстве случаев под пером исследователя «оживает» и приоткрывает новые смысловые грани произведения.

Проводя параллели между социальным организмом и организмом отдельного индивида, можно сказать, что мозговым центром любого этноколлектива является интеллигенция. От качества «мозга», этой креативной прослойки зависит качественное состояние всего общества, историческая судьба планеты в целом. В начале третьего тысячелетия, обуреваемого экологическими коллизиями, военными и техногенными катастрофами, тотальной агрессией, человечество с особой остротой начинает испытывать потребность в гуманистическом, одухотворённом интеллекте. Грош цена всем научно-техническим революциям, если в них нет духовной составляющей. Как отмечает Г. Д. Гачев, «прогресс цивилизации, техники и комфорта не есть прогресс в нравах» [2:6]. Другой выдающийся гуманист современности, режиссер А. Сокуров, предлагая реальный путь выхода из сегодняшнего кризиса, советует «сосредоточиться на развитии культуры и все инструменты государственной власти перенастроить в эту сторону: промышленность, идеологию, бюрократию, армию». По его мнению, «пока главной задачей не будет культура, трагедии и всякого рода стрессы будут продолжаться» [5:1].

В этот же ряд мы сегодня смело можем поставить своевременную, просветительскую монографию Уалихана Кибраевича Абдыханова, предлагающего сквозь призму мировой и национальной литературы каждому «мыслящему тростнику» и обществу в целом отразить состояние собственного «мозга», освободить его от накопившихся шлаков и напитать чистой, доброй, духовной энергией. В этом – наше спасение.

ЛИТЕРАТУРА

1. Абдыханов У.К. Роллан Сейсенбаев и мировой литературный процесс. Lambert Academic Publishing. 2015.
2. Гачев Г.Д. О том, как жить и как умирать // Предисловие к роману Айтматова Ч. Когда падают горы: (Вечная невеста): Роман, повесть, новелла. – СПб.: Издательский Дом «Азбука-классика», 2007. – 480 с. С. 5-16.
3. Кулиев К. Ш. Собр. соч. в 3 тт. Т.3. М.: «Художественная литература», 1977. С. 338. – 591 с.

4. Литературная энциклопедия терминов и понятий. М.: НПК «Интелвак», 2003. – 1600 стб.

5. Кто для вас человек года? //Кабардино-Балкарская «Газета Юга», 17 декабря 2015 г. № 51 (1136). С. 1.

КУЧУКОВА З.А. ЗАМАНУИ ӘДЕБИЕТТАНУ: ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ МЕН ХХ ҒАСЫРДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНЫҢ ӘДЕБИЕТТЕ БЕЙНЕЛЕНУІ

Мақаланың авторы У. Абдыхановтың 2015 ж. Германияда басылған «Роллан Сейсенбаев және әлем әдеби үрдісі. Р. Сейсенбаевтың прозасындағы интеллигенция мен халықтың өзара қатынасын бейнелеуіндегі ерекшелігі» монографиясына әдебиеттанушылық баға береді. Ғалымның Сейсенбаевтың сан қырлы прозасының материалы негізінде зиялылықтың әлеуметтік феномені ретінде философиялық және мәдениеттанушылық мәселелерін кең қамтуымен қазақ интеллигенциясының қалыптасу тарихы мен замануи жағдайын қарастыруы сәтті болды. Мақаланың авторы пікірінше, талданып тұрған монографияның құндылығы оның тәрбиелік және ағартушылық әлеуетімен анықталынады.

Кілт сөздері: зиялы қауым, шығармашылық, жазушы, әдебиеттанушы, мәселе, классик, әлеуметтік, проза.

KUCHUKOVA Z.A. MODERN LITERATURE: ARTISTIC REFLECTION OF THE HISTORY OF FORMATION AND THE STATUS OF KAZAKH INTELLIGENTSIA IN THE XX-th CENTURY

The author of the article gives literary assessment to the monograph of Ualikhan Abdykhanov «Rollan Seisenbayev and world literary process», published in Germany in 2015. On the material of Seisenbaev's multi-faceted prose the scientist managed to trace the history of the formation and the current state of the Kazakh intelligentsia with broad access to the cultural and philosophical problems about the intelligence as a social phenomenon. According to the author of the article, the value of the analyzed monograph is determined by its educational potential.

Keywords: intelligentsia, creativity, writer, literary critic, problem, classic, social, prose.

ӘОЖ 811.512.122: 811.124'351

ӘЛІПБИ – «ТАҢБАЛАРДЫҢ ЖҰМАҒЫ»

МАСАЛИЕВА Ж.А.

Рухани өмір табыстары ретіндегі ғылым мен техниканың дамуы, өнер мен мәдениеттің өркендеуі, оның ширау, жетілу деңгейі жазу мәдениеті арқылы көрініс табатындығы айқын. Жазуды тіл жұмсау мен сөйлеу өнерінің, әдеби тіл мәдениетінің бейнесі десек, қазақ тілінің жаһандық коммуникациялық кеңістікте өзіндік үйлесім тәжірибесімен орнығуына қол жеткізу керек. Осы орайда, мақаламызда тіліміздегі дыбысталуы бір-біріне жақын, көп жұмсалмайтын, тек кірме сөздер құрамында ғана ұшырасатын басы артық таңбалардан арылып, емле ережесін түзуде қазақ тілінің табиғи әуезділігі қағидаларын басшылыққа алуды,

кірме сөздерді қабылдауда қазақ тілінің дыбыс жүйесіне бағындырып, қазақ тілі заңдылығымен жазуға мән беру қажеттілігі сөз болады..

***Кілт сөздер:** әліпби, жазу, латын таңбасы, ұлттық әліпби, жазба тіл, графема, графикалық жүйе, емле ереже.*

Жазу – өркениет келбеті. Адамзат мәдениетінің жетістігі. Жазудың тілдегі ой мазмұнын жеткізудің графикалық тәсілі екендігіне негізделсек, оның түп негізі әдеби тілден өрбитіндігі, әдеби тілдің ең бір шартты, маңызды белгісі екендігі де айқын. «Әдеби тілдің жан серігі – жазу», «Әдеби тілдің даму тірегі – жазу» дей келе, ғалым М.Балақаев жазу мен әдеби тілдің өзара табиғи байланысын сөз етеді. «Әдеби тілге тән белгілер жазба әдебиетте бой көрсетіп, қалыптаса түсуіне, ілгері дамуына қызмет еткен жазуды ғана әдеби тілдің «жанды» бөлшегі, әдебиеттің елеулі сипатының бірі деуге болады. Одан бұрын жазусыз пайда болған әдебиеттің тілі әдеби тіл деп есептелмейді, оларды тек әдеби тілді жасаудың қоры деп қарауға тиіспіз» [1, 332 б.] деп нақтылайды өз ойын. Қоғамдық құбылыстардың өз алдына дербес, дара, оқшау қалпында, басқа құбылыстармен байланыссыз өмір сүре алмайтынындай, жазу мен әдеби тіл де бірінсіз-бірі болмайтын, өзара тығыз байланыстағы категориялар. Санадағы ойдың сұрыпталып, орныққан формасы ретінде әдеби тіл жазу арқылы тұрақталады.

Жазу тілдегі белгілі бір таңбалар жүйесіне негізделген әліпби арқылы көрніс табады. Жазу дегенді тек әріп жиынтығы деп қарамай, сауат ашу құралы, ғылым-білім үйренудің баспалдағы ретінде танимыз. Ұлт зиялылары бағалағандай, «... Жазу – мәдени табыс, әдебиет қоғамдық сананың мәдени формасы» ретінде қалыптасып, біздің заманымызда «жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен».

Жазу тарихында қазақ тілінің әліпби жүйесі бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткеріп, ұлттық әліпби деңгейіне көтерілді. Десек те, қазіргі таңда қазақ тілтанымның өзекті мәселелерінің бірегейлігі, қазақ орфографиясы нормасындағы қоғам дамуының талаптарына заманауи лайықты болуы тұрғысында шешімін табуы қажет мәселе ретінде қайта бой көтерді. Қазақ жазуын бір саралап-пысықтап алатын мезгіл де жетті. Тәуелсіз ел ретінде халықаралық қатынас субъектісі болып отырған Қазақстанның ұлттық әліпбиінің жаңа жобасын талқылау барысында ғалымдар, саясаткерлер Қазақстанның Елбасына, Үкімет басшылығына әліпбиге өзгертулер енгізіп, жаңа сападағы ұлттық жазуды қалыптастыру мен жетілдіру туралы қоғамдық пікір қозғап, өз ұсыныстарын жариялауда. Осымен байланысты түрлі ұсыныстарды саралап, тұжырымдау, қазақ жазуының бұрынғысы мен өткендегісін, қазіргісі мен болашағын зерделеу ғылыми тілтанымдық рефлексияны талап етеді. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы мен сауаттылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс

ауқымының кеңдігімен, орамдылығымен және ұтымдылығымен өлшенеді десек, тіліміздің көп салалы қоғам өмірінің түкпір-түкпіріне тарап, қоғамдық қызметінің кеңеюін қазіргі қазақ әдеби тілінің жұмсалуды қызметінен байқауға болады. Ол коммуникативтік қызмет атқарумен қатар еліміздің барлық іс-әрекетіне қызмет етеді. «Бүгінгі атом дәуірінде, техникалық прогрестің шарықтау шегінде жазба тіл өз функциясын заман талабына сай өтеу үшін, ең алдымен, тұрақтылығын сақтауы қажет. Жазба дәстүрі жоқ жазу коммуникация құралы болудан қалады... Коммуникация тәсілдері автоматтанса, қарым-қатынас жасау жеңілдейді. Осыдан келіп, жазудың болашақтағы бейнесін тануға болады» [2] дейді ғалым Қ.Б. Күдерінова. Сол қызметтерін қамтамасыз ететін, қазақ тілінің бұрынғы сөз байлығының үстіне әр қилы саяси-әлеуметтік, ғылыми-техникалық жаңа сөз, жаңа терминдер, сөз тіркестері енуде. Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Баспа әдебиеттің түрлі-түрлі қызметіне сәйкес тіл байлықтары белгілі стильдік тармақтарға ойысып, тарамдалып, әдеби тіл функциялы стильдер тармақтарының ресурстарына айналады. Мұның барлығына жазу себепші болады. Жазба тіл арқылы көрніс табады.

XX ғасырдың соңын ала ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дамуының бір жетістігі – компьютердің ел өміріне енуі барысында қазақ әліпбиін латын жазуы негізінде қолдану қажеттілігі сөз болды. Себебі бұл кезеңде технологиялар тасқыны, ғылыми-техникалық прогресс, ақпарат таратудағы жаңа көздер, қашықтық пен уақыт барьерін жеңетін жаңа техника түрлерінің жазба тілі латын графикасына негізделгендіктен, қазақ тілінде мәтін теру тек арнайы қазақ әріптерінің драйвері орнатылған компьютерлерде ғана мүмкін болатын. Туындаған тығырықтан шығудың бір жолы ретінде, әрі техниканы тиімді пайдалану мақсатында латын таңбаларын қолдану қажеттілігі сөз болды.

Музыкалық аспапта ойнау үрдісі – әрқашанда студенттің жалпы тәрбиесімен тығыз байланыста болады. Яғни, музыкалық аспапта ойнау – жеке-дара оқыту түріне жатса, студентті тәрбиелеу негізі де, жеке-дара болып келеді. Музыкалық - орындаушылық пәндерді оқыту үрдісінде, оқу-тәрбиелік жұмысының негізі болып сабақ өтудің жеке дара педагогикалық түрі қолданылады. Музыкалық-педагогикалық іс-әрекет-ол педагогикалық және музыкалық-орындаушылық (көркем шығармашылық) іс-әрекеттерінің синтезі болып саналады [8, б.27].

Біздің көзқарасымыз бойынша, музыка мұғалімінің музыкалық орындаушылық дағдылары - олардың маңыздылығы және мазмұны жүйелі түрде болу керектігін көрсетеді. Студент тұлғасының музыкалық қалыптасуына ең алдымен халық музыкасының әсері, одан соң музыкалық орындаушылық дағдыларын қалыптастыру заңдылықтары, дағдының атқаратын бақылау және бағалау әрекеті, дағдының қалыптастыру ерекшеліктері студенттің есінде болып жадында сақталып отыруы оқытудың бүкіл үрдісінде өзекті болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Акимов Ю. Некоторые проблемы теории исполнительства на баяне.- М.: Советский композитор, 1980.- 108 с.
2. Жұбанов А.Қ. Ғасырлар пернесі.- Алматы: Өнер.-445б.

3. Тұрдалиев А.М. Баян аспабында музыкалық шығармалардың дұрыс, тиянақты орындау негізі. /Методикалық өңдеулер.-Шымкент КазХТИ баспасы, 1992.-34 б.

4. Мұстафин Б. Инструментальная подготовка учителя музыки /баяниста/ для казахской школы. /Методические рекомендации для преподавателей.-Алма-Ата., 1989.-48 с.

5. Туякбаев Д.Х., Гайсин А.М. Прогрессивная школа игры на баяне. –Алма-Ата, Өнер, 1986.

6. Гаккель А. Е. Фортепианная музыка XXвека. Очерки.Л.-М., 1976.

7. Ципин Г. Обучение игре на фортепиано.-М.:Музыка, 1984.

8. Полетаев А. Пятипальцевая аппликатура на баяне.-М.:Музыка, 1969.

TURDALIYEV A.M., ZHAKSYBEKOVA S.S. ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ИГРЕ НА БАЯНЕ СТУДЕНТОВ БЕЗ МУЗЫКАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ.

В статье проведен анализ одного из начальных компонентов формирования исполнительских навыков на баяне студентов без музыкальной подготовки.

Методические основы обучения студентов без музыкальной подготовки определяются исторически сложившимися в музыкальной культуре факторами – слухового музицирования и профессионально-академического исполнительства. Студент без музыкальной подготовки, освоивший игру на инструменте в классе баяна на профессиональной основе, в равной степени должен обладать умениями музицирования по слуху и профессионального исполнительства по нотам, так как именно такой тип исполнителя в наибольшей степени соответствует тенденциям развития баянной традиции в настоящее время.

Основанием такого учебного процесса стала разработанная и апробированная авторами методика, построенная на синтезе передачи устной музыкальной традиции и академического инструментального обучения. Особо следует отметить, что первоначальное освоение студентами игры на баяне должно базироваться на слуховой основе, а по мере изучения им музыкальной грамоты и обретения навыков исполнительства по нотам, оба направления приобретают в обучении равное значение.

Ключевые слова: *слуховое музицирование, исполнительские навыки, профессионально-академическое исполнительство, музыкальная грамота, баянная традиция, без музыкальной подготовки.*

TURDALIYEV A.M., ZHAKSYBEKOVA S.S. PROBLEM of LEARNING to PLAY the ACCORDION STUDENTS WITHOUT MUSICAL TRAINING

Methodical bases of training of students without musical preparation are determined by the factors historically developed in musical culture – auditory music-making and professional-academic performance. A student without musical training, who has mastered playing an instrument in the class of accordion on a professional basis, should equally have the skills of music-making by ear and professional performance by notes, since this type of performer is most consistent with the trends in the development of the Bayan tradition at the present time. The basis of this educational process was developed and tested by the authors technique, built on the synthesis of oral transmission of musical tradition and academic instrumental learning. It should be especially noted that the initial development of students playing the accordion should be based on the auditory basis, and as they study musical literacy and acquire skills of performing music, both directions acquire equal importance in learning.

Keywords: *aural musicianship, performance skills, vocational and academic music, musical instrument, Bayan tradition, with no musical training.*

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНИСІ

UDC 378

CONTENT AND LANGUAGE INTEGRATED LEARNING

KONYSOVA S.A., ABDUKARIMOVA A.A., BEYSENBAEVA ZH.A.

The article provides answers to key questions about CLIL techniques that are rapidly developing in today's European countries. That is, it begins with the question "What is Inclusive Education?" One of the types of teaching techniques that will provide a combination of two areas will be discussed. In addition, in-depth learns include the tutorial and the teacher's instruction and the learning process guidelines, the advantages and disadvantages of integrated learning, and the important features.

Keywords: *Content, Integrated, communication, cognition.*

CLIL is a fantastic method to empower students of all ages and levels of fluency. By teaching CLIL lessons, you're giving students the tools to grow, acquire and activate cross-disciplinary skills by using a language different from their own.

It's also a great method to promote positive attitudes towards language learning from an early stage. Students won't be corrected on every single error they make. Instead, they'll be encouraged to keep talking and learning in the language, which lets them feel good about their ability to communicate from the get-go.

CLIL supports critical thinking and collaboration skills. Students won't be spoon-fed their language lessons, but rather they'll need to pay attention, observe and learn the language by learning about other subjects *in* that language. They can look to their peers to support them in this process.

Concretely, if you're teaching native students, you won't be spending time discussing subjects like history and math in English. They'll learn these subjects while learning a new language, say French or German. This will allow your students to learn a wide range of subjects, develop their knowledge of Francophone or Anglophone cultures, and learn either language naturally.

That's because the CLIL curriculum balances bilingual education and language learning. Rather than being the focus of teaching, language becomes a tool for communication. Repeated exposure and stimulation helps students to assimilate the language while learning content that will greatly expand their horizons and promote curiosity.

CLIL as a teaching method has its advantages but it also has some drawbacks when compared with other approaches. As for the positive aspects the following ones can be named:

- learning enhances critical thinking of students;
- the learning process is based on real life situations;
- learning is based on teamwork (in some countries based on projects);
- raising the intercultural awareness of both students and teachers;
- increasing employability;
- breaking various kinds of prejudice and fear of travelling outside the home

country;

- acquiring communicative skills and patterns.

Possible negative aspects:


- a high level of time consumption for material preparation;
- students/teachers do not have the relevant level of foreign language

knowledge;

- not enough information on the CLIL method;
- lack of motivation to use the CLIL approach;
- reluctance of using the method;
- training courses are not available on a regular basis [1].

According to Do Coyle, Philip Hood and David Marsh “CLIL is a dual-focused educational approach in which an additional language is used for the learning and teaching of both content and language”. They point to the importance of cognitive engagement in order to learn effectively. Group work, problem solving and questioning are important vehicles the pupils need to master for the process of «constructing knowledge which is built on their interaction with the world». In CLIL, the cultural context is, together with cognition, content and communication, the cornerstones that create the setting for an engaging learning environment with clear linguistic and subject area goals [1].

In the Handbook of research on student engagement, Sandra Christenson and Cathy Wylie describe engagement as something «multidimensional, involving aspects of student’s emotion, behaviour and cognition». They also conclude that «engagement not only drives learning, but also predicts school success». The behavioral engagement refers to how students put in effort, persistence, concentration, attention, asking questions and so on. The cognitive portion means how likely the student is to put in an effort to solve difficult problems and to understand complex contexts, while the emotional engagement includes the student’s reactions to teachers, school friends, academic tasks and so on. Christenson and Wylie also describe the close, and often debated relationship between engagement and motivation [2].



Some researchers use those terms interchangeably, while others make the distinction that motivation has to do with intention, while engagement has to do with the actual action.

From a theoretical viewpoint, the aspects of learning through cognitive thinking and cooperation are in line with the socio cultural perspective as outlined by Lev Vygotsky. In the research area of language development, Patsy Lightbown and 11 Nina Spada point to research by Jim Lantolf, concluding that the cognitive language development does not necessarily involve frequent interaction between a learner and a teacher, but also takes place in learner to learner interactions. In her research Merrill Swain concluded that discussions between students regarding how to correctly formulate a language output triggers thinking processes that develops understanding of the language. Although CLIL as the full concept described by Coyle can bring many advantages, Lightbown and Spada identify two potential drawbacks with the CLIL approach as the sole teaching method. Firstly they point out that meaning often becomes more important than form, i.e. that there is a risk that students produce language output, which is understandable, and makes sense from a content perspective, but which contains many flaws from a language perspective. Secondly they point out that oral interactions between students bring about confidence in language use, but with the important negative effect that the majority of the language produced remains without error correction [2]. CLIL has

four basic components, usually called '4Cs' . Every CLIL lesson should consist of a set of activities based on each of the following four guidelines.

CORE FEATURES OF CLIL METHODOLOGY

The following features are considered the most effective to achieve CLIL aims.

Multiple focus approach

A high degree of integration should be pursued between language and content classes and among different subjects. Safe and enriching learning environment CLIL teachers should encourage students to experiment with language and content providing guided access to authentic materials and learning environments.

Authenticity

Connections between learning and students' lives should be made regularly in CLIL activities as well as connections with other speakers of the CLIL language. Current materials from media or other sources should be used as often as possible.

Active learning

Students have a central role in CLIL lessons: their activities should be based on a peer cooperative work and they should help set content, language and learning skills outcomes. Finally they should communicate more than the teacher who acts as a facilitator.


Scaffolding

One of the teacher's roles is to support student's language needs building on their existing knowledge, repackaging information in user-friendly ways and responding to different learning styles. Cooperation A high degree of cooperation among different teachers is recommended when planning lessons and it's often considered useful involving parents and/ or the local community.

Factors to consider when planning CLIL lessons.


A typical lesson plan for CLIL consists of stages specifically designed to perform the following activities:

- checking previous knowledge;
- practicing content language;
- expanding vocabulary;
- consolidating knowledge;
- summarizing skills;
- applying the new knowledge;
- checking and correcting errors [3].



To practice content language, it's necessary to design stages focused on speaking interaction and/or on developing receptive skills like listening and reading. Depending on the topic, it might be important to develop the production of language even in written form. In the following pages, two examples of CLIL lesson plan are presented. The first concerning arts and the second intended for one or more lessons of physics.

PRESENTATION SKILLS In a CLIL lesson the teacher should



Here are some examples of language for presenting in English that can be used in different part of a lesson from the introductions to the ending [4].

Introductions	<p>I'd like to introduce myself. My name is... I'll give you some background and then move on to... During the course of this presentation, I'd like to... This presentation will be divided into five parts...</p>
Signposting the presentation – referring back and forwards	<p>In the next part of the presentation... We'll look at this in more detail later. As I said before... Now I want to turn to... This brings me to my next point... As we've already seen...</p>
Ending a section	<p>That's all I wanted to say about... To summarize... Right, let's move on to... I think that covers everything about...</p>
Referring to visuals	<p>If I could draw your attention to... Now I'd like to highlight some special features... If we could all look at... I'd like to point out some important points on this chart... me to the end of the presentation. Are there any questions? Ending We'd like to finish by... That's the end of the presentation. Thank you very much. I'd like to finish by saying...</p>
Dealing with questions	<p>I'll be happy to answer any questions you might have... If there are any questions, I'll be happy to answer them at the end. Don't hesitate to ask questions. This bring me to the end of the presentation. Are there any questions?</p>
Ending	<p>We'd like to finish by... That's the end of the presentation. Thank you very much. I'd like to finish by saying... In conclusion I hope this has given you...</p>

BIBLIOGRAPNY

1. The CLIL teacher's competences. <http://lendtrento.eu/convegno/files/mehisto.pdf>
2. COLY, D., HOOD, P. and MARSH, D. CLIL: Content and language integrated learning. Cambridge: Cambridge University Press, 2010.
3. CRYSTAL, D. How Language Works. London: Penguin Books, 2007.
4. KALHOUS, Z. and OBST, O. et al. Školní didaktika. Praha: Portál, 2002.
4. http://en.wikipedia.org/wiki/Content_and_language_integrated_learning. April 2013.

КОНЫСОВА С.А., АБДІКӘРІМОВА А.А., БЕЙСЕНБАЕВА Ж.А. ТІЛДІ ЖӘНЕ ӘР ТҮРЛІ МӘТІН МАЗМҰНЫН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ

Мақалада тіл оқытудың қазіргі таңдағы Европа елдерінде қарқынды дамып келе жатқан CLIL техникасы туралы маңызды сұрақтарға жауаптар қарастырылған. Яғни, «Кіріктіре оқыту дегеніміз не?» деген сұрақтан бастау алады. Екі саланың ұштасып оқытылуын қамтамасыз ететін оқыту техникасының бір түрі сөз болады. Сонымен қатар, кіріктіре оқытуда үйренуші мен оқытушының алатын орны мен оқу үдерісі нұсқаулықтары, кіріктіре оқытудың артықшылықтары мен кемшіліктері, маңызды ерекшеліктері аталып көрсетіледі.

***Кілт сөздер:** коммуникация, таным, мазмұн, кіріктіре оқыту.*

КОНЫСОВА С.А., АБДУКАРИМОВА А.А., БЕЙСЕНБАЕВА Ж.А. ИНТЕГРИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКУ И СОДЕРЖАНИЮ

В статье приводятся ответы на ключевые вопросы о методах CLIL, которые быстро развиваются в современных европейских странах. То есть он начинается с вопроса «Что такое инклюзивное образование?» Будет обсуждаться один из типов методов обучения, который обеспечит сочетание двух областей. Кроме того, углубленное изучение включает в себя и инструкции учителя, а также рекомендации по процессу обучения, преимущества и недостатки интегрированного обучения и важные функции.

***Ключевые слова:** общение, познание, содержание, интегрированное обучение.*

ӘОЖ: 57:011

ҚАЗАҚСТАНДА КЕЗДЕСЕТІН БӨДЕНЕ ҚҰСЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІН АНЫҚТАУ

ӘДІЛБАЙ Ұ.Н., ТҮКІБАЕВА Б.А.

Бұл мақалада Қазақстанда кездесетін бөдене құсының шығу тегі сипатталған. Бөдене құсының систематикалық орны мен оның тұқымдастарына тоқталған. Бұл мақалада Қазақстандық бөдене құсының Іле Алатауы мен Алтай тауларының 2000-3000 м биіктіктегі таулы аймақтары мен дәнді дақылды және жоңышықалы алқаптарда, орман тоғайларда мекендейтіндігі туралы сипатталған. Сонымен қатар Қазақстанда кездесетін бөдене құсының Сырдария даласында жылыстап, ұя салу мерзімінің анық аралықтары қарастырылған. Қазақстанда кездесетін бөдене құсының ну шөпті және тақыр жазықтықтарды да талғамай мекен ететіндігі зерттелген. Түркістан облысының Шымкент қаласының

аумағында бұл құстардың қыс мерзімінде жылы аймақтарға ұшып кетуі мен көктем мерзімдерінде қайта оралуы байқалатындығы жазылған.

Кілттік сөздер: Бөдене, Қазақстан, Жапония, жұмыртқа, ет, құрам, көктем айлары, Алатау, аналық, аталық

Ертеде қазақтар бөдене аулауды аңшылықтың бір қыры ретінде қарастырған. Ата-бабаларымыз оны өсіріп, кәсіп көзіне айландырған емес. Ал қазіргі таңда Қазақстан елінде бөдене шаруашылығын қолға алушылар легі көбеюде. Бөдене тауық тұқымдастарының ішіндегі ұшатын жалғыз түрі болып саналады. Қазақстанда жабайы бөдене күн суытса бірден жылы аймаққа ұшып кетеді, қараңғы мен тыныштықты ұнататын құс болып табылады.

Біздің зерттеуіміз осы бөдене құсының жалпы жабайы түрі қай тұқымдастан бастау алғандығын тану. Сол себепті бөдене түрлеріне толық тоқталып өтеміз. Қазақстанда мекендейтін бөдене құсының қазіргі таңда далалық, таулы аймақтарды, жазық далалар мен орманды тоғайларды мекендейтін түрлерін ажыраттық. Белгілі болғаны бөдене жылуды жақсы көреді. Өте тез көбейеді, жылына екі рет жұмыртқа басып шығарады, жұмыртқасының салмағы аз болса да құнарлығы жағына өте бағалы диеталық тағамдарды, дерттерге дауа ретінде жиі сұранысқа ие.

Өзгеде бөденелер шыққан тегі. Бөдене европада кең таралған, Африка, Азия оңтүстігі мен солтүстігін мекендейді. Бұл тауық тұқымдастарының ең ұсақ өкілі – бөдене дене салмағы 80 нен 140 г. аралығында.

Бөдене құрлық құсы өте нашар ұшады. Ол өте тез жүгіреді, әсіресе қауіп төнгенде ол өте қатты жылдамдықпен қанаттарын жиі қағып жердің бетінде ұшады.



Кәдімгі бөдене (жабайы)

Бөдененің денесіндегі қауырсындарының түсі сыртқы бөлігінде сары-ала ақ және қара жолақтарымен, ал ішкі бөлігі сары-ақ түсті. Аталығы аналығымен салыстырғанда тамағының астындағы сарғылт немесе күңгірт

жолағымен ерекшеленеді. Ұясы-шөп талшықтарынан құралған кішкентай ғана шұңқыр. Бөдене жұмыртқа басуы мамыр айының ортасында жүзеге асады. Басуға арналған жұмыртқа саны 7-12 дана, ірі қара-қоңырқай дақты. Жұмыртқа басу мерзімі 17-20 күн. Жұмыртқа басушы аналық жарып шыққан балапандарды өзі баптап өсіреді, аталығы бұл процеске өте аз қатысады. 11 күндік балапандар бір орыннан екінші орынға қанаттарын қағып барады, ал 40 күндік балапандар ересектерге ұқсас қауырсындармен қапталайды да дене массалары өседі. *Coturnix coturnix* (Linnaeus, 1758), Common Quail-Бөдене қарапайым ұя салушы жыл мезгіліне тәуелді құс. Іле Алатауы 2800-3000 м мен Алтай тауларының 2000 м биіктігінде орман аумағында, жоңышқа және көл алқабының маңында мекендейді. Көктем айларында сәуір мен мамыр аралығында жиі байқалады. Жылы жаққа ұшып келу жылдам жүзеге асады.[1]

Құстар арасындағы жұптар тек шағылысу мерзімінде ғана пайда болады. Шағылысу процесінен кейін ұя салу біркелкі жерге немесе сәл шұңқыр ішіне ұсақ шөп тастау арқылы жасалады. Жұмыртқа басу 7-20 дана аралығында мамыр айынан басталып тамыз айының ортасына дейін созылады. Қолайлы жағдай болып тұрса аналық бөдене жылына екі рет балапан басып шығарады. Бұл жалпы Қазақстандық бөдене жайлы жиналған мәлімет. Осы бөдененің шығу тегін әдеби деректерден іздесек, оның Жапондық бөденеден таралғандығын анықтауға болады. Сонымен қатар бөденелердің көптеген түрлері қосалқы ақпарат ретінде сипатталады. Бұл бөдене типтерін сипаттау арқылы Қазақстандық бөдененің ерекшелігін айқындауға болады.

Жапондық бөдене – Жапонияда алғаш болып шағылыстырылып алынған, қазіргі таңда да осы елде мекендейді. Бұл түрдің осы елде жылдам дамуына жопан қаласына түскен атом бомбасының әсерінен адам ағзасына түскен радионуклидтердің денеден жылдам шығуына бөдене еті мен жұмыртқасы үлкен әсер етті. Нәтижесінде халық бөденені жылдам көбейте бастады.

Жапон бөденесінің қауырсындары жабайы түрінің қауырсындарымен түстес. Аталығының тірілей салмағы 115-120 гр, кей жағдайда 130 гр. жетеді. Аналықтары орта шамамен 138 гр, ал кей жағдайда 150 гр. жетеді. Олар жұмыртқа тууды тіршілігінің 35-40 күндік мерзімінен бастайды, 1 жылда 300 жұмыртқа туады. Жұмыртқалардың салмағы 9-11 гр. Жұмыртқаларды инкубациялық әдіспен басып шығарады. Оның 92% балапан болады. Түрлі ауруларға төзімді. Өсіріп дамытуға өте ыңғайлы.[2]

Ағылшындық ақ бөдене - 1987 ж. Венгриядан алып келінген ағылшынның ақ бөденесі дамытуға өте қолайлы құс. Бұл бөдене түрі Англияда жапон бөденесін мутациялау жолымен шағылыстыру арқылы

алынған. Олардың қауырсын түсі – ақ (мамықтары ұстауға өте ыңғайлы), бірақ қара жекелеген қауырсындары да кездеседі. Көздері-қоңырқай, тұмсығы мен аяқ ұштары ашық түсті. Өзінің түсіне байланысты осы құсты жақсы көрушілердің қызығушылығын арттырады. Аналығының дене салмағы 160-180 г, ал аталығының салмағы 140-160 г. Аналығы жұмыртқа тууды 6-апталық мерзімде бастайды және жыл бойына 280 жұмыртқа туады, жұмыртқа массасы 10-11г. Үй жағдайында ірі бөдене салмағы 300 гр дейін жетеді.



Ағылшындық ақ бөдене Ағылшындық қара Виргиндік бөдене
бөдене

Ағылшындық қара бөдене – Ағылшындық қара бөдене ағылшындық ақ бөденемен өнімділік жағынан бірегей, бірақ дене массасының ірілігімен: аналығы – 200 г, аталығы – 170 г. ерекшеленеді. Жыл бойы 280 аса жұмыртқа туады. Ағылшындық қара бөденесінің қауырсын түсі қара және ұштары қоңырқай болып аяқталады. Бұл бөдене түрі Англияда жапон бөденесін мутациялау жолымен шағылыстыру арқылы алынған.

Виргиндік бөдене-Виргиндік бөдене орташа дене бітімді, тұмсығы қысқа, екі бүйірінен қысыңқы, биіктеу, соңы иіліңкі, жиектері тісті. Аяқтары өткір тырнақты. Виргиндік бөдене өзінің мінез-құлқына байланысты кекілік құсына өте ұқсас. Европада оларды көбінде зообақтарда және үй жағдайында өсіреді. Виргиндік бөденесінің әр қайсысы жұмыртқа басу кезеңінде 45-63 жұмыртқа басады. Оларды жинап инкубаторға салу керек.



Калифорниялық бөдене

Қытайлық бөдене

Маньчжурлық алтын түстес бөдене

Калифорниялық бөдене – Олар қысқа, қуатты, иіліңкі тұмсықты және созылыңқы денелі болып келеді. Қанаттары кең, қысқа, доғалдау, 4 және 5 ұзын қауырсынды. Құйрығы баспалдақ тектес. Басындағы өсінді 4-6 (кейде 10) қауырсыннан тұрады, олар негізінде топтасып соңында таралады; басындағы өсінді қауырсын алдыға қарай иіліңкі; бұл көбінде аталықтарға тән белгі. Олар өте сымбатты: маңдайы сары-ақ түсті, маңдай үсті төбеге бағытталған жіңішке ақ жолақты; басының жоғарғы бөлігі кара-қоңыр түсті; басындағы қауырсынды өсіндіден шүйдеге дейін кара жолақты. Иек, тамақ және төменгі жақ ақ ай тәріздес жолақты. Беттің төменгі бөлігі кара, ақ шекаралы жарты ай пішіндес жолақты. Шүйде бөлігі мен мойынның жоғарғы бөлігі сұр-көкшіл түсті. Калифорниялық бөдене арқасы жасыл-қоңырқай түсті, алқымы мен кеудесінің жоғарғы бөлігі сұр-көк түсті, қарының ортасында қабыршақ тектес қанық қоңырқай ұшы қарамен аяқталған суреттен тұрады. Тұмсығы кара түсті, аяғы мыс текті сұр түсті. Жалпы дене тұрқының ұзындығы – шамамен 25 см. Калифорниялық бөдене қою қоңыр дақты 10-15 жұмыртқа басудан басталады. Жұмыртқа басу мерзімі шамамен 22 күнді құрайды. Аталық ұя аймағын қарауылдайды және қауіп төнгенде аналықты ескертіп тұрады. Егер аналық жұмыртқа басушы бөдене өлген жағдайда аталық бөдене өзі қалған жұмыртқаны басады, балапандарды өсіріп баптайды. 30-35 күндік бөдене өте ширақ болады.

Қытайлық бөдене – Бұл құс оңтүстік-шығыс Азия және Австралия оңтүстігіне созылған аймақта мекендейді. Бұл бөдене түсі ал қызыл, құрсағы сарғыш, алқымында және тамағы кара-ақ суретті. Дене түсінің ерекшелігіне байланысты өз атын алған. Құстың тұмсығы кара, аяғы сәбіз сары түсті. Денесінің жоғарғы бөлігі сұр-қоңыр, төменгі бөлігі – ашық қоңыр, барлық

қауырсындарының соңы қошқыл-қоңыр. Қытайлық бөденесінің денесі 12-13 см, құйрық ұзындығы – шамамен 3 см. Қытайлық бөдене шөптесін алаңқайларда мекендейді. Үнемі жұппен жүреді. Келешек бөденелерді жетілдіру кезінде аталық қатысады: ол ұяны қарауылдайды, ұя аймағындағы қарсыластарды қуады. Қытайлық бөдене 4-6 жұмыртқаны ұяға басады. Жұмыртқа басу мерзімі 16 күн. Бөдене балапандары алғашқыда өте ұсақ мамыр қоңызының көлеміндей ғана болады. Бөдене балапандары өте белсенді тез өседі: өзінің тіршілігінің 3 күнінде қақпа қауырсындар пайда болады, ал екі апталық балапандарда ұшуға дейін жетеді, 3 апталық балапан ересек бөдененің дене массасына тең болады. Екі айлық бөдене балапаны жыныстық толық жетілген дара болады.

Маньчжурлық алтын түстес бөдене - Бұл түрдің өкілдерінде қоңыр сары қауырсындар болады Маньчжурлық алтын түстес бөдене жұмыртқалы түрлерге жатады. Жұмыртқа санының артуына байланысты аналықтарын аталықтарынан бөлек торларда орналастырады. Популяцияны дамыту барысында өнімді түр шығады. Бірақ сұрыптау жұмыстары болмаса, өнімділік қасиеті азаяды. Аналықтың массасы 130 дан 150 г. дейін, ал аталықтың массасы 115 тен 120 г. дейін жетеді. Жылына 280-290 дана жұмыртқа береді.



Перғауындық бөдене

*Техастық ақ
перғауындық бөдене*

Жапондық бөдене

Перғауындық бөдене-АҚШ шығарылған етті түр. Американдық А. Марш өзінің көп жылдық сұрыптау жұмыстарының нәтижесінде осы түрді шығарды. Перғауындық бөдене массасы-165-265 г, аналық массасы 180-310 г. Өзінің 5-апталық тіршілік мерзімінде 140-150 г. массаға жетеді. Бұл бөдененің аналықтары жұмыртқа тууды 6-7 апталық мерзімде бастайды,

жылына 200-220 жұмыртқа туады; жұмыртқа массасы 12-18 г. Перғауындық бөдене қоректендіру мен өсіріп баптау жағдайына өзге түрлермен салыстырғанда тәуелді келеді.

Техастық ақ перғауындық бөдене - Техастық ақ перғауындық бөдене – етті бағыттағы түр. (өзге аты – Американдық альбиностық бройлер). Аталған түр американдық сұрыптаушылардың еңбегінің нәтижесі. Техастық ақ перғауындық бөденені АҚШ және орталық Ресейде өсіріп дамытады. Ірі аталық салмағы 400 гр жетеді, ал еттінің салмағы 250 гр. Дұрыс қоректендіріп, жақсы баптаса бұл бөдене 550 гр салмаққа дейін жетеді. Бірақ бұл жағдайда көбейе алмайды.[3]

Қорытындылай келе, бөдене өсіруді алғаш қолға алған жапондықтар. Қазіргі таңда жапон бөденесі, мрамор бөденесі, ағылшын бөденесі, фараон бөденесі атты төрт түрі өсіріледі. Бөдененің жұмыртқасы көптеген сырқаттарға шипа. Әсіресе, адам организміндегі темір қалдықтары мен шлактарды тазартады. Бронхалық астма, асқазан аурулары, туберкулез, хроникалық холецистит, жүйке, жүрек ауруларына пайдалы. Құрамында – фосфор, темір, калий, радионуклидтің пайдалы қоспалары бар. қазаққа тансық құс емес. Қазақ ертегілерінде де жиі айтылады. Бірақ осы жұдырықтай құстың еті мен жұмыртқасында осыншама емдік дәрумен бар деп кім ойлаған? Еті холестеринсіз, жұмыртқасы дәрумендігі жағынан тауықтан үш есе құнарлы, амин қышқылы, микроэлементтерге бай. Басқасын айтпағанда, адам ағзасының ауру-сырқауға қарсы қабілетін күшейтеді, ағзадағы темір радионуклидтерді шығарады екен. Бөдене асырау өте жақсы, қызықты, денсаулыққа пайдалы іс, қанша ауруға ем. Ал Түркістан облысында бөдене шаруашылығы қарқынды дамыса Қазақстанның болашағы келешек денсаулығы мықты, өсіп келе жатқан бүлдіршіндердің қолында деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Gavrilov E.I., Gavrilov A.E. The Birds of Kazakhstan. – Almaty, 2005.
2. Гаврилов Э.И. Фауна и распространение птиц Казахстана. – Алматы, 1999.
3. Рябицев В.К. Птицы Урала, Приуралья и Западной Сибири. – Екатеринбург: Изд-во Уральского университета, 2000.

АДИЛБАЙ У.Н., ТУКИБАЕВА Б.А. ОПРЕДЕЛЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО ПРОИСХОЖДЕНИЯ ПЕРЕПЕЛКИ, ОБИТАЮЩЕЙ В КАЗАХСТАНЕ

В данной статье описано историческое происхождение перепелки, обитающей в Казахстане. Представлена систематическая классификация рода перепелов, рассмотрено их обитание на лугах речных долин и вблизи озер, на люцерновых, клеверных и зерновых полях, лесных окраинах и опушках, в горных высокоотравьях на высотах до 2000 м на Алтае и 2800-3000 м в Заилийском Алатау. Описан период гнездования по всей территории Казахстана, исключая пустыни и

долину Сырдарьи, охарактеризовано население птиц на высокоотравных и кустарниковых лугах, на равнинах, в долинах рек и низкогорьях. Представлены результаты наблюдений за птицами в период их перелета и зимовки на территории Туркестанской области, в районе Шымкента.

Ключевые слова: перепелка, Казахстан, Япония, яйцо, мясо, состав, весенние месяцы, Алатау, самка, самец.

ADILBAY U.N., TUKIBAЕVA B.A. DETERMINATION OF THE HISTORICAL ORIGIN OF QUAILS LIVING IN KAZAKHSTAN

This article describes the historical origin of quails living in Kazakhstan. The systematic distribution of the quail species is presented. . This article describes the habitat of quails on the meadows of river valleys and near lakes, on alfalfa, clover and grain fields, forest margins and edges, in mountainous high grasses at altitudes up to 2000 m in Altai and 2800-3000 m in Zailiysky Alatau. The nesting period is also described throughout the territory of Kazakhstan, excluding deserts and the Syrdarya valley as well as the population of birds of high-grass and shrubby meadows on the plains, in the valleys of the rivers and low mountains. It also considers the birdwatching during their flight and wintering period in the Turkistan region, Shymkent city.

Keywords: Coturnix coturnix, Kazakhstan, Japan, egg, meat, composition, spring months, Alatau, female, male

УДК 373

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТІЛІН СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ДАМУДЫҢ ҰСТАНЫМДАРЫ

АЛТАЕВА А.С., МЫҢБАЕВА А.П.

Ф.Ш. Оразбаеваның тұжырымына сүйенсек: «Ұстаным» сөзінің мәнін бағыт-бағдармен тікелей байланыстыру, біздіңше, оның мағынасын толық аша алмайды. Себебі, оқытудың бағыттары мен жолдары бір ғана емес, бірнеше болып келеді. Осы жолдарды құрайтын басты қағида болуы мүмкін. Оның сыртында ұстанымның ерекшелігінің өзі – адамның алдына қойған мақсат пен міндеттерге сәйкес оқытудың объектісіне келетін ұстанымдарды алуға болады. Мақалада қазақ тілін оқытудың негізгі ұстанымдарына жеке-жеке тоқталып, өзіндік анықтамасымен берілген.

Кілт сөздер: ұстаным, ғылымилық, жүйелілік, сабақтастық, көрнекілік.

«Ұстанымдар – бұл педагогтың өзінің тәжірибелік іс-әрекетінде және мінез-құлқында басшылыққа алатын негізгі, бастапқы жағдайлары. Оқыту ұстанымдары – оқытудың мазмұнына, ұйымдастырылуына және әдістемесіне қойылатын талаптар жүйесін анықтайтын негізгі жағдайлар» [1, 51].

«Принцип – латын сөзі, қазақша «негіз» деген сөз. Оқыту принциптері (ұстанымдары) – мұғалім мен оқушылардың жұмысын реттеп отыратын ережелер. Сондықтан ол барлық пәндерді оқытқанда қолданылады. Оқыту ұстанымдарына сәйкес оқытуға қойылатын талаптар тұжырымдалады. Оларды орындаған педагог өз еңбегінде жақсы табыстарға жетеді» [2, 39].

Белгілі педагог Я.А.Коменский оқытудың ұстанымдарын бір жүйеге түсіріп, өзінің еңбегін ұсынған еді. Адам баласы табиғаттың бір бөлшегі болғандықтан, оқыту мен меңгерту адам мен табиғат арасындағы заңдылықтарға негізделеді. Сондықтан оның ойынша: «Оқытудың ең басты принципі – табиғатқа сай болу принципі» [3, 6]. И.Г.Песталоцци оқытудың көрнекілік принципін ерекше бағалап, оны логикалық ойлауды дамытатын маңызды құрал деп санаған. К.Д.Ушинский оқытудың халықтық сипатына баса назар аударып, оқытудың принциптерін психологиялық тұрғыдан қараған. Ы.Алтынсарин оқыту ережелерін қазақ мектептеріндегі білім берудің ерекшеліктеріне байланысты қолдану керектігін айтқан. Г.И.Щукина «Оқыту принципін дидактиканың тұғырлы ережелері, оқыту процесіне қойылатын негізгі талаптар [4, 6]» – деп тұжырымдайды. П.И.Пидкасистый «қазіргі заманғы дидактикада оқыту ұстанымдары оқытушылық іс-әрекетке қажет болатын нұсқаулар ретінде қарастырылады» десе, Е.И.Щербакова «ұстаным» ұғымына мынадай анықтама береді: «принцип (латынша *principium* - бастапқы, негіз) – іс-әрекеттің әр түрлі аумағында басшылыққа алынатын негізгі бастапқы ережелер [4,7]», – дейді.

«Принцип – латын сөзі – негізгі, бастапқы» деген ұғымды білдіреді. Оқытуға қойылатын талаптардың белгілі жүйесін оқыту үдерісінің принциптері» – деп жазады педагог-ғалым Р.М.Қоянбаев [5, 61].

Зерттеу объектімізге сай, оқытудың мынадай ұстанымдарын ұсындық:

Қазақ тілін оқытудың ғылымилық ұстанымы.

Қазақ тілінің оқыту да ғылыми нақты материалға, дәлелдерге, мағынаға, екінші сөзбен айтқанда, ғылыми ұстанымға сүйенеді. Яғни меңгерілетін тақырыптарды өзіндік белгілерінің, ережелер мен анықтамалардың нақтылыққа негізделіп, дұрыс, дәл болуы оқушылардың берілген тақырыпты терең түсінуіне септігін тигізеді. Сонымен, қазақ тілін оқыту барысында педагог тақырыптың ғылымилығын, ережелер мен анықтамалардың тіл үйренуші оқушылардың жас ерекшелігіне қарай меңгертуге тырысады.

Мысалы, Г. Косымова, Рахметованың авторлығында 2017 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген 7-сынып, «Қазақ тілі» оқулығында «Септіктер» тақырыбы түсіндіріледі.

Оқулықтағы бұл ұстаным оқытудың ғылымилық ұстанымы деп аталады.

Жүйелілік ұстанымы.

Қай пәнді оқытсақ та, ең алдымен жүйелілік керек. Бір жолға түсіріп, өтілетін тақырыптардың арнаға түсірмейінше тілді үйретуде қиындықтар туындайды. Сол себепті жүйелілік ұстанымын алға қоюымыз керек. Г.Қосымова мен Р.Рахметованың авторлығындағы 7-сынып оқулығында тақырыптар төмендегідей берілген:

Музыка өнері және қазақтың киелі домбырасы

1-2сабақ. Музыка – табиғи өнер

3-4 сабақ. Музыкалық бағыттар мен аспаптар

5-6 сабақ. Домбыра – халық мұрасы

7-8 сабақ. Күй – музыканың ерекше жанры

9-10 сабақ. Нәтиже сабақ. Музыка – әлемдегі ең жоғарғы өнер

7-сынып оқулығындағы тапсырма. Яғни, оқулықтың әр бөлімінде тақырыптар жүйеленіп беріледі.

Көрнекілік ұстанымы. Көрнекілік принципі пәнді оқытуда, тілді үйренушілер үшін де ерекше орын алады.

1. Жаратылыс көрнекілігі. Оқушыларды табиғат аясына саяхат жасау арқылы шағын әңгіме, мазмұндама, шығарма жаздыру. Мысалы, «Театр» тақырыбын өткен кезде Мұхтар Әуезов драма театрына тіл үйренушілерді апарып, сонда ашық сабақ өткізуге болады.

2. Көлемдік көрнекілік: фото, суреттер, картиналар, диафильм, кинодан үзінді т.б. көрсету арқылы тақырыпқа байланысты әңгіме құрастыру. Мысалы:

9-сабақ ҒЫЛЫМИ ФАНТАСТИКА ойтүрткі

1-тапсырма. Суретті пайдаланып, әңгіме құра.



<https://www.pravmir.ru/nauchnaya-fantastika-osnova-patriotizma/>
Сурет 1. 7-сынып оқулығындағы тапсырма.

3. Дыбыстық көрнекілік: күйтабақ, грампластинка, магнитофон, үзінді оқып, талдату. Бұл көрнекіліктің түрін жүзеге асыру үшін электрондық кітаптар немесе аудиодисктерді қолданған дұрыс. Бүгінгі күні сын тұрғысынан ойлау технологиясына негізделіп жасалған Г. Косымова, Р.Рахметованың авторлығында 2017 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген 7-сынып, «Қазақ тілі» оқулығы қосымша ұнтаспамен қатар жүреді және оны кітаптың «Тыңдалым» айдарымен берілген тақырыптарында қолданады. Жалпы, қазақ тілін оқытуда бүгінгі күні міндетті түрде аудио CD немесе электрондық бағдарлама қатар жүреді.

4. Графикалық символдық көрнекілік: картина, схема, таблица, диаграммалар.

Бұл көрнекілікпен берілген тапсырмалар орта деңгей үйренушілері үшін өте маңызды. Себебі: сәйкестендіру, кестені толтыру, диаграмманы жалғастыру сияқты тапсырмалар тіл үйренуді әлдеқайда жеңіл әрі түсінікті ете түседі. Сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау технологиясына негізделген жаттығу түрлері осы схемалар мен диаграммалар, кестелер арқылы жүзеге асады.

Саналылық пен белсенділік ұстанымы. Оқушылардың санасы қазақ тілін өткен сайын дамып отырады. Тілді үйретудегі дәлелдерді бала жаттап емес, ми арықылы қорытып, санасы өсіп отыру керек. Осыған орай Г.Қосымова, Р.Рахметованың авторлығында 2017 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген 7-сынып, «Қазақ тілі» оқулығында төмендегідей жұмыс түрлері іске асқан:

1) Тілде берілетін мәліметтер жеке түсіндіріп, ол мәліметтерді өз түсінігі бойынша оқушының өзіне айтқызған. Түсіндіру кезінде объектілердің өзіндік белгілері толық қамтылған;

2) Түрлі жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылар тапсырманы еркін орындайтындай жағдай жасалған;

3) Күнделікті, тоқсандық және жылдық қайталаулар кезінде өткен материалдарға байланысты сұрақтар берілген (нәтиже сабақтар);

4) Орфография мен орфоэпияға байланысты дағдыларды қалыптастыру ескерілген;

5) Күнделікті өмір қажетіне қарай практикалық дағдыларды саналы түрде меңгеру жүйесі жасалған [6, 87].

Теорияны практикамен байланыстыру ұстанымы.

Қазіргі таңдағы жаңартылған білім беру бағдарламасы тұлғаның алған білімдерін өмір қолданысында жүзеге асыру идеясы берілген. Білім беру мекемесінде қазақ тілінен алған білімін өмір қажеттіліктеріне қарай жаратса, сол теория мен практиканы ұштастырғаны деп көрсетіледі. Білім алушыларға қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағдылар беріледі. Осы алған білімдерін кеңейте отырып, оны күнделік өмір қажетіне жаратады.

Мысалы:

Білгенің дұрыс!

Адам өмірінің 1/4 бөлігін ұйқыға және оның 6 жыл уақытын түс көруге жұмсайды. Алайда ояңаннан кейін адамдар түстің көп бөлігін есте сақтамайды. Адам түсті әр 90 минут сайын көреді. Ал ең ұзақ түс таңғы мезгілде ары кетсе 30-45 минутқа созылады.

7-сынып оқулығындағы тапсырма. 7-сынып оқулығында «Білгенің дұрыс» айдарымен оқушыларға өмірге қажетті ақпараттар беріліп отырады. Мысалы, тапсырмада оқушылардың физиологиялық мәселелеріне қатысты ақпаратта адам болмысы жайында түсінік беріп отыр. Бұл ақпарат оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Берілген мәтінді талдай келіп, баяндалған оқиға жас буын және ересектер үшін де қызықты әрі маңызды екенін көруге болады. Демек, 7-сыныпта берілетін мәтіндер «әмбебап» мәтіндер болуы тиіс.

Сол себепті «қазақ тілін оқытуда осы ерекшеліктер ескеріліп, тілдік материал соған лайықталып берілген. Қазақ тілін оқытуда осы ұстанымдар сақталса, ол білім алушының тақырыпты меңгеруіне қолайлы жағдай тудырады» [7, 67].

Аталған ұстанымдарды ескере отырып құрастырылған 7-сынып оқушыларының тіл дағдысын ғана арттырып қоймай, білім алуын қызықты әрі жеңіл ете түседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: Монография. – Астана: Тіл комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008.-160 б.

2. Құрманова Н.Ж. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы. – Монография. Астана: Мемлекеттік тілді жеделдете оқыту республикалық орталығы, 2007. 160 б.

3. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологий, С П., с.367;

4. Щербакова Е.И. «Теория и методика математического развития дошкольников». – Москва-Воронеж, 2005.

5. Қоянбаев Ж. Педагогика: жоғары оқу орындарына арналған оқулық, – Алматы, 1992. Рауан, - 240 б.
6. Абасилов А. Мемлекеттік тілдің Қазақстан Республикасының солтүстік аймағындағы қызметі: социолінгвистикалық проблемалары, оларды шешу жолдары: Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 132 б.
7. Әбдікәрімова Т., Әбдіғалиева Т., Шаймерденова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 1999 ж.

АЛТАЕВА А.С., МЫНБАЕВА А.П. ПРИНЦИПЫ РАЗВИТИЯ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ

По мнению Ф.Ш. Оразбаевой, слово «принцип» не полностью объясняет его значение, потому что направления и пути общего образования разные и многоаспектные. Отличительной чертой этой позиции является критический анализ наиболее важных и эффективных стратегий, соответствующих целям и задачам обучения. В статье рассматриваются принципы технологии критического мышления применительно к обучению в школе казахскому языку как родному.

Ключевые слова: принцип, научный, систематичный, иллюстративный.

ALTAYEVA A.S., MYNBAYEVA A.P. PRINCIPLES OF DEVELOPMENT TECHNOLOGY OF CRITICAL THINKING FOR SCHOOLCHILDREN

According to F.Sh. Orazbayeva, the word «principle» does not fully explain its meaning. Because the directions and ways of general education are different and not one, but several. And it can be a basic principle in several ways. In addition, a distinctive feature of this position is the analysis and critical analysis of the most important and effective in several areas in accordance with the goals and objectives set for the person. The article discusses the basic principles of learning the Kazakh language and provides definitions.

Keywords: principle, scientific, systematic, illustrative

ӘОЖ 515.1

**БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМІН САНДЫҚ БІЛІМ
БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУҒА ДАЯРЛАУ**

ШӘМШІ Г.Ж., ИБРАГИМОВ Р.

Бұл мақалада заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі оқу үдерісінде сандық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігі туралы баяндалады. Сандық білім беруді меңгерту үшін болашақ мұғалімдердің негізгі, базалық, арнайы кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру атап көрсетіледі. Сондай-ақ сандық білім беру ресурстарын қолдану мүмкіндіктері математиканы оқытуда әртүрлі кезеңдерге байланысты тәсілдер мен оларды пайдаланудың маңыздылығы туралы атап көрсетіледі. Сандық білім беру ресурстарын қолдануға электрондық оқулықтарға және оқытуда қазіргі таңдағы ЦБР қолдану мүмкіндіктері және де олардың негізгі құрылымдары жайлы материалдар мен модельдер туралы осындай білімдер керек болады. Тиімді және белсенді оқыту мақсатында оқулық пен сандық

білім беру ресурстарын талдау және компьютерлік жұмыстардың түрлерін үйлестіру біліктіліктері қажет. Оқу пәнінің ерекшелігіне байланысты математиканы оқытуда сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдаланып, педагогикалық және психологиялық теорияларға негізделген ресурстарды қолдану дағдыларын меңгеруі керек. Оқушылардың сапалы білім алуы үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңыздылығы білімді меңгерудегі қажетті ресурс болып табылады. Заманауи техниканың дамуына байланысты математика пәндерін оқытудағы сандық білім беру ресурстарының қолданылу аясын кеңейтудің қажеттілігі көрсетіледі.

Кілт сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, цифрлық білім ресурстары, ақпараттандыру, интерактивті сабақ, интерактивті тақта, технологиялық карта, электронды – мультимедиялық оқу бағдарламалары.

Білім беруді жетілдіру мәселесі әлемнің барлық елдерін дамытуда айқын басымдыққа ие болып отыр. Сандық білім беру ресурстарын қолдану мемлекеттің әлемдік өркениеттің дамуында оның беделін айқындаушы болады. Сондықтан қазіргі уақытта отандық білім беру саласын материалдық-техникалық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуге, оқу процесіне жаңа білім беру технологияларын енгізуге ерекше назар аударылады.

Заманауи білім берудің негізгі бағыттарының бірі оқу үдерісінде сандық білім беру ресурстарын (электрондық оқулықтар мен оқу құралдарын) пайдалану болып табылады. Алайда, қазіргі уақытта компьютерлік технологиялардың жоғары деңгейде дамуына қарамастан, оларды математиканы оқыту процесіне енгізу төмен деңгейде қалып тұр. Мұғалімдердің, әсіресе, оның ішінде математика мұғалімдерінің оқушыларды оқыту үрдісінде сандық білім беру ресурстарын пайдалану деңгейінің төмен екендігі байқалады. Бұл құбылыстың негізгі себептерінің бірі оқу процесінде сандық білім беру ресурстарын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулықтардың жоқтың қасы екендігі, мұғалімдердің білім мен іскерліктерінің белсенді болмауы болып табылады.

Сандық білім беру ресурстарын(СББР) меңгерту үшін болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының келесі міндеттерін жүзеге асыру қажеттілігі бар екен:

- негізгі кәсіби құзыреттілік деңгейінде: ақпараттық технологияларды қолдану саласында жалпы теориялық және практикалық білімді меңгеру; оқыту әдістемесін жетілдіру, проблемалық мәселелерін анықтауға және оларды шешу жолдарын іздеуге бағытталған жұмыстарды ұйымдастыру бойынша іскерлікті қалыптастыру; әртүрлі топтарда жұмыс істеу үшін коммуникативтік іскерлікті меңгеру, сыни ойлауды қалыптастыру;

- базалық құзыреттілік деңгейінде: сыни кәсіби ойлауды дамыту; сандық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, оқушылардың топтық

жобалық-бағдарлық жұмысын ұйымдастыру бойынша білімді меңгеру; болашақ мұғалімдердің шығармашылық бастамаларын және шығармашылық белсенділіктерін дамытуға ықпал ету;

- арнайы құзыреттілік деңгейінде: электронды оқулықтар мен оларға қойылатын талаптар туралы білім алу; сандық білім беру ресурстарын пайдалана отырып оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін қалыптастыру; математикалық мәдениеттің компоненттерін зерделеу, оқушылардың оқу іс-әрекетін басқару бойынша іскерлікті қалыптастыру.

Сандық білім беру ресурстарын қолдануға дайындауда мынадай білім, біліктілік, дағдылар мен негізгі түсініктерді меңгеру керек:

- электрондық оқулық және оған қойылатын талаптар жайлы мағлұматтар; оқу үдерісінде қазіргі заманғы СББР-ын қолдану мүмкіндіктері; математика сабақтарында оқыту мақсаттарына сай сандық білім беру ресурстарын қолдану әдістемелері туралы мағлұматтар; оларға қол жеткізуге бағытталған әдістемелік нұсқаулықтарды дайындаудың негізгі құрылымдары жайлы материалдар мен модельдер туралы **білімдер** керек.

- тиімді және белсенді оқыту мақсатында оқулықтар мен сандық білім беру ресурстарын талдау; ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, математиканы оқыту технологияларын іріктеуді жүзеге асыру; математиканы оқытудың әр түрлі кезеңдері мен деңгейлері үшін, әр түрлі бейіндік бағыттағы сыныптар үшін оңтайлы тәсілдерді, оқыту құралдарын, жұмыс режимін белгілеу; компьютерлік және компьютерлік емес жұмыс түрлерін үйлестіру; оқу процесінде сандық білім беру ресурстарын пайдалану бойынша өз қызметін оның тиімділігін арттыру мақсатында талдау жасау біліктіліктері қажет.

- оқу пәнінің ерекшелігін ескере отырып, математиканы оқыту/өзін-өзі оқыту/ құралы ретінде сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану; математика курсының пәнаралық жүйелі байланысын орнату; педагогикалық және психологиялық теорияларға негізделіп сандық білім беру ресурстарын қолдану дағдыларын меңгеру керек;

Сонда ғана математиканы оқытуға қолданылатын сандық білім беру ресурстары авторларының концепцияларын ,электронды оқулықтың негізгі құрылымдық элементтері туралы; математикалық білім беру жүйесін ақпараттандырудың даму перспективаларын; математиканы оқытуда сандық білім беру ресурстарын қолдану жолдары мен әдістемелік потенциалын; сандық білім беру ресурстарын қолдану арқылы сабақтардың әдістемелік құрылымы жайлы түсініктер қалыптасады деп есептейміз.

Болашақ математика мұғалімдерін сандық білім беру ресурстарын қолдануға дайындау үшін мыналарды қамтамасыз ету қажет:

- лекциялар мен практикалық сабақтарда: топтық жұмыстар, шағын топтарда жұмыс және жеке жұмыстың әртүрлі формаларын (ғылыми жобаларды дайындау және таныстыру) оңтайлы үйлестіруде оқыту мазмұнына сай келетін меңгерту, тиімді және белсенді оқыту әдістерді қолдану;

- оқытуда ынтымақтастық, серіктестік және үлгі көрсету арқылы қолданылатын СББР –ының интерактивтілігіне қол жеткізіледі.

Лекцияларда электронды оқулықтармен, олардың құрылымымен, оларға қойылатын талаптармен, математиканы оқытуда оларды қолдануға байланысты негізгі теориялық білімдер берілуі тиіс [4, 92].

Практикалық сабақтарда сандық білім беру ресурстары мен олардың қолданылуы туралы түсініктерді қалыптастырумен байланысты біліктілік пен дағдылар меңгеріледі. Сандық білім беру ресурстарының негізгі талаптарымен таныстырылады; сандық білім беру ресурстарының сапасын бағалау бойынша іскерліктер қалыптастырылады.

Компьютердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып математика сабағында көрсету, түсіндіру, жаттықтыру, түзету және бағалауды жүзеге асыруға болады. Математика пәні мұғалімі педагогикалық жұмыста белгілі бір нәтижеге жетуді көздеп, компьютерлік техниканы математика пәнін оқытуда тиімді пайдаланып, сапалы білім беруге қол жеткізуге болатындығы айқын.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Білім саласында компьютер оқу үшін оқу құралы, ал мұғалім үшін жұмысшы болып табылады [3, 76].

Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын меңгеру мұғалімнен орасан зор іскерлік пен шығармашылыққа негізделген ізденістерді қажет етеді. Осындай мақсат көздеген жүйелі ізденістер мұғалімнің сандық білім беру ресурстарын қолданатын жаңа технологияны меңгеруіне, инновациялық жетілуіне мүмкіндік береді. Педагогикалық технология-мұғалімнің кәсіби қызметін жаңартушы және сатыланып жоспарланған нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін іс-әрекеттер көзі. Мұның өзі ақпараттық технологияларды пайдаланудың екі бағыты бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді:

- Бірінші бағыт тұрғысынан алып қарасақ, ақпараттық технологиялар білім, білік, дағдыны игеру үшін қажетті ресурс болып табылып, оқушылардың саналы тәрбие, сапалы білім алуына жағдай жасайды;

- Екінші бағыт тұрғысында ақпараттық технологиялар оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттырудың қуатты құралы болып табылады.

Оқытудың нәтижелі болуы оны ұйымдастыру әдістеріне және бастамашылдыққа жаңа педагогикалық-инновациялық әдістемелікке байланысты. Өйткені, ХХІ ғасырдағы технологиялардың соншалық жылдам қарқынды дамуы адамзат өмірінде болып көрмеген шапшаңдықты талап етеді. Компьютердің көмегімен шешуге болатын әдістемелік және педагогикалық есептердің аумағы кең. Компьютер – әмбебап құрал, білімді тексеруге және бағалауға, есептеулерге, калькуляторға, тренажерге, бөлшектерді пішіндеуге қолдануға болады, – бұл тамаша электрондық тақта. Компьютер мәліметтерді ұсыну мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Қазіргі бейне – техниканың көмегімен түстің, кестенің, мультипликацияның, дыбыстың, барлығын пайдаланып, объектіні нақтылауға мүмкіндік береді. Оқытудың жаңа технологиясын енгізу мен компьютерді қолдану – бұл сәндік үлгі емес, оқытушының көп қырлы шығармашылық еңбегін компьютерге аударып салу әдісі емес. Оның міндеті – оқушының қазіргі заман сұранысына сай өзінің өмірлік іс-әрекетінде компьютерлік құралдарын қажетті деңгейде пайдалана алатындай жан-жақты дамыған дара тұлға ретінде тәрбиелеу, оқу-тәрбие жүйесінің барлық деңгейін жетілдіру, оның тиімділігі мен сапасын жоғарылату мақсатында компьютерді жекелеген пәндерде оқыту құралы ретінде пайдалану[4, 21].

Оқытушылардың негізгі мақсаты – ақпараттық технологияны терең меңгерген, қажетті ақпаратты іздеп, осыған байланысты өзі шешім қабылдайтын жылдам өзгеріп жататын заманға лайықты, жаңашыл адам тәрбиелеу. Заманауи техниканың дамуына байланысты соңғы жылдары математика пәндерін оқытуда компьютерлік бағдарламалардың рөлі артуда.

Соңғы жылдары математика есептерін шешуде және математика пәндерін оқытуда қолданылатын компьютерлік бағдарламалар дамуда. Бұл бағдарламалардың мысалы ретінде символдық математикада кең қолданылатын жүйелер Maple, MatLAB, Mathematica, MathCAD, Geogebra(www.geogebra.org) және басқаларды айтуға болады.

Мысалы, «Параметрлері бар теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудегі графикалық иллюстрациялар» жобасын іске асыру барысында Ресейдегі «Планетариум» орталығының «функциялардың қасиеттері» тақырыбы бойынша сандық білім беру ресурстары пайдаланылды. <http://www.cns0.ru> және т.б. Оқушылар өз жобаларының электрондық тұсаукесерін әзірлейді және оларды қорғауға ұсынады.

Ресейдегі «Онлайн-математика» жобасын пайдаланып біздің республикада іске асыру мыналардан тұрады: «егер сабақтың кемінде 50% -ы онлайн тестілеуді пайдаланса, онда тақырыптық бақылау жұмыстарының

нәтижелері бойынша білім алушылардың дұрыс орындаған тапсырмаларының оң динамикасы қалыптасады». Осы жобаны іске асыру кезінде біз мынадай ресурстарды пайдаланамыз: www.uztest.ru, www.ege.edu.ru, www.fipi.ru, www.imhotest.ru, www.bntu-help.net, www.egetestonline.ru, www.mathtest.net т.б.

Жоба әдісін іске асыру тәжірибесін кеңейту және оның оқушылар қоғамдастығында танымалдығы бізді жобалық қызметті ұйымдастырудың жаңа нысандарын, оның ішінде сабақтан тыс қызметті іздеуге мәжбүр етті.

WikiWall сервисі-бетте орналастыру және мәтіндер, суреттер және бейнелер бар модульдерді өңдеу мүмкіндігін береді. Wiki-синтаксисті (wackowiki диалектісі қолданылады) беттерді қарап шығу кезінде нұсқаларды сақтап, өңдеуді қолдайды.

«Математикалық сөз» мектептік математикалық онлайн-газетін құру оқушылардың жобалық қызметін ұйымдастыру нысаны болып табылады. Онлайн-газетті құру барысында мұғалім білім алушылардың қызметін бақылайды, кеңес береді, жанама түрде басқарады, сұрақтарға жауап береді, қызмет кезеңдерінің уақытша шеңберінің сақталуын қадағалайды, келіп түскен материалды рецензиялайды және түзетеді. Онлайн-газетті рәсімдеу алынған ақпаратты wikiwall сервисінде тақырыптық блоктарды құруды және орналастыруды, жобаға қатысушылардың рефлексиясын талап етеді. WikiWall ортасында онлайн-газетті рәсімдеу кезінде топ мүшелері бір уақытта компьютерлермен жұмыс істейді. Кіру кезінде олардың әрқайсысы өзіне аватарды таңдайды және басқа оқушылардың жұмысын бақылауға мүмкіндік алады. Барлық қатысушылар мен көрермендерге беттегі барлық өзгерістер бірден көрсетіледі. Бұл ретте білім алушылар газеттің нұсқасын талқылап, көре алады, қажетті түзетулер енгізе алады.

Студенттердің өзіндік жұмысына үлкен орын беріледі, оның аясында олар оқушыларды математикаға оқытуда СББР-ын қолданудың әртүрлі аспектілеріне арналған презентацияларды дайындау, математикалық ұғымдарды, теоремаларды, ережелерді, алгоритмдерді зерделеу кезінде СББР-ын қолданудың негізгі бағыттарын зерттеу, курстық жұмысты жазу қажет. Курстық жұмыстың тақырыбы мен мазмұны математикалық мазмұнның әр түрлі компоненттерін оқу кезінде СББР-ын пайдаланумен байланыстыру қажет. Мысал ретінде кейбіреулерді келтіреміз: «СББР-ын қолдана отырып математикалық ұғымдарды оқыту әдістемесі», «СББР-ын қолдана отырып дифференциалды оқыту жағдайында геометрия курсының теоремаларын оқыту әдістемесі». «СББР-ын қолдана отырып алгебра курсына теңдеулерді шешу әдістемесі»; «функционалдық-графикалық әдіспен теңдеулерді шешу кезінде СББР-ын қолдану»; «СББР-ын қолдану арқылы математиканы оқыту барысындағы оқушылардың өзіндік жұмысы» және т. б [5, 124].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Башмаков А.И., Башмаков И.А. Башмаков А.И., Башмаков И.А. Разработка компьютерных учебников и обучающих систем. – М.: «Филинь», 2003. – 616 с.

2. Матрос Д.Ш. Информатизация общего среднего образования – М.: Педагогическое общество России, 2004. – 384 с.
3. Садыбекова Ж. Оқу-тәрбие үрдісінде ақпаратты-коммуникациялық технологияны қолдану қажеттілігі // Информатика негіздері. – 2008. – № 4.
4. Омарова С., Төлбасова Б., Ахметова О. Компьютерлік технологиялар. – 2012.
5. Ибрагимов Р. Математиканы оқытудың жаңа технологиялары. – Шымкент, 2010.

ШАМШИ Г.Ж., ИБРАГИМОВ Р. ПОДГОТОВКА БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ МАТЕМАТИКИ К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ

В данной статье излагаются направления современного образования, основанные на использовании цифровых образовательных ресурсов в учебном процессе. Отмечается, что для эффективного овладения цифровым образованием необходимо формирование у будущих учителей ключевых, базовых и специальных профессиональных компетенций. Рассматриваются современные подходы к использованию цифровых образовательных ресурсов на различных этапах обучения математике, важность освоения моделей основных структур ЦОР. В целях эффективного и рационального обучения необходимы умения анализировать цифровые образовательные ресурсы, координировать виды компьютерных учебных работ. Значимость использования информационных технологий для получения учащимися качественного образования характеризуется как необходимый ресурс для освоения математических знаний. В связи с развитием современной техники указывается необходимость расширения сферы применения цифровых образовательных ресурсов в преподавании математических дисциплин.

Ключевые слова: *информационно-коммуникационные технологии, цифровые образовательные ресурсы, информатизация, интерактивный урок, интерактивная доска, технологическая карта, электронно-мультимедийная учебная программа.*

SHAMSHI G. ZH., IBRAHIMOV R. THE TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS TO USE DIGITAL EDUCATIONAL RESOURCES

This article describes the main directions of modern education oin the effectiveness of the use of digital educational resources in the educational process. The formation of key, basic, special professional competences of future teachers is noted for mastering digital education. It is also noted: the possibility of using digital educational resources on the approaches and the importance of their use in teaching mathematics associated with different stages. The use of digital educational resources requires such knowledge about the current opportunities of using DSS in teaching and materials and models of their basic structures. Effective and active learning requires the ability to analyze educational and digital educational resources and to coordinate the types of computer work. Due to the peculiarities of the discipline in teaching mathematics, it is necessary to master the skills of using digital educational resources based on pedagogical and psychological theories. The importance of using information technology to provide students with quality education is a necessary resource for the development of knowledge. In connection with the development of modern technology indicates the need to expand the scope of digital educational resources in the teaching of mathematical disciplines.

Keywords: *information and communication technologies, digital educational resources, Informatization, interactive lesson, interactive whiteboard, technological map, electronic and multimedia educational programs.*

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ
ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ**

ӘОЖ: 57.087

**ACTION RESEARCH ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ БИОЛОГИЯ
ПӘНІНДЕ ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС НӘТИЖЕЛЕРІН
ДҰРЫС РӘСІМДЕУДІ МЕҢГЕРТУ**

СӘРСЕНБАЕВА А.С.

Бұл мақалада биология пәні бойынша іс-әрекеттегі зерттеу-Action Research жұмыс – практикалық жұмыстарды орындау арқылы сыни тұрғыдан ойлауын, жазылым дағдылары арқылы дамыту үшін пайдаланғандығы баяндалған. Жұмысты зерттеу барысындағы қиыншылықтар мен нәтижелер талқыланып, практикалық жұмыстарды жасату және оны рәсімдеу арқылы жазылым дағдысын дамытудағы ең басты міндетім орындалғандығы көрсетілген. Іс-әрекеттегі зерттеу: әрекеттер мен олардың салдарын жүйелі түрде зерттеумен қоса, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында іс-әрекетті орындау үдерісі; негізінен өз тәжірибесін жетілдіру үшін өзінің жұмыс орнындағы деректерді талдайтын практик-мамандар әзірлейді және жүргізеді; бұл қолданбалы зерттеудің түрі, зерттеу жүргізілу мақсатымен жақсы таныс зерттеуші де белсенділікпен қатысады; антропология, социология және этнография саласында қалыптасқан сапалы зерттеулердің бай дәстүрлері тұрғысынан қарастырылады.

***Кілт сөздер:** биология, оқушы, іс-әрекет, зерттеу, құндылық, сыни ойлау, технология, әдіс, мұғалім, ғылым, мектеп.*

Мектеп базасындағы жүзеге асырылатын іс-әрекеттегі педагогикалық зерттеу үдерісі арқылы практик-мамандар мектеп проблемаларын қарастырып, оларға жан-жақты жауап беру мүмкіндігіне ие болады. Бұл – «мектептегі шара» немесе «мектеп туралы ақпарат» қана емес, ол, ең алдымен, «мектеп үшін» жүргізілетін зерттеу нысаны [1]. Осыған қарап, оқытушының міндеті өзінің жеке тәжірибесін түсіну және жетілдірумен қатар, өзіндік рефлексивтік зерттеу үдерісіне қызығушылықпен тартылуы, ұмтылуы деп айта аламыз. Іс-әрекеттегі педагогикалық зерттеуге қатысушылар оқу бағдарламасын өзгертуге, мектепте қолданылатын тәжірибеге қатысты дау айтуға және проблема қою, деректер жинау, талдау және әрекет ету жөніндегі үздіксіз үдерістермен айналысуға бағытталады, сол арқылы әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізу жұмыстарына ден қояды. Мұғалімдер әдетте өз сабақтарында туындайтын проблемаларға көңіл бөліп, белсенді түрде оларды шешуге тырысады. Мұғалім өз тәжірибесін өзгерту үшін қызу жұмысқа кірісіп, сонымен қатар жүйелі түрде бұл өзгерістер

ықпалының дәлелдемелерін жинаса, ол мұғалімнің іс-әрекеттегі зерттеуді жүргізу үдерісіне тереңдей бастағаны. Бұл тәсіл білім беру және басқа да алуан түрлі салаларда қолданылатындықтан, іс-әрекеттегі зерттеудің көптеген түсініктемелері бар. Бірақ барлық жағдайларда көңіл түбінде бір ықылас-ниет тұрады, ол – зерттеуші-практиктің ойына алған проблемаға жауап ретінде тәжірибені өзгертуі. Іс-әрекеттегі зерттеудің тағы бір маңызды ерекшелігі – оны іс-әрекетке қатысты оқытушылар немесе оқушыларды зерттейтін сырттан келген зерттеу тобы емес, сол ұйымдағы не қоғамдағы мүше немесе сол ұжымның өзге мүшелерінің қатысуымен жүзеге асырылатынында. Мектеп базасындағы іс-әрекеттегі зерттеу адамдардың іс-әрекеттері мен оқытушылардың тап болған әлеуметтік жағдайларын зерттеумен байланысты. Кей жағдайларда мүлде орынсыз өзгерістерге сезімтал немесе нақты әрекет етуді талап ететін жағдайлар зерттеуге түрткі бола алады. Осыған сәйкес, іс-әрекеттегі зерттеу оқытушылар күнделікті қызметте кездестіретін тәжірибелік проблемаларға арналған, сонымен қатар әдіснамасы зерттеу құралдары мен стратегияларының белгілі бір топтамасынан гөрі, зерттеуге нұсқаулық ретінде белгіленетін икемді зерттеу тәсілі болып табылады. Іс-әрекеттегі зерттеу мұғалімдерге жүйелі түрде тәжірибе туралы ойланудың күшін көрсете алады. Бұның бәрі барлық мұғалімдердің оқытушы мамандығымен байланысты проблемаларға психологиялық тұрғыдан дайын болатындығымен түсіндіріледі. Оқытушы кәсібінің табыстылығының құпиясы – үздіксіз өсу және білім алуда. Оқытушылар үшін іс-әрекеттегі зерттеу практикалық тәжірибені пайдалана отырып, одан әрі өсу және оқуды жалғастыру тәсілі болып табылады. Іс-әрекеттегі зерттеу оқытушы қатысқан кез келген сәттен басталады және зерттеудің қажетті деңгейде алға жылжу жылдамдығы да оқытушының қалауына қатысты.

Сонымен, іс-әрекеттегі зерттеу: әрекеттер мен олардың салдарын жүйелі түрде зерттеумен қоса, оқыту мен оқуды жетілдіру мақсатында іс-әрекетті орындау үдерісі; негізінен өз тәжірибесін жетілдіру үшін өзінің жұмыс орнындағы деректерді талдайтын практик-мамандар әзірлейді және жүргізеді; бұл қолданбалы зерттеудің түрі, зерттеуге жүргізілу мақсатымен жақсы таныс зерттеуші де белсенділікпен қатысады; антропология, социология және этнография саласында қалыптасқан сапалы зерттеулердің бай дәстүрлері тұрғысынан қарастырылады [2].

Сондай-ақ, іс-әрекеттегі зерттеу барысында зерттеуге алынған оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту басты мақсат етіп алынды. Action Research жобасының координаторы Каршалова Ж.А. және әріптестерім Жалмаханова С.А., Шаманова О.Р. ықпалымен 2015 жылдың қаңтар айынан бастап осы жобаның мүшесі атандық. Бұл жобаға алғаш рет

қатысқандықтан қарапайым мәселелерді шешуден бастадық. Сондықтан сыныпта жиі кездесетін қиындықтарды анықтау үшін 12 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, сыныпта қиындық тудыратын 2 оқушы анықталды. Таңдалған оқушылармен бекітілген жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді.

Негізгі міндет – тақырып бойынша мағлұмат бере отырып, практикалық жұмысқа баулу, жеке жұмыс арқылы бірлескен жұмысты ұйымдастыру, оқушыларға еңбекқорлық туралы түсінік қалыптастыру, сыни ойлауға жетелеу.

Зерттеу барысында оқушыда мынадай қиындықтар анықталды: оқушы практикалық жұмыс барысында өз ойын білдіретін сұрақтарға толық жауап беруде қиналатынын байқатты. Нәтижесінде сыни тұрғыдан ойландыратын сұрақтар жауабын жазу арқылы жазылым дағдысын дамытты.

Деректерді жинау қандай да бір өзгерістер немесе іс-әрекеттер, шешім қабылдауда маңызды рөл атқарды. Жинақталған сапалық және сандық деректер сыныпта немес мектепте не болып жатқанын түсінуге көмектесе алды. Деректерді жинауды жоспарлауда ең алдымен зерттеу әдістері дұрыс таңдалды. Мектеп бойынша сыныптар арасынан ақпараттар алынды, қай салада зерттеу қажеттілігі зерттеу мақсатына сай таңдалды. Деректерді жинау әдістерін таңдауда мына факторлар назарға алынды: 1) зерттеу бағытына сай қажетті мәліметтер жиналып, зерделенді.

2) қолдағы бар мәліметтер талқыланды. Алдыңғы зерттеулердің нәтижелері қаралды, зерттеу барысындағы жиналған мәліметтермен салыстырылды.

3) қатыстырылым және тереңдік ескерілді. Деректерге кімдер қатыстырылды (оқушы/мұғалім/ата-ана), олар жас ерекшеліктеріне, қызметіне, жынысына қарай іріктелді.

4) уақыт шегі – зерттеу жұмысына аталған мәселелер бойынша дерек жинауға қанша уақыт қажет екендігі нақтыланды.

5) адами ресурстар – зерттеу жұмысына таңдалған әдіс жайындағы мағлұматтарды толық зерттеушінің өзі білуі және зерттеушілік дағдыны қалыптастыруға өте мән берілді.

Келесі зерттеу барысы сандық және сапалық деректерге тоқталады.

Сандық деректердің артықшылығы зерттеу сұрағы бойынша нақты объективті сандық мәліметтер. Бұл жұмыс барысына анализ, мониторинг жасауға мүмкіндік береді. Сандық деректер жинауда стандартты құралдар: сауалнама және тестілеу әдісі қолданылды. Сауалнама мен тест сұрақтары алдын ала құрастырылды. Сауалнама сұрақтары және тест тапсырмалары құндылығы әріптестер талқылауынан өткізілді. Сұрақтар тапсырмалар нақты яғни соңғы нәтижемен салыстыруға икемді. Деректерді жинау барысында

сандық деректердің мектептің бастапқы жағдайын анықтауда жедел де нақты ақпарат көзі екендігін айта кетуіміз маңызды.

Зерттеу барысында сандық деректермен қатар сапалық деректерге, яғни хабарлы деректерге де жақсы мән берілді. Хабарлы деректер әртүрлі пішіндерде әртүрлі көздерден алынды. Мысалы: - жеке сұхбаттасу кезінде алынған мәліметтер; - құжаттар, яғни оқушылардың бақылау жұмыстарын қарау кезінде анықталған мәліметтер.

Алдын-ала дайындалған тізім бойынша деректер жинақталды. Сапалық деректер нақты проблеманы, белгілі бір іріктелген адамдар тобымен зерттеуге мүмкіндік берсе, сұхбат арқылы алынған сапалық деректер адамдардың туындаған проблема бойынша өз пайымдауларын түсіндіруге, өзінің қатысын анықтауға, олардың басымдықтарын талдауға мүмкіндік береді. Сапалық деректер икемді болғандықтан, деректер жинау барысында зерттеу құралдары, хаттамаларға анықталған мәселелер бойынша толықтырулар мен өзгертулер енгізуге мүмкіндік болды. Зерттеу жұмысы барысында жалпы құрылымды сақтай отырып, жүйелі талдау жасауға болады. Сандық деректер туындаған проблема жайлы тек сандық мәліметтер берсе, сапалық деректер зерттеу мәселесі бойынша қандай проблема бар екендігін анықтады. Яғни, сапалық деректер проблеманың туындау себебін анықтауға, салдарын терең зерттеуге тиімді.

Жоғары мектепте биология курсы оқушыларда төменде берілген негізгі практикалық дағдыларды дамытуға арналған:

1. Тәжірибені жоспарлау (зерттеу мақсаттарын немесе зерттеу мәселесін қалыптастыру, тәуелсіз және тәуелді айнымалыларды анықтау);

2. Ақпаратты реттеу (қажетті материалдар мен әдістерді таңдау)

3. Деректер мен нәтижелерді жазу және беру (өлшеулер мен бақылаулар өткізу, деректерді кестеде көрсету, статистикалық талдауды пайдалану және графиктер құру)

4. Талқылау, бағалау және қорытынды (деректерді сипаттау, талдау және түсіндіру, нәтижелерді түсіндіру, технологиялар немесе дизайнды жақсарту бойынша ұсыныстар, мүмкіндіктер мен нәтижелерді шектеу, салдарлар/нәтижелерді қолдану)

Практикалық жұмыс түрлері:

(LW)–зертханалық жұмыстар (сыныпта барлық тәжірибелерді қоса)

(FW)–далалық жұмыстар (сыныптан тыс барлық тәжірибелерді қоса, мысалы таза ауада)

(D) - демонстрация (оның ішінде мұғалім және оқушылар өткізетін таныстырулар)

(М)–модельдеу (оның ішінде виртуалды зертханаларды пайдаланып симуляциялар, 3D-үлгілеу, нысандар мен процестерді компьютерлік үлгілеу және т.б.) [2].

Практикалық жұмыстарды (тек қана LW үшін) орындауға арналған шаблон

Атауы

- Жұмыс мақсаты/зерттеу сұрағы
- Гипотеза
- Айнымалыларды анықтау
- Әдебиет шолуы (қысқаша, абзацтан көп емес)
- Материалдар мен жабдықтар (тіке/таңбаланған тізімде атау)
- Қатерлерді бағалау (қауіп-қатердің көзі, ықтималдылығы және төмендету шаралары)
- Жұмыс барысы (жұмыстың орындалуын тәртіп бойынша қадамдап сипаттау)
 - Деректер мен нәтижелер
 - деректерді жинау (кесте түрінде, сипаттама бақылаулармен қоса); деректерді талдау, өңделген деректердің презентациясы (деректердің графикалық түрге көрсетілуі).

Қорытынды

- гипотезаның дәлелделінуі/теріске шығарылуы туралы қорытынды;
- алған нәтижелердің тиісті әдебиеттермен салыстыру.

Талқылау

- алынған деректерді сипаттау, талдау және интерпретациясы;
- алынған нәтижелерді түсіндіру;
- осы жұмыс салдары мен қолданылуын сипаттау.
- Зерттеу әдістерін бағалау
- зерттеу тәсілдерінің/жұмыс барысының кемшіліктерін атау;
- әдісті/жұмыс барысын қалай жақсартуға болатыны туралы ұсыныстар.

Action Research координаторларымен кеңесіп сыныптағы қиындық анықталып, іс-әрекеттегі зерттеу жалғасын тапты. Зерттеу жобасына тек 2 оқушы ғана қамтылды. Біз іс-әрекеттегі зерттеу жобасы аясында өткізілген бірнеше бас қосулардың нәтижесінде жоба координаторлары кеңесі мен ресурстары көмегіне жүгіндік. Іс-әрекеттегі зерттеу барысында жоғарыда көрсетілген жоспар бойынша таңдалған оқушылармен жұмыстың 1-ші кезеңі жасалды. Аталған 12 сынып оқушылары практикалық дағдысын шыңдау арқылы өз ойларын толық жеткізе алды, практикалық жұмыстарды өз деңгейінде орындады. Оқушылар практикалық жұмысты орындап, мақсаты

мен гипотезасын тұжырымдап сыни тұрғыдан ойлана отырып өз ойын жазады. Мен практикалық жұмысты қалай жасаймын және оның нәтижесі қандай болмақ? деген сауалға жауап жазады және қызығушылықпен жұмыс жасайды. Бұл өте тиімді және қызықты жұмыс болды. Жұмыс мақсаты, гипотеза және қорытынды жазу арқылы оқушы ойын нақтылайды. Нәтижесінде сөздерді тиімді пайдалана отырып, жауабын толықтырады. Бұл жұмыс оқушының шеберлік, икемділік және жазылым дағдыларын дамытады.

Дағдыларды пайдалану арқылы практикалық жұмыстарды орындау және жоғарыдағы көрсетілген реттілік бойынша жұмысты рәсімдеу оқушының бойындағы жазылым дағдыны қалыптастыру мен өз ойын толық жинақтауда алар орны ерекше. Практикалық жұмыстардың тәуелді, тәуелсіз және басқарылатын айнымалыларын анықтау оқушының жұмысты ұқыптылықпен жасауын талап етеді. Жұмыстар өз деңгейінде орындалғанда ғана тиісті нәтижеге қол жеткіземіз.

Қазіргі таңда әр пәннің өзіне тән шартты ғылыми тілі қалыптасу үстінде. Ал пән мазмұнын ұғындыруда академиялық тіл оқушылардың ойлау қабілетін жақсартудың негізгі құралы болып табылады. Пән мен академиялық тіл мазмұнын үйрену оқушылардың тілді меңгеруге және үйрену үдерісін жақсы басқаруға көмектеседі. Ғылыми тіл – пәннің мазмұнын оқып үйрену және ойлау мен пәндік мазмұнның негізгі ұғымдарымен жұмыс істеу қабілетін жақсарту үшін қолданылатын негізгі құрал. Оқушылардың көпшілігін олардың ғылыми тіл мен пән мазмұнын игеру үшін білім алу үдерісінде үнемі қолдау көрсетілуі қажет. Оқушы жұмысы жоғары дәрежеде орындалу үшін әр тарау бойынша оқу мақсаттарына негізделген тілдік мақсаттарды біртіндеп оқушыларға үйретуден бастау нәтижелі болады. Тілдік мақсаттар ғылыми тілді үйрену үшін маңызды құрал болып табылады. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсетулері қажет.

Іс-әрекеттегі зерттеу – Action Research бойынша жұмыс сәтті аяқталып, келесі оқу жылында да жалғасын тапты. Практикалық жұмыстарды орындау арқылы сыни тұрғыдан ойлауын, жазылым дағдылары арқылы дамыту үшін, әр түрлі әдістер жоспарланды. Action Research жобасындағы мұғалімдер өз зерттеулерімен таныстыру барысында зерттеудегі қиыншылықтар мен нәтижелер талқыланды және зерттеушілер бір-бірінің іс-тәжірибелерінің

нәтижесін бағалау арқылы тәжірибе алмасты. Практикалық жұмыстарды жасату және оны рәсімдеу арқылы жазылым дағдысын дамыту – ең басты міндетім болды және зерттеулер соңында өз мақсатым орындалды. Себебі, сыртқы жиынтық бағалау жұмысының нәтижесі әрқашанда маңызды болды. Нәтижесінде оқушыларымның СЖБ барысында жазған жұмыстары өте құнды айғақ екендігін айта аламын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Екінші (Орта) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012

2. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау. Мұғалімдерге арналған әдістемелік ұсыныстар. Астана 2014

3. <http://www.zkoipk.kz/ru/confnis1s/719-conf.html>

4. http://us.kz/publ/ashy_saba_tar/ozin_oz_i_tanu/syn_t_r_ysynan_ojlau_da_dylaryn_damytu_raldary/33-1-0-6072

SARSENBAIEVA A.S. ПРИМЕНЕНИЕ РЕЗУЛЬТАТОВ ПРАКТИЧЕСКОЙ РАБОТЫ ПО БИОЛОГИИ НА ОСНОВЕ ИССЛЕДОВАНИЙ «ACTION RESEARCH»

В данной статье определяется круг исследовательских навыков и их структур для использования на уроках биологии в старших классах. Описывается, как практические исследования в области биологии «Action Research» применяются для развития критического мышления. Основная задача заключается в обсуждении проблем и результатов исследования, а также в их описании на всех этапах. Такого рода практическое исследование направлено на изучение прикладных аспектов биологии, разработку и анализ представленных в письменном виде научных данных, и способствует формированию личности ученого-исследователя.

Ключевые слова: биология, ученик, действие, исследование, познание, ценности, критическое мышление, технология, метод, учитель, наука, школа

SARSENBAIEVA A.S. LEARNING THE CORRECT APPLICATION OF THE RESULTS OF PRACTICAL WORK ON BIOLOGY BASED ON ACTION RESEARCH

This article outlines the definitions of research skills and their structures in the biology lessons of high school students. Action Research focuses on everyday practical problems that teachers face and, in essence, is a flexible research approach, the methodology of which is defined more as a focus on research rather than a specific set of research tools and strategies. Action research: examining the consequences of their actions on a regular basis in order to improve the teaching and learning process; to do mainly to improve the experience of their own practitioners in the workplace for developing and analyzing data; This type of applied research, research is conducted in order to actively participate in a well-known researcher; Anthropology, sociology and ethnography is considered in the context of high-quality research in the field of rich traditions.

Keywords: Biology, student, action, research, values, critical thinking, technology, method, teacher, science, school

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

Гулназия Исабаева – Тунку Абдул Рахман университеті, Ли Конг Чиан атындағы инженерлік-ғылыми факультетінің «Химиялық инженерия» кафедрасының доценті, философия ғылымдарының докторы (химиялық технология). Малайзия Каджанг қ.

Чен Ка Пин – Тунку Абдул Рахман университеті, Ли Конг Чиана атындағы инженерлік-ғылыми факультетінің «Машина жасау және материалтану» кафедрасының аға оқытушысы, философия ғылымдарының докторы (алдыңғы қатарлы материалдар). Малайзия, Каджанг қ.

Нира Чопра – Венгрия Ұлттық мемлекеттік қызмет университетінің докторанты. Венгрия, Будапешт қ.

Смағұлова Р.А. – Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Шымкент қ.

Көпбосынов Б.К. – Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің магистр-мұғалімі, директордың орынбасары, Шымкент қ.

Тұрмаханова С.Ә. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Мектепке дейінгі тәрбие және дефектология» кафедрасының аға оқытушысы п.ғ.к.;

Байтұрсынова Н.У. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

Алпамысова Г.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті жаратылыстану факультетінің деканы, «Биология» кафедрасының доценті, ауыл шаруашылығы ғ.к.;

Байсеитова Н.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Биология» кафедрасының меңгерушісі, б.ғ.к., доценті,

Халила Ә.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Биология» кафедрасының профессоры, б.ғ.д.

Әлібек А.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Химия» кафедрасының магистр-оқытушысы.

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

Алдаберген М.Н. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, т.ғ.к. ҚР тарих және қоғамдық ғылымдар Академиясының академигі.

Есимова А.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы және қоғамдық пәндер» кафедрасының доценті, т.ғ.к.;

Валитова З.Х. – Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті «Саясаттану және әлеуметтану» кафедрасының доценті, әлеуметтік.ғ.к.

Тажекова А.Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «География» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к.;

Нәлібаев К.Қ. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «География» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.к.;

Алимбекова Г.Т. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «География» кафедрасының магистр-оқытушысы.

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

Абдыханов У.К. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, филол.ғ.к.;

Алтынбекова Г.К. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті орыс тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, филол.ғ.к.

Кажиақбарова Р.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к.;

Үсенбаева С.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.;

Айдарова А.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының магистр-оқытушысы.

Кучукова З.А. – Х.М.Бербекова атындағы Қабардино-Балқар мемлекеттік университеті «Орыс және әлем әдебиеті» кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы. Кабардино-Балқар Респ., Нальчик қ. Ресей,

Масалиева Ж.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, «Мектепке дейінгі тәрбие және дефектология» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к.

Нарожная В.Д. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Орыс тіл мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.д.

Кадеева М.И. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Орыс тілі мен әдебиеті» кафедрасының доценті, ф.ғ.к., Шымкент қ.;

Бексейтова А.Б. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты «Ағылшын тілі» кафедрасының магистр-оқытушысы.

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

Есіркепов Ж.М. – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, п.ғ.к., Қызылорда қ.

Тұрдалиев А.М. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Музыкалық білім» кафедрасының аға оқытушысы, Мәдениет майталманы;

Жақсыбекова С.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті «Музыкалық білім» кафедрасының аға оқытушысы.

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

Қонысова С.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистр-оқытушысы;

Абдікәрімова А.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистр-оқытушысы;

Бейсенбаева Ж.А. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистр-оқытушысы.

Аділбай Ұ.Н. – Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушысы, Шымкент қ.;

Түкібаева Б.А. – Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің биология пәнінің магистр-мұғалімі, Шымкент қ.

Алтаева А.С. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің студенті;

Мыңбаева А.П. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының аға оқытушы, философия докторы (PhD).

Шәмші Г.Ж. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің магистранты;

Ибрагимов Р. – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің «Математика» кафедрасының доценті, п.ғ.д.

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕСІ

Сарсенбаева А.С. – Шымкент қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің биология пәнінің магистр-мұғалімі, Шымкент қ.

НАШИ АВТОРЫ

ПЕДАГОГИКА И ПСИХОЛОГИЯ

Исабаева Гулназия – Университет Тунку Абдул Рахмана, инженерно-научный факультет имени Ли Конг Чиан, доцент кафедры «Химической инженерии», доктор философских наук (химическая технология). Малайзия г. Каджанг

Чен Ка Пин – Университет Тунку Абдул Рахмана, инженерно-научный факультет имени Ли Конг Чиана, старший преподаватель кафедры «Машиностроения и материаловедения», доктор философских наук (передовые материалы). Малайзия г. Каджанг

Нира Чопра – докторант Венгерского национального университета государственной службы. Венгрия, г. Будапешт

Смагулова Р.А. – учитель казахского языка и литературы, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, г. Шымкент.

Копбосынов Б.К. – учитель-магистр казахского языка и литературы, заместитель директора Назарбаев Интеллектуальной школы физико-математического направления, г. Шымкент.

Тұрмаханова С.Ә. – старший преподаватель кафедры «Методики начального образования» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.п.н., г. Шымкент.

Байтурсынова Н.У. – магистрант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент

ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ И МАТЕМАТИКА

Алпамысова Г.Б. – канд. с.-х. наук, доцент, декан факультета естественных наук Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Байсеитова Н.М. – канд. хим. наук, доцент, зав. кафедрой «Биологии» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Халила А.Н. – докт. биол. наук, профессор кафедры «Биологии» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Алибек А.С. – магистр-преподаватель кафедры «Химии» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

**ИСТОРИЯ И ОБЩЕСТВЕННЫЕ ДИСЦИПЛИНЫ.
ПРАВО И ЭКОНОМИКА**

Алдабергел М.Н. – канд. ист. наук, акад. Академии истории и общественных наук РК, доцент кафедры «Истории Казахстана и общественных дисциплин» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Есимова А.Б. – канд. ист. наук, доцент кафедры «Истории Казахстана и общественных дисциплин» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Валитова З.Х. – канд. соц. наук, доцент кафедры «Политологии и социологии» Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова, г. Караганда.

Тажекова А.Д. – канд. геогр. наук, зав. кафедрой «Географии» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Налибаев К.К. – канд. пед. наук, старший преподаватель кафедры «Географии» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент;

Алимбекова Г.Т. – магистр-преподаватель кафедры «Химии» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

ЯЗЫКОЗНАНИЕ И ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ

Абдыханов У.К. – канд. филол. наук, доцент кафедры «Русского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Алтынбекова Г.К. – канд. филол. наук, старший преподаватель кафедры «Русского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Кажиақбарова Р.Б. – доцент кафедры «Казахского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, к.ф.н., г. Шымкент.

Усенбаева С.С. – канд. филол. наук, старший преподаватель кафедры «Казахского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Айдарова А.А. – магистр-преподаватель кафедры «Казахского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Кучукова З.А. – докт. филол. наук, профессор кафедры «Русской и зарубежной литературы» Кабардино-Балкарского государственного университета имени Х.М.Бербекова, Кабардино-Балкарская Респ., г. Нальчик Россия,

Масалиева Ж.А. – канд. филол. наук, зав. кафедрой «Методики начального образования» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, Шымкент.

Нарожная В.Д. – докт. филол. наук, доцент кафедры «Русского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Кадеева М.И. – канд. филол. наук, доцент кафедры «Русского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Бексейтова А.Б. – магистр-преподаватель кафедры «Английского языка» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОЕ ИСКУССТВО. КУЛЬТУРА И СПОРТ

Есиркепов Ж.М. – канд. пед. наук, доцент Кызылординского государственного университета имени Коркыт Ата, г. Кызылорда.

Турдалиев А.М. – деятель культуры, старший преподаватель кафедры «Музыкального образования» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Жаксыбекова С.С. – старший преподаватель кафедры «Музыкального образования» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

ПОИСКИ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Конысова С.А. – магистр-преподаватель кафедры «Английского языка» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Абдукаримова А.А. – магистр-преподаватель кафедры «Английского языка» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Бейсенбаева Ж.А. – магистр-преподаватель кафедры «Английского языка» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Адилбай У.Н. – учащийся Назарбаев Интеллектуальной школы физико-математического направления, г. Шымкент.

Тукибаева Б.А. – магистр-учитель биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, г. Шымкент.

Алтаева А.С. – студент Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Мынбаева А.П. – доктор философии (PhD), старший преподаватель кафедры «Казахского языка и литературы» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Шәмші Г.Ж – магистрант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

Ибрагимов Р. – докт. пед. наук, доцент кафедры «Математики» Южно-Казахстанского государственного педагогического университета, г. Шымкент.

**МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ
В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ СРЕДНИХ ШКОЛАХ**

Сарсенбаева А.С. – магистр-учитель биологии, Назарбаев Интеллектуальная школа физико-математического направления, г. Шымкент.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – CONTENTS

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ

<i>Issabayeva Gulnaziya, Chen Kah Pin</i> Outcome based education (obe) implementation in the curriculum of the engineering programmes issues in malaysia.....	3
<i>Neera Chopra</i> Risk Management in Higher Education in India.....	10
<i>Смағұлова Р.А., Көпбосынов Б.К.</i> Тілдік пәндерді оқытудағы кіріктірілген бағдарлама мен критериялды бағалауды жүзеге асыру.....	21
<i>Тұрмаханова С.Ә., Байтұрсынова Н.У.</i> Мектеп жасына дейінгі балаларда кездесетін тіл кемістіктері және олармен жүргізілетін түзету жұмыстары	29

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА

<i>Алпамысова Г.Б., Байсеитова Н.М., Халила Ә.Н.</i> Жұмыр құрттардың табиғатта таралуын зерттеу әдістемелерін жетілдіру.....	34
<i>Әлібек А.С.</i> Күрделі-аралас тыңайтқыштар өндірісінің физика-химиялық негіздері.....	40

ТАРИХ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПӘНДЕР. ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА

<i>Абдыханов У. К.</i> Сингапур – шығысаязиялық жолбарыстарының бірі.....	50
<i>Алдаберген М.Н.</i> Рухани жаңғырудағы Өзбекәлі Жәнібековтың өмірі мен шығармашылық мұрасының маңызы.....	55
<i>Есимова А.Б., Валитова З.Х.</i> Динамика структуры образования в Казахстане.....	72
<i>Тажекова А.Ж., Нәлібаев К.Қ., Алимбекова Г.Т.</i> Марко Поло саяхаттарының тарихи-географиялық маңызы.....	80

ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ

<i>Абдыханов У. К., Алтынбекова Г. К.</i> Лейтмотив мировой литературы: душевная тревога за судьбы мира.....	85
<i>Кажиақбарова Р.Б., Үсенбаева С.С., Айдарова А.А.</i> Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша» романындағы ана мен бала бейнесі.....	90
<i>Кучукова З.А.</i> Современное литературоведение: художественное отражение истории формирования и состояния казахской интеллигенции в XX веке.....	99
<i>Масалиева Ж.А.</i> Әліпби – «Таңбалардың жұмағы».....	104
<i>Нарожная В.Д., Кадева М.И.</i> Топонимия и лингвокраеведение в трудах В.Н. Поповой.....	114
<i>Bekseytova A.B</i> The use of gaming technology in english lessons for elementary school.....	122

КӘСІПТІК БІЛІМ, БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ. МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ

<i>Есиркенов Ж.М.</i> Физическая работоспособность юных баскетболистов в подготовительном периоде.....	130
<i>Тұрдалиев А.М., Жақсыбекова С.С.</i> Музыкалық сауаты жоқ студенттерге баян аспабын үйрету мәселелері	139

ЖАС ҒАЛЫМДАР ІЗДЕНІСІ

<i>Konysova S.A., Abdukarimova A.A., Beysenbaeva Zh.A.</i> Content and language integrated learning.....	147
<i>Адилбай Ұ.Н., Тукибаева Б.А.</i> Қазақстанда кездесетін бөдене құсының шығу тегін анықтау.....	153
<i>Алтаева А., Мыңбаева А.П.</i> Мектеп оқушыларының тілін сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы дамытудың ұстанымдары.....	160
<i>Шәмші Г.Ж., Ибрагимов Раскул</i> Болашақ математика мұғалімін сандық білім беру ресурстарын пайдалануға даярлау.....	165

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

<i>Сарсенбаева А.С.</i> Action research зерттеулері негізінде биология пәнінде практикалық жұмыс нәтижелерін дұрыс рәсімдеуді меңгерту.....	172
БІЗДІҢ АВТОРЛАР	179
НАШИ АВТОРЫ	183

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

№3-4 (17-18)

Басуға 24.12.2018 жылы қол қойылды. Қаріп түрі «Times New Roman»
Көлемі 11,87 шартты баспа табақ. Таралымы 300 дана. Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының шағын баспаханасында
басылды.

Тапсырыс № 164 – Шымкент қаласы, Ф. Іляев көшесі, 16